

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
QAZAQ ÄDEBIYETINIŇ ÖZEKTİ MÄSELELERİ

ARTİKEL AKADEMİ:216

Қазақ Әдебиетінің Өзекті Мәселелері
Qazaq Ädebiyetiniñ Özekti Mäseleleri

EDİTÖR

Doç. Dr. Ekrem Ayan

ISBN 978-625-8088-59-5

Birinci Basım: Aralık - 2022

Ofset Hazırlık: Artikel Akademi

Baskı ve Cilt: Net Kırtasiye Tanıtım ve Matbaa San. Tic. Ltd. Şti.
Gümüşsuyu, İnönü Caddesi & Beytül Malcı Sokak 23/A,
34427 Beyoğlu/İstanbul
Matbaa Sertifika No: 47334

Artikel Akademi bir Karadeniz Kitap Ltd. Şti. markasıdır.

©Karadeniz Kitap - 2022

Akademik etik kurallara
bağlı kalınarak yapılacak olan alıntılar ve tanıtım maksadıyla yapılacak
olan kısa alıntılar dışında, yazılı izni alınmadan, tümünün veya bir
kısmının elektronik, mekanik ya da fotokopi yoluyla, basımı, yayımı,
kopyalanması, çoğaltımı veya dağıtımı yapılamaz.

KARADENİZ KİTAP LTD. ŞTİ.
Koşuyolu Mah. Mehmet Akfan Sok. No:67/3 Kadıköy-İstanbul
Tel: 0 216 428 06 54 // 0530 076 94 90

Yayıncı Sertifika No: 52549
mail: info@artikelakademi.com

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
QAZAQ ÄDEBIYETİNİŇ ÖZEKTİ MÄSELELERİ

РЕДАКТОР

ДОЦ. ДР. ЭКРЕМ АЯН

БӨЛІМ АВТОРЛАРЫ

ӘБЕЛДАЕВ Ж.

ТЫМБОЛОВА А.О.

БАЛТОҒАЕВА Ж.Е.

ИМАНҚҰЛОВА С. М.

ІСІМАҚОВА А.С.

РАМАЗАНОВА Ш.

САЛҚЫНБАЙ, А.Б., КАСПИХАН, Б.

САЛҚЫНБАЙ А. Б.

САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӨРСЕНБАЙ Ж.А.

МАЗМҰНЫ

Алғы Сөз VII

БӨЛІМ – 1

ЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҒАР»

РОМАНЫҢДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ИДЕЯСЫ

Әбелдаев Ж 9

БӨЛІМ – 2

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АҚ ӨЛЕҢНІҢ

СИПАТЫ МЕН БИЛЕР ДИСКУРСЫ

Тымболова А.О. 21

БӨЛІМ – 3

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ӨТІРІК ЕРТЕК»

ПОЭМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Балтоғаева Ж.Е 45

БӨЛІМ – 4

БІЛІМ НЕГІЗІ ОҚУЛЫҚТА

Иманқұлова С. М. 63

БӨЛІМ – 5

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ : «ЖАЗҒАН СӨЗ

ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА»

Ісімақова А.С 81

БӨЛІМ – 6

«ЖЕТИ ҚАҒАН» ЖЫРЫНЫҢ СЫР-СИПАТЫ

Рамазанова Ш. 115

БӨЛІМ – 7

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ

«УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Салқынбай, А.Б., Каспихан, Б. 135

БӨЛІМ – 8

ШАҢКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «СЫР»

ҚАЛАСЫ: АР ІЛІМІ

Салқынбай А. Б. 151

БӨЛІМ – 9

ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ

Салқынбай А.Б., Сәрсенбай Ж.А. 201

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиетінің негізі қазақтың тәуелсіздік күресімен тікелей байланысты. Кезінде тәуелсіздік үшін күрескен қазақ халқы осы күресті қаламымен жалғастыра білген сирек халықтардың бірі. Қазақстанның тәуелсіздігі Алаш қайраткерлерінің қаламымен алынды. Қазақ халқының тілін, дінін, мәдениетін өлеңдермен, хикаяттармен, романдармен сақтауға тырысты. Ел бірлігі мен ынтымақтың іргетасы оқу арқылы қаланды. Ұлттық сезім әдеби шығармалармен жаңғырып, тәуелсіздік үшін күрестің негізгі қайнар көзі болды. Әдебиет күдіреті жүректе көрінеді. Жүректегі күш денені құлшынысқа бөлейді. Қиыншылықты бастан өткерген халықтың өмірінің қайнар көзі, болашақ үміті әдеби шығармалармен сақталды. Әдебиет ой көкжиегінің дамуы мен азат ойдың қайнар бұлағын қалыптастыру арқылы тәуелсіздік отын алаулаған.

Бұл зерттеуде Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсын, Шәкерім Құдайберді, Илияс Есенберлин сынды қазақ әдебиетінің маңызды өкілдері мен олардың шығармалары туралы зерттеулер бар. Бұл еңбектерден басқа көне түркілердегі «уақыт» мәселесіне баса назар аударылды. Поэзия мен кино туралы да тамаша туындылар бар.

Қараша – 2022
Доц. Экрем Аян
Редактор

БӨЛІМ 1

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҺАР» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ИДЕЯСЫ

ӘБЕЛДАЕВ ЖЕҢІСБЕК

**ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҺАР»
РОМАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ИДЕЯСЫ**

Әбелдаев Жеңісбек

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Түрксой
кафедрасы, Қазақстан, Алматы*

E-mail: zheka75akim@gmail.com

Қазақтың көрнекті жазушысы, тарихи романның негізін салушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романындағы қазақтың ұлттық бірегейлігін анықтауға ықпал етуші факторларды жан-жақты қарастыру өте өзекті мәселе. Қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығы мен қазақтардың тәуелсіздік жолындағы күресі қазақтың соңғы ханы Кенесарының басшылығы кезіндегі уақиғалармен тығыз байланыстырылып, қазақтың ұлттық бірегейлігін анықтауды мақсат еттік.

Қазіргі таңда тарихты қайта зерделеу проблемасы күн тәртібіне қойылды. Жаһандану үдерісінде ұлттық рухымыз бен құндылықтарымыздың жойылып кетпеуі себепті ұлттық сана, ұлттық код және ұлттық бірегейлік мәселелерін тарих, дінтану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, психология, антропология, этнография және көркем әдебиет тұрғысынан жаңаша сипаттап, синтездеу арқылы жаңғырту ісі мемлекеттік деңгейде көтеріліп отыр. Адамзаттық құндылықтар мен адамтану коцепцияларына бағытталған жаңаша нормалар мен жорамалдарды жүзеге асыру парадигмасы өткір тұр. Осы проблемаларды шешуде көркемөнердің, соның ішінде әдебиеттің атқарар жүгі мен жауапкершілігі өте жоғары.

Әдебиет – қоғам айнасы, белгілі бір дәуірдің көркем шындығы болғандықтан, оны құрайтын көркем шығармалардың әрқайсысының көтеретін жүгі бар. Тарихсыз халық, ұлт болмайтыны секілді, әдебиетсіз мәдениет де болмайды. «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда дейді, - жазушы Ғ.Мүсірепов, - ұлт ұлы болып есептелмейді. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуы керек» [1]. Содан болар еліміз тәуелсіздігін алып, жаңарып жатқан кезде оның тарихи ақиқатының қайнар бастауына бет бұруы, яғни примордиализм мен эссенциализмге иек арта отырып ұлт-этнос түсінігіне, одан әрі конструктивизм мен инструментализмге бағыттталып ұлт-мемлекет тұжырымын ұстануы орынды деп санаймыз.

Егемендігіне қол жеткізген кез келген ұлт өткенін саралай бастағанда оның алғаш жүзеге асыратын ісі - өзінің құндылықтарын түгендеуі. Демек, әр ұлттың бірегейлік деңгейі оның ұлттық құндылығының деңгейімен өлшенеді десек қателеспейміз. Осы турасында белгілі фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасов былай деп пікір білдіреді: «Әлемдік тәжірибеге қарасақ, бодандықта көп болып, тәуелсіздікке жеткен мемлекеттер өз өмірінің алғашқы 20-30 жылында тарихи сананы, тарихи жадты қайтаруға, өзінің ұлттық болмысын нығайтуға күш салады» [2].

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың алғашқы ширегі - посткеңестік елдердің тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп, өз мемлекеттігін құру жолындағы қиын-қыстау арпалысы басталып кеткен кезге дәп келеді. Мемлекет құру жолында түрлі саяси-идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани бағыттарды ұстанған бұл елдер өздерінің талайы тарихына көз жүгірткендері тарихи шындық. Оларды шешу жолында сан түрлі әдістерге бет бұрғандығы кәміл. Әсіресе, осы елдердегі тарихи сананы жаңғырту мәселелері түрлі жолдармен шешіліп жатыр. Соның ішінде Қазақстан Республикасы өте орынды стратегиялық бағдарламалар мен идеологиялық тактикаларды сәтті қолданып келеді. Айрықша, қазақ елінің тарихи сананы жаңғырту тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

Тарихи сананы жаңғырту арқылы мәдени-рухани мәселелердің шешілуіне ерекше ден қойылуда. Осы тұста көркем әдебиеттің де сүбелі үлесі бар екенін айта кету керек. Дегенмен ол, әріректе, кеңестік кезеңде сана жаңғыруын бастап кеткен еді. Тарихи сананың жаңғыруында тарихи романдардың алар өзіндік орны бар.

XX ғасырдың толымды уақиғаларының ең ірісі - Илияс Есенберлиннің тарихи романдарының ұлттық рухани өмірімізді дүр сілкіндіріп, сана сілкінісіне әкелген құбылысы еді. Коммунистік идеологияның қылышынан қан тамып тұрған тұста тарихи шындық былай тұрсын, қандайда бір тарихи дерек яки тұлға туралы айтудың өзі саяси қателік ретінде қабылданды. Соғыстан кейінгі жылдары, әсіресе XX ғасырдың 50-ші жылдары «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» ғылыми еңбегі үшін «буржуазиялық ұлтшылдықпен» айыпталған қазақ халқының біртуар ұлы, тарихшы-ғалым Ермұқан Бекмахановтың ерлігі қазақ халқының санасын дүр сілкіндіргенін ешкім ұмыта қойған жоқ. Оның соңын қуа тағы бірнеше тарихшы-ғалым тұтқындалған болатын. Осындай жөнсіз айыптаулар, тексерулер мен тергеулердің соңы теперіш пен қуғын-сүргінге алып келіп жатқанда І.Есенберлин өз өмірін қатерге тігіп, күллі қазақ халқының арман-мұратын жүзеге асырды. Оның тарихи шығармаларының құдірет-қарымы тарих қойнауында тұмшаланып жатқан тарихи ақиқатты жан-жанқты айқындап берді. Сондықтан да, қазіргі тәуелсіз елімізде көтеріліп жатқан сана жаңғырту мәселесі XX ғасырдың екінші жартысында Е.Бекмахановтың ғылыми зерттеулері мен І.Есенберлиннің тарихи романдары арқылы бастау тапқан еді.

Қазақтың көрнекті жазушысы, тарихи романның негізін салушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясының үшінші кітабы болып табылатын «Қаһар» романы жазылуы жағынан бірінші болып қаламға алынған. Аталмыш романды жазуды соғыстан кейінгі жылдары жоспарлағанымен оны тек 1965 жылы аяқтай алған. І.Есенберлин тарихи деректер мен мәліметтердің тарихи ақиқатын ұзақ уақыт зерделеген. Алайда коммунистік идеологиялық цензура оның жариялануына кедергі келтірді. Ұзақ тексерістерден кейін романның жариялануына тек 1969 жылы рұқсат етілді. Оның өзінде біршама өзгерістер және бұрмалаушылықпен жарық көрді. Трилогияны алғаш «Қаһар» романынан бастап жазуы, әрине түсінікті, ол өзіне жақын тарихи деректерді жинап сұрыптауда біршама ыңғайлылық тапқанында. Әрине, XIX ғасырға тән тарихи деректердің молдығы соншалық оны жинастыру қаламгер үшін оңай болғанымен, оны зерделеп пайымдау қаншалықты ауыр іс екені белгілі. Екінші жағынан, романды жариялауда кездесетін қиындықтарды қаламгер алдын-ала сезген тәрізді. Бұл жөнінде жазушының өзі былай

дейді: «Көңілімде, іс жоспарымда халқымыздың бес жүз жылдық тарихын қамтитын трилогия болып қалыптасты. Бірақ трилогияны ең соңынан бастауыма себеп болды. Ең алдымен тіршіліктің кейбір тауқыметін тартқандықтан ба, үшеуін бірден қамтып жазуға өмірім жете ме, жетпей ме деп қауіптендім. Содан болар халыққа, болашақ үрім-бұтаққа айтпақ болған ойымның тарихи оқиғаларға деген жазушылық тенденциям мен позициямның айқын көрінісі болған басты темір қазығым – «Қаһар» еді. Егер алдындағыларымды айта келіп, көксеген негізгі ойыма қол жетпей қалса, өмір бақи арманда, орны толмас өкініште өтуім мүмкін ғой. Ойға алған, көңілге түйген трилогияның ең әуелі соңынан бастап жазылу сыры осы еді», – деп өз ойын анық білдіреді» [3]. Суреткердің майданнан қатты жараланып, еліне оралған соң тарихи шығарма жазуға шындап кірісіп, материалдарды тірнектеп жинай бастағаны оны тарихи роман жанрына қарай жетелеген еді.

Жазушының мақсаты тарихи шындықты хронологиялық түрде санамалап беру емес, оны көркемдік жүйеге салып баяндау, сөйтіп оқырманның тарихи жадысына әсер ету еді. Илияс Есенберлин өз миссиясын толық орындады.

Суреткердің «Алмас қылыш» (1971) пен «Жанталас» (1973) романдары «Қаһарға» қарағанда кейінірек жазылды. І.Есенберлин «Көшпенділер» романын жазу арқылы ХІХ ғасырға дейін белгісіз болып келген тарихи-мұрағаттық деректерді тірілтті десек артық айтқандық емес. Оның үстіне І.Есенберлиннің нағыз қаламгерлік орнын белгілеген шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясы дер едік. Заңғар қаламгер «Көшпенділер» трилогиясын өмірге әкеле отырып, қазақтың бес жүз жылдық тарихын тірілтті. «Көшпенділер» тарихи трилогиясы – кең құлашты эпикалық шығарма. Шығарманың қозғап отырған уақыты бірнеше дәуірді қамтиды, ондағы тарихи оқиғалар детальды түрде суреттеледі, ал көркем образдар жүйесі ұмыт қалған қазақтың ірі тұлғалары: сұлтандар, билер, шешендер, батырлар, жыраулар. Сондай-ақ, тарихи трилогияда қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері, фольклорлық мұралар көптеп кездеседі. Қазақтың аңыз-әпсаналары, батырлық жырлар, халық хикаялары, шешендік сөздер, тіпті мақал-мәтелдердің өзі шығармаға ерекше көркемдік сипат беріп тұр. Бұл турасында әдебиеттанушы-ғалым М.Балтымова: «Әдебиеттегі тарихилық мәселесін

шешуде сол кезеңдегі қоғамдық құбылыстар, халықтың сөз даналығы мен ақын-жырауларының мұрасы, тарихи деректері мен этникалық ерекшеліктері басты орын алады» деген пікірде [4, 4].

I.Есенберлин «Қаһар» романында XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Кенесары Қасымұлы бастаған Ресей патшалығының отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті көркем сипаттайды. Білікті қаламгер шығармада жұртқа бұрыннан мәлім тарихи оқиғаларды суреттей отырып, қазақ халқының күйініш-сүйінішін, арман-өкінішін, мақсат-мұратын тың кейіпкерлер галереясы арқылы шынайы көркемдейді.

«Бетегесіз бел болмас, билеушісіз ел болмас» деген ұстанымды берік ұстанған Кенесары Қасымұлы қазақтың әр руының сұлтандары бас біріктірмей өз руларын жеке-жеке билеп төстеуді орынды санап отырғанда, барлық қазақ руларының басын қайта бір тудың астына біріктіруді көздеді. Кенесары осы ісін жүзеге асыру үшін көптеген қиындықтарды жеңумен қатар алауыз болып отырған қазақ сұлтандарының да көңілін табуға тырысты. Дегенмен, орыс билеушілері – генерал-губернаторлармен бірге ауыз жаласқан сұлтандар қазақты біріктірмеуге күш салды. «Бірілік болмай тірілік болмас» деген қағидадан бас тартқан Сәмеке, Бөкей, Уәли, Қоңырқұлжа секілді қазақ сұлтандары Кенесарының жоспарларын бұзып, қазақтың басын біріктіруге қарсы шықты.

Әрине, өз руларын өзінше билегісі келетін қазақ сұлтандары мен би-болыстары қолындағы барынан айырылып қалғысы келмеді. Одан гөрі олар Ресей губернаторларымен бітімге келіп, сұрағандарын беріп отырғанды жөн санады. Сол кездегі қайсібір қазақ билеушілерінің ұлттық мүдде тұрғысынан емес, отаршылдық тұрғысынан түсінуі қазақтың ел болуына кедергі келтірген жәйттер деп түсінген жөн.

Романның идеялық-тақырыптық мазмұны ауқымды. Көне қазақ даласында ата-бабаларының мұрасын жүзеге асыру үшін дербес, тәуелсіз хандық құруды мақсұт еткен Кенесары Қасымұлының қол жинап күреске шығуы, қазақ тәуелсіздігіне қарсы шыққан қазақ сұлтандары мен патша бекіністеріне шабуыл жасауы, Кенесарының билікке қол жеткізуі үшін патша өкілдерімен келіссөздер жүргізуі, қанша қантөгіссіз күрес жүргізуді көздегенімен күш қолдануға баруы баян етіледі. Елдің

қатты күйзеліске ұшырауы, осы жолдағы ханның қаталдығы, Кенесары дұшпандарының ұйымдасқан іс-әрекеттері, кейіпкерлердің сан алуан мінездері өзінің көркемдік шешімін тапқан.

«Қаһар» романының негізгі өзегі – қазақтың көнеден қалыптасқан, бар болған, өзінің дербес саясатын жүргізген мемлекеттігін қайта құру деп пайымдаған дұрыс. Осы мақсатты жүзеге асыруда Кенесары Қасымұлы конструктивті шешім жолдарын іздестіреді. Әсіресе, ол сол кезге тән мәмлегерлік саясатын жақсы ұстанып, дипломатияға иек артады. Алайда, орыс патшасының өкілдері өздерінің мүдделерін көздеп, Кенесары жіберген елшілерді дұрыс қабылдамай, өзі жазған хаттарға жауап бермей қояды. Орыс патшасының Кенесарының осы бір өтініштеріне бей-жай қарауы жалпы қазақ мемлекеттігіне деген теріс көзқарасын көрсетіп тұрғандай.

Романда Ресей патшалығының Сібір қазақтарын басқару жөніндегі 1822 жылғы уставының теріс ықпалы жөніндегі әңгіме Сейтен мен Ожар арасындағы талқылауларда анық көрініс тапқан. Қазақтың солтүстігіндегі жерлерге өкіріктердің (округ) салынуы, қазақ жерінің темір құрсаққа түсуі Кенесарының мемлекет құру мақсатына қайшы келіп жатты. Содан болса керек Қасым сұлтан өз елін ертіп, орыстың құрсағына түспеу үшін Сыр бойына қарай көшіп кетуі оның көрегендігінің белгісі еді. Сол кезде Қазақстанның солтүстігінде Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Құсмұрын, Үшбұлақ округтері салынып үлгерген еді [5, 593]. Осылайша бүкіл Арқа жерін темір тор торлаған еді. Аталмыш уставта: «Қазақ Мұхамбет пайғамбардың жолын берік ұстаған діншіл халық емес, оны шоқындырып алу оңай, тек қазақ ауылдарына уәкілдер жіберілсін» деген жолдың өзі қазақтың діни бірегейлігіне қарсы бағытталған үлкен саяси ойын болатын. Яғни, қазақты шоқындыру арқылы оны билеп-төстеудің оңай жолын ұсынады. Қалай дегенменде қазақ жерінде шоқындыру саясаты жүзеге аспады, қазақты шоқындыру оңай іс емес екендігін олай терең түйсіне алмады.

1825 жылы І Николай патша Сібірмен шектес қазақ секілді «бұратана» ұлттардың жас қыз балаларын қолға түсіруге жарлық берген. Қазақ қыздарын кәпірлерге күштеп үйлендіру арқылы ұлтты жою мақсаты көзделді. Бұл жолда қандай айла-шарғы болса да қолдануға рұқсат

берілді: алдап-арбау, сатып алуға да болады делінген. Осы жарлық бойынша қолға түскен қыз балалар шоқындырылып, әйел жынысына мұқтаж отбасыларға тапсырылуға тиіс. Осы бір саяси шараны Сібір генерал-губернаторы мен Орынбор соғыс губернаторының бақылауда ұсатуына бұйрық берілді. Мұндай ұлтты жоюдың ірі акциясы қазақ халқының ашу-ызасын туғызғандығы белгілі. Сондықтан, қазақ халқы осы әділетсіздікті көріп, Кенесары бастаған көтерілісті қолдай түскен еді.

Кенесарының әкесі Қасым төре патша басқыншылығының осындай саяси акцияларын сезіп, қазақ жеріне бекініс салып, пірказ (приказ) құруды тоқтатуын талап етіп хат жазды. Алайда, өзін қолдауға қазақ сұлтандарының арасынан қолдау таппаған соң Сыр бойына қарай көшкен болатын. Ол енді Қазақстанның оңтүстігіндегі Хиуа, Қоқан, Бұқара хандықтарымен мәмілеге келіп, орыс басқыншылығына қарсы бірге күресуге үндеді. Дей тұрғанмен, Хиуа, Қоқан хандықтарына ұзақ уақыт тәуелді болып тұрған оңтүстік қазақтарының ауыр жағдайын да ол жақсы түсінді. Соған қарамастан Қоқан мен Хиуаның патшаға қарсы бірігуге оң қабақ танытар деген үміті ақталмады. Ташкенттің құшбегісі Бегдербекке елшілікке жіберілген Қасым төренің ұлдары Саржан мен Есенгелді нөкерлерімен бірге аяусыз өлтіріледі. Қасым төре қатты моральдік соққы алады. Сол кезде қазақтың досы тек қазақ екенін түсінеді. Бір отаршылдан екінші бір отаршылдың артықтығы жоқ екендігі, бәрінің көксеген мүддесі қазақ елін бөлшектеп бөліп, әлсіретіп, қансыратып талан-таражға салу, өз билігін жүргізу екендігін қарымды қаламгер өте сенімді суреттейді.

Әбден қартайған Қасым төре өзінің билігін өзінің үшінші ұлы Кенесарыға береді. Кенесары Қасымұлы болашақта қазақты біріктіру ісінде ерекше еңбек сіңіріп, өзінің саяси һәм әскери ұйымдастырушылығымен көзге түсті. Кенесарының қазақ елінің мемлекет ретінде, халық ретінде жойылып кетпей, бірегейлігін сақтап қалуы жолында аянбай күресуі – осының дәлелі. Оның саяси сарабалдығы, әскери қабілеттілігі, адамгершілік қасиеті, моральдық ұстанымдары – ел басқару ісінің үздік үлгілерін көрсетті. Мысалы үшін өзінің бауырларын Ташкент құшбегісі опасыздықпен өлтірген кезде әкесі Қасым төренің «Ташкентті шабу керек» деген кеңесін құп алса да, соғысқа шығуға ертерек екенін түсініп,

жоспарды кейінге қалдырады. Өйткені сол кездегі әскери жағдайдың мәз еместігін ол жақсы түсінді, сондықтан әскерді қырып алмау үшін Ташкентті шабуды кейінге қалдырған еді.

Кенесары Қасымұлы - ірі саяси тұлға, мемлекет қайраткері, ақылгөй және парасатты билеуші. Ол өзі туып өскен өлкесі Арқа жерінде қазақ хандығын қайта құруды армандады. 1824 жылы Көкшетау приказы құрылғанды Кенесары ашуға мінді. Өйткені, ақ патша Абылай ұрпағының атамекеніне ауыз салған еді, ал ол Кенесарының хандық құрамын деген жоспарына қайшы келді. Сол кезде бауыры Саржан сұлтан қол жинап, патша әскері мен уставты жақтайтын Сәмеке, Бөкей, Уәли сұлтандардың ұрпақтарына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Токаның Зілқарасына қарсы күрес бастаған болатын.

Әр ру жеке-жеке өмір сүріп, өз билері мен батырларына бағынып жүріп, жауларына жеңіліп жатқанда бұл тығырықтан шығатын жол еместігін түсінді. Дегенмен, «ортақ өгізден – оңаша бұзау» деген ұстанымдағы кейбір ру басылары жеке отау тігіп, өзі би, өзі қожа болғысы келді. Сондай кезде қазақтың есті батырлары қалың елді біріктіріп, қол бастайтын көсем іздеді. Айрықша, Жоламан батырдың көсем жоқ, тұлға жоқ деп өкінуі жалпы қазақтың өкініші еді. Ол кім болмақ? Ондай тұлға шықса бар намысты қойып, соның туының астына барып кірер едім деп армандайды Жоламан батыр! Бар қазақтан бір ер шықпағаны ма?! Мұндай өкініштер өзекті өртеген еді. Дей тұрғанмен, бүкіл ел жақсылары Абылай ұрпақтары түптің түбінде бар қазақтың басын қосып, ел қылар деген үміттерін үзбеген еді. Иә, ел басқарар басшы болмай ешқандай бірлік, бейбітшілік туралы әңгіме қозғауға болмайды. Кез келген қоғамның өзінің көшбасшысы болады. Ал XIX ғасыр қазақ қоғамында бірнеше ұлт-азаттық көтеріліс орын алғанымен оның ерекшелеп көрініс тапқаны Кенесары көтерілісі еді. Кенесары көшбасшылығындағы ұлт-азаттық көтеріліс жалпыресейлік толқу туғызды десек орынды болады. Бүкіл ел жақсылары Абылай ұрпақтары түптің түбінде бар қазақтың басын қосып, ел қылар деген үміттерін үзбеген еді.

Кенесары ханның тұлғасы өте күрделі. Кенесары бастаған ұлттық қозғалыстың белгілі батырлары – Ағыбай, Иман, Төлебай, Басықара, Жанайдар, Бұқарбай бейнелері Кенесарының тұлғалық даралығын

толықтырып отырады. Бұл жерде әрине Кенесарының кенже інісі Наурызбай батырдың да тұлғалық ерекшелігі ескерілуі тиіс. Романда Абылайханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы, ержүрек батыр Кенесарының сыртқы пошымы да нанымды суреттеледі. Кенесары ханның портреті былайша сипатталады: орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары-сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ түсті құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғұлт түйе жүн шекпен жамылған. Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген орта қоныш, көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттық пен тәкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері, аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңір райына қарасаң, ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың [5, 663].

Кенесары қазақтың ұлттық мемлекетін құру ғана емес, қазақ халқының болашақта жарқын өмір сүруін де көкседі. Ол өзінің елдік туралы көзқарасын әркез білдіріп отырды. Тіпті, оның серіктестерінің де Кенесары пікірін естіп, оның ел, отан, халық туралы көзқарасын айтып та жүрді. Мысалы үшін І.Есенберлин Сейтеннің аузына мынадай сөздер салады: «Мен халқымды ардақтаймын. Сол үшін ажалдан да қорықпаймын. Ата-ананы да, халықты да таңдауға бомайды, білемін. Оны әлжуаз де, тағы де, бірақ мандайымызға жазылған сол халық, мен оны сол әлжуаз қалпында жақсы көремін. Кімде-кім сол қазақ деген қыранды қанатын кесіп, жем-құсына айналдырғысы келсе, ол менің қас жауым, туған балам болса да, аш тамағынан ала түсіп, өз қолыммен бауыздауға бармын» [5, 610]. Сайып келгенде, Кенесары батыр қазақтардың өз Тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі – «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауызбіршілігінің жоқтығынан деп біледі.

«Мал ашуы – жан ашуы, жер ашуы – ел ашуы» демекші, қазақ жерін түрлі елдердің бөліске салғандығы Кенесарыны қатты қынжылтқан

мәселенің бірі. Туған жердің бір түйір тасы жауға берілмейді деген ұстаным сонау түркілер кезеңінен бері жалғасып келе жатқан өсиет. Ол әсіресе Ғұндардың негізін салушы Мөде ханның орнатқан бұлжымас қағидасы. Түркі дүниетанымында отан, туған жер – қасиетті ұғымдар. Мұндай қасиетті ұғымдарды Кенесары да жоғары бағалаған. Кенесарының қазақ жерінің бүтіндігін сақтап қалу жолындағы күресі халықтың арман-тілегінен туындаған еді.

Жалпы алғанда Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған елеулі шығарма. Оның Кенесары көтерілісі секілді аса ірі кезеңнің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін іргелі тарихи туынды деген пайымдамыз.

Көркем прозада, соның ішінде тарихи романдарда халықтың тарихи-мәдени және рухани өмірі кең көлемде сипатталады. І.Есенберлиннің қазақ халқының мемлекеттік құрған кезеңін, тарихымыздағы күрделі оқиғаларды, тарихи шындықты көркем бейнелеп, шынайы пайымдаған «Көшпенділер» трилогиясы әдебиетіміздегі үздік туындылар қатарынан орын алады және қазақтың ұлттық бірегейлігін анықтауда өз септігін тигізеді.

Әдебиеттанушы-ғалым Ш.Елеуеновтың жазушының қайратты да қажырлы еңбегі туралы: «Ілияс Есенберлиннің шығармалары – әдебиетіміздің қоржынындағы асыл мүліктің бірі» [6] деген ойын қолдаймыз.

Әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ғ. Туған елге соңғы сөз // «Ғабит Мүсіреповтің көркемдік әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 260 б.
2. Ұлт руханияты гуманитарлық ғылымнан не күтеді? Академик Сейіт Қасқабасовпен әңгіме. // «Егемен Қазақстан», 18 наурыз, 2017 жыл, №55, (29036).
3. Жемісті талант: Илияс Есенберлиннің журнал тілшісі Ш.Сариевке берген сұхбаты // Жұлдыз. – 1975. – №1. – 209-213 бб.
4. Балтымова М. Илияс Есенберлиннің тарихи романдары: шеберлік пен көркемдік. Монография. – Алматы: «Отан» баспасы, 2015. – 168 б.
5. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007. - 909 б.
6. Елеукенов Ш. Ғасырмен сырласу. – Астана: «Елорда», 2004. – 482 б.

БӨЛІМ 2

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АҚ ӨЛЕЦНІЦ СИПАТЫ МЕН БИЛЕР ДИСКУРСЫ

ТЫМБОЛОВА А.О.

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АҚ ӨЛЕҢНІҢ СИПАТЫ МЕН БИЛЕР ДИСКУРСЫ

Тымболова А.О.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
филология ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан*

tymbolova@mail.ru

Қазақ поэзиясында халықпен бірге жасасып келе жатқан қара өлеңмен қатар ақ өлең ұғымы да бар. Сондай-ақ, қазақ поэзиясында ұйқас, ырғақ, бунақ, шумақ, тармақ деген поэтикалық ұғымдар бар. Ақ өлеңге (верлибр) келгенде, оны әлем әдебиеттерінен келген кірме ұғым деген пікірлер болған. Ғалым Р.Нұрғалиев «қазақ поэзиясына ақ өлең сырттан келген кірме емес, өз топырағында бар, ежелден келе жатқан асыл қазына» [1, 54] деп есептейді.

Бұны қырғыздар строфа десе, татарлар рифма деп атайды. Қазақта ақ жауын деген тіркес бар. Жер-дүниені көл қылып, үзбей жауатын жаңбырды ақ жауын дейді. Ақ өлең сөзінің төркіні де ағызу, төпеу, сөзге ағып тұру, сөзді түйдек-түйдегімен төгу деген ұғымды білдіреді.

Ақ өлең – ұйқассыз өлең үлгісі. Сыртқы пішіні ұйқассыз көрінгенмен, мұнда да ұйқас бар, ол шумақтың немесе тармақтың кез келген тұсында тұра береді. Яғни, ақ өлең – белгілі бір ұйқассыз өлең жолдары болғанмен, поэтикалық тілге тән көріктеу амалдары міндетті қатысатын, тақпақтап айтуға икемді, эмоциялық әсері орасан, ырғақтық топ құрайтын мәтін. Ақ өлеңде фразаның сыртқы сұлулығы, шешен естілуі көбірек байқалады.

Ақ өлеңнің драматургия жанрында жиі қолданылатындығы туралы пікірлер баршылық. Ондағы ақ өлең табиғатына ерекше үңілген ғалым

Р.Нұрғалиев былай дейді: «Бұл ретте екі ақынды Мұхтар ақынды, Ғабит ақынды бөліп, даралап, оқшау атау керек. Олардың шығармашылығынан өлеңнің сан-алуан үлгілерін табамыз» [1, 182]. Сондай-ақ, «М.Әуезов біздің заманымыздың аса ұлы ақындарының бірі» (Л.Арагон) десе,

З.Қабдолов «...алдымен М.Әуезовтің өзі анық ақын, тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік діріл, сыршыл ақын» деп бағалағанын білеміз.

Ал академик Р. Сыздық Ғ. Мүсіреповтің пьесаларының тілін талдай келе: «...бас кейіпкерлер Баян мен Қозының бейнесін танытуда жазушы сөз саптаудың өзгеше түрін пайдаланады: олардың диалогтері мен монологтері ақ өлең сияқты поэтикалық стильмен ұсынылған: поэзия – жан сыры, ғашықтық сияқты жан сұлулығының талабы. Демек, драматургтің бұл стильдік амалы – суреткер шеберлігінің даусыз көрінісі», -деп [2, 5] ондағы ақ өлең стиліне ерекше тоқталып өтеді. Мұндағы драматургтің қолданған стильдік амалы суреткер шеберлігін айғақтайды.

Ақ өлеңде поэтикалық тілге тән көріктеу бірліктері: бейнелі фразеологизмдер, эпитеттер мен метафоралар, экспрессив сөздер, тосын теңеулер т.б. міндетті қатысады.

М.Әуезов тілінің айрықшаланатын бір тұсы – сөздердің сан түрлі мағыналық бояу гаммасына ие болатындығында. Мысалы:

Асан. Теңселе басқан тең жігіт,

Бейлі мырза кең жігіт;

Уа, бірің жаға болғанда,

Бірің – берен жең жігіт!

Күйеумін деп сызылған

Жеңгелерге жем жігіт.

Неге мұнша налыдың,

Қайыспас деген ер жігіт? (101) («Қарагөз»)

Суреткер осындағы тең, кең, жең, жем сөздеріне семантикалық мағына беріп, ерекше көркем образ жасап, керемет мазмұн үйлестірген. Осындағы сын есім сөздердің мағынасы келесі жолдарда ашыла түсіп, өлең ішіндегі тұтас образдың «микрообраздардың» жасалуына негіз болып тұр. Өлеңдегі тең жігіт, кең жігіт, жең жігіт, жем жігіт, ер жігіт деген тіркестер кіші сатылардағы «микрообраздардың» қызметін атқарып, нар жігіт деген үлкен «макрообраз» жасауға әкеледі. Бұл ретте лексикалық бірліктердің өзара байланыса келіп, тұтас түйін жасауға қызмет ететінін көруге болады.

Қазақ сөз өнеріндегі шешендік тақпақтаудың ұйқасқа емес, ырғаққа негізделген үлгілері М.Әуезовтің де, Ғ.Мүсіреповтің де драмаларында кездеседі. Яғни, бұрынғы поэзия дәстүріне терең бойлаған қос суреткердің пьесаларында ақ өлең өлшемі еркін қолданылады. Мысалы, пьесадағы мәтінді өлең жолдарына түсіріп **талдайық:**

Қозы. Кешіре гөр, Баянжан!..

Шынар ағаш, мөлдір бұлақ, жарық жұлдыз, сұлу тау көрсем – бәріне сенің атыңды қойып жүр едім...

Не ел, не жел бермеді сенің хабарыңды...

Бәрі жасырған екен жамандықты!..

Қуынан айрылған көл көрдім,

сәнінен айрылған ел көрдім...

Жапырағы жұлынған шынар көрдім...

Ән сылбыр, үн былжыр, дала меңіреу жаны жоқ,

қыз-жігіттің сәні жоқ екен...

Баянның жәйін сонда ғана түсіндім... (47 б.) (М.Ә.)

Ақтоқты. Ақан аға, тас лақтырар топтың барын

Кеш ойлаппын, амал не?

Ұятымнан өлер-ақ ем,

Қалған көңіл жұбана алса соныма.

Жалғыз болсам арманым не?

Қасындамын қашан да!.. (97 б.) (Ғ.М.)

Ақ өлең үлгісімен жазылған тебіреніске толы осы екі толғаныс әдебиеттен хабары жоқ, актер емес адамның өзін селт еткізбей қоймайтын сөздер. Себебі мұндағы ырғақ, екпін мағынаға, айтылар ойға тәуелді. Мысалдағы шынар ағаш, мөлдір бұлақ, жарық жұлдыз, сұлу тау сияқты бірыңғай мүшелер, қуынан айрылған көл, сәнінен айрылған ел тәрізді ішкі ұйқасқа құрылған тіркестер поэзияға тән әсер үстеп тұр.

Пьеса тіліндегі сөздер өзара топ құрап, әрқайсысы өзіндік ырғаққа, екпінге ие болып, тұтасып, жымдасып құрылған. Сөздер ретімен байланысып, табиғи жарасымын тауып мағына тұтастығына қызмет етіп тұр. Осындағы ой айқындығы, пікір нақтылығы, түсінікке жеңіл құрылуы көрермен көңілін баурай түседі.

Ақ өлеңнің қадірі артатын, ерекшелігі айқындалатын жері – сахна. Себебі ақ өлеңнің көрінісі де, күші де ауызша айтылуында. Ақ өлең формасы сахнадағы актер шеберлігін көрсететін ең шұрайлы тіл қабаты болып саналады. Біз айтып отырған қос суреткердің пьесаларындағы сөздерді актер өз жанынан ешқашан толықтыра алмайды. Өйткені ақ өлең үлгісімен жазылған бұл шығармалар бұрмалауға, жадағай сөзбен айтып шығуға келмейді. Бұл туындылардағы өзіндік көркем тіл өрнегі, сұлу сурет, астары терең мән-мағыналы сөздер құнын жоймайды. Ақ өлең табиғатының өзіне сай ерекшелігі де осында. Мұнда буын мен сөз ұйқасы болмаса да, ой салмағы басым. Оның сахнадағы сипатының өміршең болатындығы да сондықтан.

Ақ өлеңде өзгеше ырғақ, әуен болады. Ырғақ өлең үшін жасалады. Ендеше, М.Әуезов те, Ғ.Мүсірепов те драмалық шығармаларында ырғақтың небір жаңа тәсілдерін тудырған. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасының таза ақ өлең үлгісімен жазылғандығын дәлелдеу үшін, ондағы кейіпкер сөздерін өлең жолдарына түсіріп, бунақтарға бөліп көрейік:

Қозы. /Жасырмашы / жан анам! /

/Бүгін / жер бетінде жалғыз-ақ ауыз сөз жүр!.. /

/Ол / – Баян!.. /

/Жел /Баян деп ызындайды, /

/Көл / Баян деп теңселеді,
/өзен / Баян деп ағады,
/тау /Баян деп күңіренеді,
/көк / Баян деп күрсінеді!.. /
/Анам / Баян деп мұңаяды, /
/Балаң / Баян деп толғанады!.. /
/Енді тек / жөн сілтеуің ғана қалды,
/Сілтеші, / жан ана! / (21 б.)

Мұндағы өлең жолдарындағы әр бунақтың ырғақтық дербестігі айқын. Ақ өлең үлгісімен жасалған мәтінде дыбыстар, сөздер, сөйлемдер өзара ұйқасып келіп, біріне бірі ықпал етіп тұр. Яғни, әр бунақтағы сөздер мен сөз тіркестерінің поэтикалық, синтаксистік маңызы, өзіндік дербестігі нақты көрініс табады. Өлең жолдарын бунаққа бөліп талдау оның әуезділігін, ырғақ, үнділігін әсерлейтін ұтымды тәсіл екендігі белгілі. Ол дауыс толқынына да әсерін тигізеді. Яғни, бұдан өлең тармақтарындағы сөздердің поэтикалық реңк иеленіп, маңызының артуына бунақтың да тигізер ықпалы зор. Сөздердің прагматикалық әлеуеті жоғары, айтылған кездегі дауыстың екпіні, жоғары интонация адресатқа белсенді ықпал жасап тұр.

Ғ.Мүсіреповтің псаларының тілін неге ақ өлең деп отырмыз. Себебі мұнда өлеңге тән белгі – ырғақ бар. Ал өлең сөздердің ритмикалық топтарын ажырату оңай. Жоғарыдағы сөйлемдер түгелдей ырғаққа құрылғандықтан, ондағы сөздер өз-өзінен топтасып, оған әр тармақтың ара жігі, ұйқас дегендер де ұйтқы болып тұр.

Жоғарыдағы ырғақ деп отырғанымыз, сөздің көңілге ұнап, реттілігін тауып орналасуы. «Ырғақ кейбір белгілері жағынан өзара бірдей немесе біршама жуық элементтердің қайталануы. Бұл әсіресе өлең жолдарынан жақсы аңғарылады. Өлеңге тән буын, бунақ, ырғақ сияқты негізгі элементтердің әр тармақ, шумақта қайталануында белгілі бір тәртіп, жүйе болады» [3, 116].

Ал ырғақтық топ дегеніміз – бунақ. Демек, сөйлемнің бунақтарға, бунақтың сөздерге, сөздердің буындарға, буынның дыбыстарға ажырайтындығы белгілі. Өлеңнің әр шумағында тармақ болады. Тармақ

– өлеңнің әрбір жолы. Әр тармақта бірнеше бунақ болады. Жоғарыдағы өлең жолдары екі бунақтан жасалып, бірыңғай орналасып тұр. Әр бунақтағы буындардың қайталануында да заңдылықтар бар. Мәселен, төртінші жолдан оныншы жолға дейінгі тармақтардың барлығы жеті-сегіз буыннан жасалған. Мұндағы әр бунақ өзіндік екпін ырғағымен ерекшеленіп, бір-ақ екпінге негізделген. Бұл бунақ екпіні деп аталады. Демек, тек бір бунаққа енген сөздердің аралығында қатар келген дыбыстар ғана бір-біріне ықпал етіп, үндесіп, үйлесіп айтылады. Мәселен, екінші жолдағы жалғыз-ақ ауыз сөз жүр деген тіркес жалғызғауыз сөзжүр болып алмасуға ұшырайды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасындағы бас кейіпкердің бірі – Қарабай аса жағымсыз бейнеде суреттеледі. Кейіпкердің барлық сөз саптауы оның жағымсыз бейнесін жасауға қызмет етеді. Сондықтан оның аузынан естілетін сөздер де тұрпайы:

Қарабай. Уа, мен Қарабаймын!.. Қара емен майыспаса, Қарабай қайыспас! Біліп қойындар мұны!.. (Төбеге келіп отырады.) Уһ!.. Қажытар болар ма қатын-бала! Қашан ғана қыз бер деп сұрап ем сенен? Не өңімде, не түсімде шықты ма екен аузымнан! Шықпаған-ақ шығар!.. Жіпсіз тұсадың да қойдың Қарабайды!.. (Үйден Жантық шығады.) Уа, бас аяғыңды! Қарабайдың басына күн туғасын, сенің де аяғың ауырлайын деген екен, мұндар!

Қарабай. Мына қан жауғырдан қашып құтылатын болам-ау!.. Аюға намаз үйреткен таяқ екенін тағы бір көрсетер ем көзіңе, күледі-ау жұрты құрғырдың жұрты!

Қарабай. Қан жауғыр, өңімде болса, нем қалатын еді, түсімде-дағы!

Қарабай. О, жағың қарыссын, жағың қарысқыр!

Міне, пьеса тілінде драматург кейіпкерлердің өздерін сөйлетіп, кімнің кім екенін көрсетеді. Шағын штрихтар арқылы кейіпкердің бейнесін дәл бейнелейді.

Сондай-ақ, суреткер ойды әсерлі етіп, түсінікті, жатық беруде қайталама тәсілін өте белсенді қолданып отырады. Қайталамалар көріктеуіш, анықтауыш, әсерлеуіш құрал ретінде шығармаға өзгеше реңк береді. Мысалы:

Қарабай. Енді қайда деп ең? Әттең, артына ғана мінгестіріп жібермес пе ем, қызы құрғырды алып қана, жеті қабат жердің астына түсіп қана, қарасы өшкірдің қарасы өшіп қана кететін біреу табыла қалса!.. А, құдай, жан деп жаратсаң, бер осы тілегімді!.. (11 б.)

Мұндағы ғана (қана) шылауының қайталанып берілуінен кейіпкердің кіжінісін, жалғыз қызын жақсыға қимаған қарабайлығын көруге болады. Келесі мысалда да драматург ойды нақтылау үшін Баянның деп келдім сөзін бес алты-рет қайталап береді. Бұл тәсіл (қайталама) сөз салмағын нығарлап жеткізуде, ойдың логикалық түйінін күшейту үшін қолданылған:

Баян. Ал, ардақты аға, құрбы-замандастар! Көп қалады дегесін, алдарыңа келдім... Әлсізді жақтар, әділдікті арашалар деп келдім... Түсінер, жарға жықпас, Баянның жүрегіне дақ салмас деп келдім... Жаныңды ақтар, жүрегінді ортаға сал демес деп келдім... Заманы бір, тілеуі бір тең құрбы зорлық етпес, көкпарға түс деп қолқаламас деп келдім... Өз басын өзіне билетер деп келдім... (Жігіттер жауап қайтара алмай қалады.) (16 б.)

Драма тілін зерттеуде диалогтар мен монологтарда қолданылатын сөздердің жасырын жатқан көркемдік (стильдік) жүгіне баса назар аудару қажет. Сондай стилдік амалдардың бірі – кейіпкер тіліндегі одағайлар болып табылады:

Қодар. Не істедім, не істедім?.. Неге арқаладым қанын? Жарасқан жастардың жазығы не еді! Жазығы не еді? О, жауыз Қодар! (Отыра кетеді.) (57 б.)

Жантық. О, шіркін, шіркін! (57 б.)

Мұнда Қодар Қозыны өлтіргеніне өкініп, бармағын тістеп, өзіне-өзі «О, жауыз Қодар!» деп күйзеледі. Ал Қозыны өлтіруге өзі итермелеген Жантық сұмның «О, шіркін, шіркін» деген сөзінен не құптағаны, не қайрағаны, я өкінгені белгісіз болып, көрермен интригасына қалдырылған.

Драмалық шығармаларда кейіпкерлердің сөзі жеке-дара айтылғанмен, композициялық құрылымы тұтастық құрайды. Ойдың берілуінде, көркем сөздің эмоциялық әсер-қуатын жеткізуде ақ өлең кейде түйдек-түйдек,

кейде қысқа, кейде толымды-толымсыз ұйқасқа, дауыс қарқынына, дыбыс әуезділігіне, сәйкестілігіне құрылады. Ақ өлеңде дыбыс, әуезге, ырғаққа негізделген құлаққа жағымды, жүрекке жақын сөздер диалогтар мен сырлы монологтарда кездеседі.

Мысалы:

Баян. Қара күн қайта орнады,

Тез жетсін деп айтты де, Баян.

Үстіме тау құлағалы тұр,

өзі құтқарып алсын деп айтты де, Баян.

Отым сөнгелі тұр,

өзі келіп тұтатсын деп айтты де, Баян.

Таңым атқанша,

Күнім батып та болды деп айтты де, Баян... (40 б.)

Драматург тіліндегі сөз ұйқасына құрылған кейіпкерлердің осындай сөздері сезім ұйқасына, мән мен мазмұн ұйқасына айналып жүре береді.

Сахнаның басты шарты ауызша сөздің нормалары мен жазба сөздің ара жігін ажырату болып табылады. Әрине, барлық уақытта сөздің жазылуы мен айтылу нормасының сәйкес келе бермейтіндігі белгілі. Сондықтан, сахнада орфоэпиялық норманың сақталуы да негізгі талаптардың бірі.

Баянның жоғарыдағы монологын сахнадағы айтылым ырғағына қарай транскрипциялайық:

Баян. // Қарагүн // ғайтаорнады, //

// Тежжетсіндеп // айттыде, // Баян. //

// Үстүме // тауғұлағалұтұр, //

// өзүғұтқарып // алсындеп // айттыде, // Баян. //

// Отұмсөңгөлұтұр, //

// өзүгеліп тұтатсындеп // айттыде, // Баян. //

//Таңыматқанша, //

// Күнүмбатыпта // болдыдеп // айттыде // Баян... //

Осындағы ұйқасқа себепші болып тұрған «де» етістігінің лексика-грамматикалық сипаты өте күрделі. «Де»-ні көбінесе көмекші етістік дегенмен, лексикалық мағынасынан айрылып қалмаған, айт, сөйле деген тұлғалармен мағыналас сөз. Мысалдағы де баяндауышқа қосымша мағына үстеп тұр. Мұндағы төл сөз де етістігінің арқасында өзінің ішкі дербестігін сақтап, оған қоса автор сөзі түріндегі сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарып тұр. Мысалдағы де етістігі етістік мәнінен шығып, сөз арасын байланыстыратын шылау ретінде қолданылған.

Қозының репликасын да өлең жолдарына түсіріп талдайық:

Қозы. Қара жүрегінді қанжарға тапсырар ем, қара қаныңды қайда қоярмын!

Арам жаныңды аллаңа тапсырар ем, арам дененді қайда қоярмын!

Арам жаныңның арашасы мұндай көп болар ма?

Қайттым де қара ниеттен!.. (51 б.)

Сахнада бұл сөздер де дұрыс транскрипциялануы қажет. Осында Қозы батыр Қодарды өлтірмей аяушылық білдіріп, босатып жібереді. Қолын қанға былғамайды. Шұғыл дыбысқа жататын тек қатаң қ-дан басталып жасалған Қозының қаһарлы сөздерінің перлокуциялық әлеуеті орасан. Мысалдағы ең актив формаға жататын Қ фонемасы сөздің барлық позициясында тұр. Қара қаныңды дегендегі қ фонемасының көрші дыбыстардың әсерінен ғ-ға айналып ұяндануы (қара ғаныңды) дыбыс амплитудасын күшейтіп, алапат ашудың, ызаның тасқын күшін білдіреді.

Әрбір дауысты және дауыссыз дыбыстар өз бойында көзге көрінбейтін белгілі бір ишараны қамтиды. Ол ишаралар бейнелі түрде көзге көрінуі де мүмкін. Бір-бірімен дыбыстар сияқты ажыратылып та тұрады. Көркем сөзді зерттеуде, ғалымдар, адам тілінің өзі қимыл-қозғалыс, әрекеттен тұрады дегенді айтады.

Мысалы, А дыбысында көзге көрінбейтін әсерге бөлену, таңқалу, қастерлі қасиеттерге бөлену, ал У дыбысында керісінше тұйықталу, тығырыққа тірелу сияқты ишаралар бар.

Жоғарыдағы Қозының сөздерінде Қ дыбысы құбылысқа терең бойлап, оның мәніне үңілдіртеді. Онда ашу мен қаһар, сананы тілгілеген салмақ бар. Дауысты дыбыстар адамның ішкі жан дүниесінің әсерленуімен, сезінуімен, жақсы көріп құшақ жаюымен тығыз байланысты болса, дауыссыз дыбыстар әлемнің сыртқы құбылысының ишараларын білдіріп тұрады. Демек, әрбір дыбыста жан бар, «өмір» бар. Оны актер жан-тәнімен сезінбейінше, яғни «дыбыстық эвритмиканы» меңгермейінше, образды – ишараны да жеткізу мүмкін емес. Дыбыстың жанын сезінбеген адам, сөздің де жанын сезінбейді. Актер әрбір сөйлем мен ойдың жан дүниесін сезінуі керек. Актер мұраты сөз сарайының ішкі қуатын ашып, тіл қазынасының астарын ақтару болып табылмақ.

Тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес мұндай мәселелер сахна тілінің ғана емес, тілді тұтынушы жалпы халықтың да мәдениетін көрсетеді.

Сонымен, ақ өлең терең талғамды қажет етеді. Ақ өлең тілі – ұлттық колоритті танытатын көркем тіл үлгісі.

Сондай-ақ, сахна тіліндегі билер дискурсына келетін болсақ, драмалық шығармалар тіліндегі билердің аузымен айтылған шешендік сөздер өзгеше стиль қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті мен өнері туралы сөз еткенде шешендік өнердің алатын орны ерекше. Шешендік сөз өнері ежелгі риторика ұғымымен сарындас. Шешендік сөз өнері қазақ халқының ұлттық табиғаты мен әлеуметтік өмірінің де шынайы кейпін көрсетеді. Шешендік өнерде ұлттық сезімнің әсерлі бояуы, нақышты ой айшықтары көркем сөз арқылы сараланып, тыңдаушыға айрықша әсер етеді.

Мысалы, билер дискурсындағы сөз этикетіне келетін болсақ, мұнда алдымен бата беру салты дәстүрлі түрде орын алады. Мұнда сөзбен сендіру, иландыру, яғни суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Бата алған адам жақсылықпен жаны семіріп, шат-шадыман күй кешеді. Міне, сөздің суггестиялық қасиеті адамға қанша күш-жігер береді.

Абыз. Адалдан бер, ақтан бер!

Бәлекетін жатқа бер.

Ер маңдайын баққа бер!

Абырой асар жаққа бер!

Қара түндей қазаны

Қас ойлаған жаққа бер

Сөнбес күндей шат көңіл

Жазығы жоқ жасқа бер! (14 б.)

Абыздың берген осы батасынан Кебек батыр соншама рухтанып, қолын төсіне қойып, қарт бабасына тізерлеп тұрып алғыс айтады. Кейіпкер сөзіндегі бейвербалды амалдар арқылы жасалған қол қимылы мен тізерлеудің өзі көрермендер эмоциясына айрықша әсер етеді.

Суреткер грамматикалық тұлғаларға әртүрлі стильдік жүк артып қолданады. Көркем сөз тілінде етістік тұлғасы мәтінге поэтикалық-стильдік реңк үстейді. Етістіктің шақтық тұлғалары көркем образ жасау үшін көріктеуіш амал қызметін атқарады. Тіліміздегі бұйрық рай формасы морфологиялық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан да басқа райлардан өзгеше болып келеді.

Жоғарыдағы мысалда Абыз сөзіндегі қолданылған бұйрық рай категориясының экспрессивті мағына реңкі күшті сезіледі. Осындағы бер болымды етістігінің функциясын талдап көрелік: Мұндағы өлеңнің әрбір жолында қайталана қолданылған бер етістігі белсенді құрылымдық элемент ретінде мәтінді поэтикалық, эстетикалық тұрғыдан маркерлеп тұр.

Қазақ тіліндегі қос ерінді (билабиаль) б дыбысына дауыс аздап қатысады. Негізі б фонемасының сөздің басында, ортасында актив қолданылуы, сөздің соңында мүлдем кездеспейтіндігі оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Осындағы бер сөзі (ақтан бер, жатқа бер, баққа бер, жаққа бер, жасқа бер) дауысты, үнділерге аяқталған сөздермен тіркескендіктен ашық үнмен айтылып, құлаққа жылы, жағымды түрде естіледі.

Мысалдағы дыбыстық образдардың (дауыссыздардың) белсенді қолданысы (бірінші жолдағы – д, л, н, б, р; одан кейінгі жолдардағы – с, т, қ, к) сөз тірегі болып, негізінен мағыналық айыру рөлін атқарып тұр. Ал мысалдағы дауысты дыбыстар өлең жолдарындағы әуендік бейнені өрнектеп, дауыссыздарға қарағанда ықпалы төмендеу әсер етеді.

Осы орайда, мұндағы тон жиілігінің сызығы, дыбыстың амплитудасы жеке синтагма құрап тұрған бер-ге түсіп тұр. Жоғары қарқынды болып келетін бер-дің ерекшелігі – мұнда әуен де, үдемелік те басым түрде беріледі. Әуеннің динамикалық диапазоны да мол, толқынды болып келген. Сөйлемнің аяғында келген эмоцияның мәні үлкен, сөз реңкінің мағына ажыратушылық қызметі де басым түсіп тұр. Актер бер сөзіне екпін түсіре, жоғары интонациямен айтады. Интонация тәуелсіз, аяқталған. Лепті интонамадағы эмоцияны жеткізу үшін актер әрбір жолды жоғары реңкпен аяқтап отырады. Осындағы сөздің қуаты актерлік вербалды емес амалдармен ұштасып, мағына салмағын арттыра түседі.

Сахналық дискурсты іске асырушылар – актерлар. Алайда, сахналық дискурста сөйлеу жағдаяты тек актердің сөйлеу әрекеті арқылы ғана іске аспайды. Актер автордың ойын, спектакльдің идеясын жеткізуде тілдік емес әрекеттерді де пайдаланып, түрлі эмоцияларды беруде просодикалық тәсілдер арқылы да ақпарат жеткізе алады. Яғни сахнадағы дискурс прагматикалық қатынас арқылы жүзеге асады. Тілдің прагматикалық аспектісі сөйлеуші мен тыңдаушының айтылған, естіген нәрсені ұғынуымен, түсінуімен байланысты. Біз сөз етіп отырған сахнадан естілетін билер сөзі сөйлеу мәдениетін арттыруға, тіл байлығын сақтауға, сөз қадірін бағалауға, актерлердің сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз.

Сондай-ақ, жоғарыдағы сахна тіліндегі қазақтың менталдық өзгешелігіне байланысты төс қағыстыруы, қол қусыруы, қолын кеудесіне қойып тағзым етуі, тізерлеп жүгінуі, маңайдан сүюі, иіскеуі, т.б. тілдік емес амалдардың барлығы да ұлттық сипатқа ие.

Мысалы:

Жиренше қамшысын тастайды.

Қарлығаш. О несі? Қамшысын тастағаны несі?

Көкпай. Сөйлейін дегені, тыныш отыр. (М.Әуезов. «Абай», 331 б.)

немесе

Қарабай (жерден топырақ алып шашады). Құтылдым ба, құтылмадым ба?.. Көзім көрмес, қолың жетпес жерге кетпедің бе!.. Қараң батып болды ма, болмады ма!.. Уа, қайда әлгі қатын-баласы?.. Келіндер бері!

Бас аяқтарыңды!.. (Күнікей, Таңсық, Баян, Жарқын, Жантық келеді.) Уа, бітті ойын! Енді ішін тартып, шыным келе жатыр!.. Қуыршақ өртенді, бақсы кетті... жын тарады, базар тарқады!.. Жық үйді, арт жүкті, тарт көшті! Айдат жылқыны! (Ғ.М. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 41 б.)

Осындағы Жиреншенің ортаға қамшы тастауы, Қарабайдың жерден топырақ алып шашуы әдет-ғұрып, салт-дәстүрден хабардар ететін параамалдарға жатады.

Драмалық шығармалар шындықты айрықша тәсілдермен синтез күйінде шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысушы адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол іске асырылатын күрделі жанр. Драмалық шығармалардың өзіне тән сөз мәнері, жазылу машығы бар.

Ұлттық топырақта туған драматургия жанрларының ішінде өмірге ең жақын түрі – трагедия болып табылады. Себебі, қиын-қыстау заман тұсындағы шындықтан қашып құтыла алмайсыз. Трагедия формасында жазылған шығармаларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен бетпе-бет келуі, тіршіліктің мың сан қалтарыстары, ғашықтар арасындағы сезімдер шайқасы, ғаламат тартыстар, ойлар мен идеялар қақтығысы шынайы түрде, әрі ерекше пафоста атақты адамдардың сөзімен жеткізіледі. Осы аталмыш процестің барлығы драмада тек тіл арқылы беріледі. Сахнадағы сөйлеу факторы адамның дене қимыл-қозғалыстары көрсете алмайтын бейнелілікті айшықтайды. Сөйлеу – қарым-қатынас байланысының маңызды құралы болғандықтан, интеллект деңгейінің де көрсеткіші. Сонымен сахнадағы сөйлеу мен қимыл-әрекеттің қосындысы арқылы толыққанды кейіпкер бейнесі туады.

Суреткер тіл арқылы соқырды жылатып, тас жүректерді жібітеді, санасызға ой салып, сезіміне әсер етеді. Қысқасы, сахналық үдерістің барлығы тек тіл құдіреті арқылы жүзеге асырылады.

Драма тілі көрерменге гносеологиялық аспект (көрініс, құбылыс, сезім мүшелерінің қабылдауы, психикалық әсерлер) тұрғысынан жеткізіледі. Көркем шығармаларда мәтін қалыпты, визуалды түрде берілсе, драмалық шығармаларда қарым-қатынас акустикалық тұрғыдан жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, сахнадағы қарым-қатынас сөйлеуші мен тыңдаушының арасында көзбе-көз, сезім спектрлеріне әсер ететін жанды байланыс арқылы беріледі. Ол көрініс, құбылыс, сезім мүшелерінің қабылдауы арқылы тілдік және тілдік емес амалдармен іске асырылады.

Демек, шешендік дискурстағы бейвербалды амалдар, сахнадағы қарым-қатынастың барлығы тілдік тұлғалармен қоса, тілдік емес амалдар (кинесикалық, проксемикалық, просодикалық) арқылы жүзеге асады.

Сахнадағы әрекет – сөз әрекетіне құрылады. Сахналық шытырман драматизмге толы элементтер билердің сөз саптауларында мол ұшырасады.

Драмалық шығармалардағы билердің аузымен айтылған шешендік сөздер халықтық үнді, жұрттың тілегін, елдің айдыны болған айбарды білдіреді. Демек, халық тыңдайтын адамдардың аузымен айтылған сөздің ықпалы орасан болған. Сөздің мұндай ықпалы тыңдаушылардың да белсенділігін арттырады.

Сахнаның жаны – әрекет, қимыл. Ал әрекет сөз тудырады. Бір нәрсені жеткізу үшін адамда алдымен ой туындайды. Содан кейін әрекетке көшеді. Әрекеттен сөз туады. Бұлар арқылы мақсат орындалады.

Сонымен, сахнадағы диалог – көркем дискурстың үлгісі. Бұл жазба тіл арқылы, шығарманың авторы тарапынан әлденеше рет өңделіп, ойдың мәнерлі жеткізілуі үшін тілдік бірліктер барынша мұқият іріктеліп орналастырылған мәтін. Мұндай көркем сахналық дискурстың тағы бір ерекшелігі – адресаттың назарын аударатын сигнал іспетті болуы. Өйткені сөздер, дыбыстардың үйлесуі, дауыстың ырғағы, көрерменнің назарын аударады.

Көрермендер сахнадағы болып жатқан әрекетке имандай сеніп, ондағы айтылған сөздердің әсеріне беріліп, ұйып тыңдайды. Яғни, сахнада адамды иландыру мен сендіру маңызды рөл атқарады. Адамға мұндай әсер ету мен ықпал ету құбылысы «суггестия» деп аталады.

Біз талдап отырған билердің сөздері де суггестиялық амалдарға толы, ықпал ету әрекеті орасан, шешендік сөздердің бір парасы болып табылады.

Қазақ сөзге сенетін, сөзге тоқтайтын халық. Халық өзі сеніп, сайлаған би, шешендерінің сөзін заңға балап, солардың байламдарына тоқтасқан. Олардың шешендік өнеріне таңдай қағыса, тәнті болған.

Ал шешендік өнердің тарихы мен көркемдік деңгейін зерттеген

Г.Қосымова осы билер шешендігі туралы былай дейді: «Халқымыздың ғұмырнамалық тарихында билер халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаушы, ұлтты ұйымдастырушы, елінің еркіндігін қамтамасыз ететін мемлекеттік мәмілегер, ру тайпалардың басын қосып біріктіруші, халқының салт-дәстүрін берік ұстанушы, бабалардың кемеңгерлік саясатын алға апарушы, кемел ойдың, ұлы даналықтың қайнар көзі, ұрпақ тәрбиесін ұлы мұрат еткен парасатты тәрбиеші, киелі сөз өнерін жандандырушы саңлақ өнерпаз қызметін атқарып отырды» [4, 98].

Мысалдарымызды М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасынан ала отырып, Абыздың сөзіне құлақ түрейік:

Абыз. «Көкей кесті», «Көкей кесті» күй не дейсің? Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей (жымыып) күшік!.. (Қобызына жағын сүйеп, ырғала толғанып.) Пак пәруәрдігер!.. Бе-еу! (Ыңыранып, Асан қайғының күйіне үн қосып.)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,

Құлан қайтіп күн көрер!

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтіп күн көрер! (7 б.).

Бұл мысалдан Абыз қарттың сөзінің тұспал түрінде берілгенін байқаймыз. Абыздың сөзінен қоғамға деген көзқарасын, пікірін, күйініш-зарын көреміз. Яғни, прагматикалық пресуппозициялар арқылы сөйлеушінің ықпал-әсерін анық танимыз. Абыз сөзінің тыңдаушыға беретін эмоциялық, эстетикалық, интонациялық, элокуциялық әсері орасан зор.

Дәл осы пьесадағы Абыз туралы ғалым Р. Нұрғалиев былай дейді: «Абыз монологтарының лейтмотиві, өзекжарды тілі – ел, халық, соның арманы, соның тілегі, соның күйі, соның мұңы, Абыз елім, халқым, жұртым демей аяқ баспайды. Ел деген көкейкесті қайырмасы,

домбыраның құлақ күйінде боп жүрекке жылы тиіп, көкірек шымыр еткізген әсер береді» [1, 30]. М. Әуезов пьесада Абызды шешендіктің лейтмотиві ретінде алып, үлкен халықтық образға дейін көтереді.

Инвенция тәсілі арқылы (берілетін ақпараттың ойда сұрыпталуы, сипатталуы) жасалған Кеңгірбай бидің мына бір ішкі толғанысына **назар аударайық:**

Би (жалғыз). Жағаласу жетпеді ме?.. Тәңірдің әлде болса олқысы бар дегені ме? Енді қандай сыбаға тартар екен. Найманды даңды судай тасқызып, бұрқ-сарқ еткізіп, мұнда әкеле жатқан Кеңгірбайдың соры ма? Әлде алалы жылқы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе, ашынып келеді. Білемін, матайдың талайдан тобықтыда жүрген есесі бар. О да найманды шүйелемей қоймас. (Ойланып.) Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша деп бас ием бе? (Ойланып.) Бірақ найман кегі оңай емес. (Басын шайқап тоқтайды) (31б.).

Ал бидің «Не сұмдық? Қандай қорлық күн жеттің? Қуарған қатал өлім күн! Не еріңнің қанын бер... не мынау келіп төніп тұрған қараша-қауыс үстінде, ақ қар, көк мұз алдында жөңкіліп басқан жұртыңның көз жасын төк... Зарын бер! Осы ма еді, осындай ма ең, мені тосқан қу ажал!? (39 б.),-деп айтқандары шешендік сөздің қарым-қатынасқа түспей тұрғандағы аралығын, яғни диспозиция тәсілін қамтиды.

Ары қарай пьесадағы шиеленіс Абыз бен бидің арасындағы екеуара диалог арқылы өрбиді:

Абыз. Өзім... өзім. Тарт жалаңды жазықсыздан... Айта бер айтпақ нарқынды!..

Би. Неге келдің жел аударған қаңбақтай!?

Абыз. Шер ыршытты шабақтай. Сездім, Кеңгірбай, сездім сұмдық салқынын.

Би. Қолсыз сайраған тілді қайтейін. Қызыл тіл мен қу жақтан бұндағы тобықты да кенде емес қой. Өз артыңа қарамасаң басқа шығар жол жоқ. (40 б.)

Мұндағы элокуция тәсіліне жататын Абыз бен бидің сөздері ұзақ уақыт санада қорытылған ойдың нәтижесінде сыртқа шығып тұр.

М. Әуезовтің билер сахнасындағы Көбейдің, Еспембеттің, Кеңгірбайдың, Қараменденің топан судай селдете төккен фразаларынан Абыз тілінің мақамы, тыныс ырғағы, тілдік тегеуріні өзгеше. Бұған пьесадағы Абыз – Қараменде, Абыз – Кеңгірбай сөздері дәлел. Суреткер тіл құдіреті арқылы Абыз бейнесін философиялық дәрежеге дейін көтеріп, халықтық терең образ жасайды. Билер сахнасындағы кесек образдар тартысы терең, тілі ғажап ұлттық болмысты танытады.

Жоғарыдағы мысалдардан пьесаның шешендік қуаты анық аңғарылады. Ондағы кесек-кесек билер сөзінің көрермен сезіміне әсер етпеуі де мүмкін емес. Сондықтан да классикалық шығармалардың бірегейі боп саналатын

М.Әуезов драмалары аудитория талғайды. Ұлттық тілдегі шешендік өнердің классикалық үлгісімен жазылған шығарма екендігін көрсетеді.

Драманың жаны – диалог. Драмалық шығармалардағы диалогтар – бүтін шығарманың көркем болмысын жасайды, үлкен қызмет атқарады. Демек, пьесадағы әрбір кейіпкердің жауаптасуында үлкен жүк, астарлы салмақ жатады. Автор соның бәрін шашау шығармай, санаулы кейіпкерлерінің тілімен беруге тырысады. Соның ішінде ынтымақсыз стратегияға (Н. Уәли) жататын диалогтар да билер тілінде көптеп кездесіп отырады.

Оны Еспембет бидің ымыраға көнбеймін дейтін мына сөздерінен **көреміз:**

Еспембет. Олай болса, сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің – ана Кебек, қыз – атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан таққызып өз қолымнан өлтіртемін. (Тым-тырыс) Қазір етем осыны. Әпкел, ұстат қолыма!.. (36 б.)

Сондай-ақ билер сөзінде кейбір жағдайларда түрлі көзқарастар, характерлер қактығысы монолог формасы арқылы да беріліп отырады. Монологтың негізінде түрлі қарама-қайшылықтардың, қактығысты

жағдайлардың шешімі жатады. Монолог, біріншіден, сахна тілінің пассивті сөйлеу формасына жатса, екіншіден, шығарманың өн бойындағы сюжеттік құрылымынан көрінеді.

Монологтық сөйлеуге өзара сөйлесудің мазмұндық, құрылымдық, жеке композициялық құрылымы мен мағыналық аяқталуы бар мәтін үзіктері тән. Монологтық сөйлеудің белгілері жанрлық түрлерден (көркем монолог, шешендік өнер, ауызекі сөйлеу тілі т.б.) және функционалды-коммуникативтік (хабарлау, талдау, көз жеткізу т.б.) қатынастардан көрінеді.

Мәселен, Абыздың кара қобызды күңіренге толғап отырып айтқан мына бір монологы ішкі шерге толы:

Абыз. Кәрі көңіл о бір зэр. Күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда кара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдатып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны. (8 б.)

Драматургиялық дискурстағы шешендік сөздерге құрылған билер дискурсы да күрделі синтаксистік тұтастыққа негізделеді. Демек, билер сөздерінің берілу түрлері де әралуан. Олар бір ғана сөйлемнен тұратын репликалар, екі, үш немесе одан да көп сөйлемдерден құралатын диалог түрінде келеді. Драмалық шығармаларда шешендік сөздердің барлығы диалогқа құрылады. Оқиға желісі үзілмей, бастапқы ой ұйытқы болып, күрделі синтаксистік тұтастықта сөйлемдер сабақтаса өрбіп отырады:

Абыз. (күлімсіреп, ұққандай). Қайтсын-ау, сыңқыл-сылтың... сылтың-сыңқыл тілейді-ау жас бейбақ! Көктемнің көркін-ай... Мамырдың бір нұр шуағы дермісің! Жасты көрсем, осылай көрсемші!.. Бақ-талай баршындай! Кебегім болармысың осы сен? (13 б.)

Сондай-ақ билер сөзінде параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтар негізінде жасалған параллельді сұраулы сөйлемдер де жиі кездеседі:

Барары жоқ, байлау жоқ,

Ерім қайтіп күн көрер?!

Бәріңнің де нәрің жоқ,

Елім қайтіп күн көрер?! (11б.)

Мұндағы берілген төрт шумақ анафоралық қайталау жолымен жасалып тұр.

Драмалық шығармалардағы билер дискурсындағы көркемдеуіш құралдарға келетін болсақ, метафоралар басты орын алады.

М.Әуезов метафоралық стильдің шебері. Суреткердің шығармаларындағы асқан поэтикалық ұластыруларына қарап осылай деуге болады. Мәселен, пьесадағы Еспембет бидің сөзін **келтірейік:**

Еспембет. ...Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен. (34 б.)

Мұндай метафоралар сөз құпиясын танып, мағыналық дамуды аңғаруға кең жол ашады.

Сондай-ақ, шығарманың шырайын кіргізетін тапқыр теңеулер де билер тілінде төгіліп отырады:

Қараменде (аз отырып). Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. ... Содан байқағанымды айтайын: азған заманның белді биі бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қисық болады екен. Не еп іздеген ысқаяқ келеді екен. (37 б.)

Сондай-ақ, стилистикалық айшықты фигура – аллитерация мен ассонанс тәсілдері әдеби тілді ажарлап, сөзге музыкалық реңк үстейді.

Мәселен, Абыздың

Алданар жоқ, арман көп,

Кәрің қайтіп күн көрер!

Жарастық жоқ, жалын жоқ,

Жарым қайтіп күн көрер! (7 б.)

деген жолдарында суреткер дыбыс үйлесімін ойната қолданады.

Ал ұйқас мәселесін өлеңге қатысты дей тұрғанмен, М.Әуезовтің драмаларының тілі де төгіліп тұрған өлең! М.Әуезов драмаларының тілінде дыбыс үндестігі шебер жымдасқан. Қазақ поэзиясындағы

ең жиі кездесетін қара өлең ұйқасын шебер пайдаланған суреткер шығармаларында асқақ ұйқастардың қатарын жасайды:

Әреке деген көк ауру, сені тияр талқы жоқ,

Ішті жеген жегінің жерге кірер қалпы жоқ,

Барар бетің батпақ сор, күн түзелер тарпы жоқ. (11 б.)

Сондай-ақ билер сөзіндегі идиомалардың күші де жойқын. Идиомалар – тілдегі айшықтар – билер сөзінде тасқын судай төгіліп жатыр. Кемерінен асқан тіл байлығын да осыдан көруге болады. Ұлттың төл тіліне ғана тән мұндай сөз қолданыстары билер сөзінің көркемдік нақышын арттыруға қызмет етіп тұр:

Еспембет (ызғарланып). Уай, тобықтының баласы, матай-тобықты болып тұрған күнінде атыстың, шабыстың, араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып, бұл ісің алты алашқа әйгілі болған. Тобықты, шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойды жосылтып алдың. Ата қонысынан іргесін аудардың. Ел- жұртты шұбырттың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргенінде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Енді міне шарпуыңды матайдан асырып, найманға тигізіп отырсың. Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат сауырына салып әкетіп отыр. Ағайын, ұзында өшті, қысқада кекті емессің. Бітім сұрап, кісі салсам бақайыңнан келтірмейсің. Мына найманға алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса оныңды айт. Әйтпесе мен тобықтының қоңсысы емеспін, мынауыңа кесігіңді айт (Көбей қамшы тастайды.) (34 б.)

Көбей. Еспембет, сөзің шын. Ұзында өшті, қысқада кекті ағайын емеспін. Найманның елдігіне істеп отырған жаулығым болса, аруақ, құдайға тобықты шет болатыны шын. Матай мен тобықтының бүлігіне бұл елдің қайсысы себеп болды? Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда бұл сөзің сияды. Тентектік ылғи тобықтыдан шығады дерсің. Бірақ сол матай мен қалған найман неге жауласады? Бүгінгі найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысынан аңдамаған албырт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса тобықтының тентегі

иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ. (35 б.)

Сонымен қатар, сөйлеу мәдениетінің ерекше белгісіне дәлдік, айқындылық жатады. Біз талдаған билер тіліне де осы қасиеттер тән екендігін бағамдадық. Осы ретте пьесадағы найманның биі Еспембет пен тобықтының биі Көбейдің сөз қағыстыруларына кезек берейік:

Еспембет. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойымдағыдан асырып түсіреді деп айтқызам. Егер есі-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, жайдақтап жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын. (Қатты.) Мен тұшсы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен (Көбейге сөз береді).

Көбей. Еспембет, кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуміз ұстап кездескен соң дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой. Жақпаса билігіңді өзің айт. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын. Тағы айтарым – тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді? Тобықтының найманға істеген өрлік өктемін көргенім жоқ. Керіс неге керек? (Тым-тырыс.)

Міне, екі би нақпа-нақ іске қатысты бұлтартпайтын дәлелдермен бір-бірін сөзден ұстауға тырысады. Мұндай дәлдік, нақтылық ұшқыр ойдан туады.

Сонымен, шешендік сөздер – қазақ халқының табиғатындағы суырып салма ақындықтың да бір көрінісі екендігі даусыз. Ал драма тіліндегі ел тізгінін ұстаған билер сөзінің де төгіліп тұрған өлең, шешен сөйлеудің жарқын үлгісі екендігін бағамдадық.

Біз мысал келтірген суреткердің (М.Әуезовтің) шығармалары сол кезеңнің әлеуметтік-саяси шындығын, халықтың психологиясы мен мәдени-тілдік болмысын билер сөзі арқылы көрсеткендігі анық.

Драматург өзіндік идеясын билер тілінің ұлттық ерекшелігі, көркемдік қуаты арқылы таныта алған. Демек, көркем бейне жасауда кейіпкер тілінің, оның ішінде билер дискурсының стильдік қызметі орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
2. Сыздық Р. Ғ. Мүсірепов және драматургия тілі // ҚазҰУ Хабаршысы.– Алматы, 2007. – №6 (105). –5-10 бб.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1999. – 200 б.
4. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы, 2003. – 260 б.
5. Мүсірепов Ғ. Драмалық шығармалар. – Алматы: Өнер, 1982. – 230 б.
6. Әуезов М. Пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 10 т. – 432 б.
7. Әуезов М. Пьесалар. – Алматы, 1981. – 9 т. – 382 б.

БӨЛІМ 3

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ӨТІРІК ЕРТЕК» ПОЭМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

БАЛТОҒАЕВА Ж.Е.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ӨТІРІК ЕРТЕК» ПОЭМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ж.Е.Балтоғазева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

*Көптілді білім беру факультеті Қазақ тілі және әдебиеті
кафедрасы ф.ғ.к. Аға оқытушы*

Әлбетте, ақын Мағжан Жұмабаев поэмаларының ішкі мазмұнын ашуға өмірде болып, романтикалық сипат алған шындық оқиғалармен бірге, шығыстан келген әдеби сюжеттер де қызмет еткен. Автордың қоғамның өзі таныған бейнесін көркем шындық биігіне көтере суреттеуде таңдаған бұл әдісі – кейіпкерлер іс – әрекеті арқылы өзінің эстетикалық принциптерін алға тартудың ұтымды амалы еді. Ал, поэмада сюжеттік желімен қатар дамып отыратын лирикалық толғаулар – ақындық мұрат – мақсаттардың айғағы. Тіпті, кейбір туындыларында ақын мен кейіпкер бір идея аясында ажырамастай біртұтас образға айналған. Ақынның көркем шындықты берудегі, осындай, әдіс – тәсілдері қазақ әдебиетінде поэманың жанрлық түрлерін туындатты. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» – «шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1/ Тақырыбы. 2/ Жоспары. 3/ Мазмұны. 4/ Түрі. Шығарманың мазмұны қай-қай түрде айтылса, сол түрі шығару түрі деп айтылады» – деп беріледі. [142.б.] Мағжан поэмалары да шығару түріне қарай, автордың өзі атап көрсетіп кеткендей: поэма, ертеке, мысал, қисса, толғау түрінде берілген. Егер, тағы да, А.Байтұрсыновтың ғылыми дәйектемелеріне сүйенер болсақ, онда былай дейді: «адамның ғамалын,

мінезін, құлқын, жанды-жансыз нәрселер арқылы салт – санасына сәйкес көрсетіп, өнегелеу мысалдау болады». [1,246 б.] М.Жұмабаевтың «Жүсіпхан» және «Өтірік ертеке» поэмалары да, біздіңше, қисынын мысалға келтірген шығармалар. Ал, жанрды кең көлемде әр халықтың табиғатына қатысты таратып қарайтын болсақ, мысал жанрының қазақ сөзінде мағынасы кеңдеу болса керек. Жалпы теорияда жанр ұғымы қатып қалған догма емес, ол дамып, көркейіп отырады. Соның ішінде, әсіресе, мысал – өте іс – қимылды, жанды жанр. Бұл пенделік тірліктің ізін кескен, тілсіз айыптаушы іспетті жанр. Ол өзінше шенеп – мінеп, айыптап, шешім қабылдап, көркемдік үкімдерін де шығарып отырады. «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан әр әдебиеттің ұлттық сыр – сипатымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби процестегі атқарар рөліне, алар орнына байланысты. Мольер мен Мүсірепов пьесаларынан көп-көп жанрлық ұқсастықтар көре тұра жер мен көктей айырмашылықтар байқау себебіміз де сондықтан». [2,297б.] Шынында да, заманның дамуына сәйкес, немесе автордың ойды беру ерекшелігіне орай, және шығармада қамтылған проблема ауқымына қарай, жанр іштей түрге бөлінуі әбден ықтимал. Мысалы, орыстың әйгілі мысалшысы И.Крылов туындылары басты үш циклға бөлінеді: саяси – әлеуметтік, өнегелік – философиялық, әлеуметтік – тұрмыстық немесе мінез – құлық қағидалары. Енді Мағжан туындыларының мысалға сәйкес келер ерекшелігін дәлелдеп көрелік. Ақынның мысалға қисындырған «Өтірік ертеке» поэмасының мәтіні, 1926 жылғы «Жаңа мектеп» журналынан алынған. Мағжан өз тұсындағы қоғам трагедиясын көрсетуде тұспалдап айту тәсілін қолданады, мысалы:

Хан бүйірді таянды:

Жауға аттансын ел тегіс!

Қанын төксін көл – теңіз,

Басын алам әйтпесе!

Ордасында хан қалды,

Ханмен біраз жан қалды:

Ақсүйектер, төрелер,
Жатып ішер немелер.
Кетті сүйтіп қалың қол,
Қалың қолы – қалың ел.
Көбі – ойлы, азы – мәз.
Хан үйі – той, елде – ой,
Олар – тышқан, мен – мысық,
Жеңеді олар қалайша?!
Олар – менің азығым,
Бұл құдайдың жазуы,
Өзгертпек пе жазуды?!

Ақын табиғат заңдылығын қоғамдық қарым – қатынас қайшылығындағы әділетсіздіктің шешімі деп астарлайды. Керісінше, мысалда аллегориялы баяндау арқылы адами қасиеттерді уағыздау / мәтінде арнайы көрсетілмесе де/ оқиға сюжетімен байланыстырылып беріледі. Мағжанның көтеріп отырған мәселесі: әлеуметтік теңдік, ой – сана еріктілігі, халық бостандығы, саяси – идеологиямен езіп – жаншудың кесепаты, т.б.

Ау, әлеумет, сөз мынау:
Мысықты ата жау деуші ек,
Ханды асқар тау деуші ек,
Елдің көзі ылғи жас,
Хан тағында ылғи мас,
Баққа ма осы? Сорға ма?
Ханның тілін алам деп,
Қырылды ғой ел бейбақ!
Кеңесті осылай көсемдер,
Сөз бір жерге құйылды.

Ел қазалы, азалы,

Азалы ел – ызалы,

Қылды орданы күл – талқан.

Жүз жиырма үшінші шумақтағы: «Шыны мынау, бұл мысал», – деген жолдар да, поэманы мысал деп тануға негізгі бір себеп. Ал, тақырыбының «Өтірік ертеке» аталуы Иранның ХІҮ ғасыр әдебиетінің өкілі сатирашы Убейд Заканидің дәл осы фабулаға құрылған «Тышқандар мен мысық» атты поэма – ертегісіне байланысты болуы әбден мүмкін. Себебі, Убейд Закани туралы зерттеулерде, бұл туынды туралы, өзге де елге танымал халықтық кітаптағы белгілі бір сюжетті өңдеу арқылы жазылған «поэма-сказка» делінеді. Әйтсе де көлемі, құрылысы, соңындағы оқырманға қаратылып айтылған ақындық концепциясының бөлек түйінделуі т.б. ерекшеліктері мысалды танытады. Арнайы қарастырған зерттеу еңбектерде мысал жанрының қазақ әдебиетіне И.Қрыловтан ауысканы айтылады. Мысал – әзіл – оспаққа, өткір сынға құрылады. Мысал уытты болуы үшін тапқырлық, өткірлік және күшті логика керек. Мысал кейіпкерлерінің іс – әрекеттері күлкілі болып келеді. Бірақ күлкі де, мысқыл, ой, әзіл секілді астарлы мән болады. Бұл – мысалдың мәні.

Мағжан туындысының көлемі мен құрылысы жағынан енді бірде «мысал – ертеке» де (апологтар) табиғаты жақындығын байқаймыз. Мысалы, С.Қасқабасов пікіріне тоқталайық: «Жануарлар жайындағы» ертегілердің өте терең моральдық және әлеуметтік мәні бар. Мысалы: жыртқыштардың жеңіске жетпеуі. Зерттеушілер ертекектердің таптық жақтарын үнемі көрсетіп отырады. Алайда, ертекектің өзі таптық түсінікті ашық айтпайды. Астарлы образдар таптық қатынасты көрсетеді. Мұндағы сатиралық астар да белгілі биікке көтеріледі. Жалпы ертекекте жинақтық мағына басым. Соңында жыртқыштар мен озбырлар міндетті түрде жеңіліске ұшырап, дәрменсіз болып шығады. Ертекектегі мораль мен әлеуметтік утопизм осында. Адамзаттық сипаттары да мол. Ол адам басындағы мін мен ақауды оның топтық тегіне қарамай аяусыз әшкерелейді»[3,184-185].

«Өтірік ертеке» – таптық тартыс мысық пен тышқан табиғаты арқылы ашылып, саяси – әлеуметтік сұрақ жұмбақ түрінде қойылған. Мысықтың іс – әрекет, қылықтары, тышқандар патшасы, даналық танытатын қария

тышқан, елге қозғау салған аға тышқандар, қаптесер, әлеумет – көп тышқандар ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының сілемдік бейнелері. Олардың қоғамдағы рөлдері, маңыздары да, поэмада мысық пен тышқан арасындағы теңсіздік проблемасы арқылы шебер шендестірілген. Шынтуайтқа келгенде, әрбір тап немесе топ өз мәнінде қолданылған. Ақын бірінші тыныс – алғы сөзде қазақтың дәстүрлі санамағын қолдана келіп, әдеттегіше оқиға болған жердің табиғатын суреттеуге ауысады. Он алтыншы шумақта ғана ақын негізгі оқиғаны баяндауға кіріседі. Мағжан поэмаларының тағы бір ерекшелігі – белгілі бір шумақта ақындық концепциясын құруы. Мысалы, «Өтірік ертеқ» поэмасында ақын, қазақ қоғамындағы таптық тартыс – арақты шарап деп ішкен молданың сәлдесі мен біссімліләсіндей, имансыз, рахымсыз құбылыс екендігін ишара етеді. Құбылысты жасаушы коммунистік идеяның негізгі мақсаты әлеуметтік теңдік емес, үлкен евроцентрлік одақ құру болды. Яғни өзді-өзі қырқысқан қазақтың байының да, кедейінің де ортақ жауы – орыстың шен-шекпеніне ұмтылған ұлт «адьютанттары» мен орталық басқару ұйымы еді. Жалпы әлеуметтік теңсіздік немесе тепе-теңдік қоғамдық саяси конфликт үшін таптырмайтын негізгі сұрақ. Себебі, әрбір таптық тартыс астарында саяси идеологиялық мақсат жатады. Ал қоғамдағы әлеуметтік теңдік немесе теңсіздік шешуі жоқ сұрақ, өйткені мұсылман дінін ұстанған қазақ халқы да, хан тұқымы, ақсүйек, төре, қожа, қара болып жіктелді. Сонымен бірге халық санасында тектілік пен тексіздік қасиетті ұғымы да бар. Тексіздер Мағжанша айтсақ, заман азған шағында «тұншығып, жөңкіліп, топырлап» жаумен бірге елін шапты, тектілер азап тартты, трагедияға ұрынды. Бұл, әрине, тарих мәселесі, дегенмен де, Мағжан поэмасының астары да. Ақынның 1996 жылғы жинағында 1926 жылғы алғашқы басылымдағы ескертпесі /қазақша әріппен/ қазіргі емлемен берілген. Бұнда: «Бұл ертеқ сұлу суретші Арлаудың «Мысық, тышқан» деген он төрт суреті бойынша жазылған» (М.Жұмабаев ескертпесі), – деп көрсетіледі.

Сурет тарихын және оның авторын анықтау мақсатында көп зерттеу жұмыстары жүрді. Бұл мақсатта Иран елшілігінде, Иран мәдени орталығында қызмет ететін мамандардың көмегімен /Орталық кітапхананың сирек қолжазбалар бөліміндегі 1926 жылғы басылымдағы араб әрпімен берілген/ «Арлау» – сөзінің мағынасы екі түрлі пікір

туғызатынына көзімізді жеткіздік. Шығыстану институтының аға қызметкері Сафару Абдулланың түсіндіруі бойынша, парсы тілінде «Арлау» сөзі мүлдем жоқ. Бұл пікірді Иран елшілігі аудармашысы Жүсіп Керей де қолдайды. Екінші пікір, сөзді таза арабша оқыса «Лoadри – безимяный, неизвестный» сөзіне ұқсас келетіндігі. Іздену барысында көз жеткізгеніміз, ХІҮ-ХҮ ғасырда Иран тарихында аты белгісіз суретшілердің көп болғандығы. Үшіншіден, жиырмасыншы жылдардың бас кезіне дейін қазақ-араб жазуында араб әріптерінің барлық таңбалары қолданылды. Бұл оқу-жазу жүйесіне қиын болды. Осы мақсатта А.Байтұрсынов сол таңбалардың ішінен қазақ тілінің табиғатына қолайлы әріптерді таңдап алып, қазақ әліппесін жасағаны белгілі. Әліппе құрамына жаңадан енген әріптер ішінен В әрпі мен У әрпінің таңбалануы ноқаттары арқылы ғана ажыратылады, яғни өте ұқсас. Осыған байланысты ең басында түпнұсқадан суретші туралы сілтемені оқуда автордан қате кетуі де мүмкін. Себебі, А.Байтұрсынов жасаған әліппе ноқаттарына байланысты араб жазуының оқылуы мүлдем өзгеше. Бұдан туындайтын мәселе автордың ескертпесінде қай әліппе таңбаларын қолданғанын анықтау. Бұндай жағдайда 1996 жылғы басылымдағы ескертпенің таңбалануының қайта оқып, тану қажет. Бұл істе «Арлау немесе Арлов» сөзін іздестіруде орталық кітапхананың сирек қолжазбалар бөлімі, өнер бөлімі және интернет жүйесімен жұмыстар еш нәтиже бермеді. Дегенмен, іздену барысында қол жеткізген үлкен табысымыз Иран әдебиетінің ХІҮ ғасырдағы өкілі Убейд Заканидың осы сюжетке жазылған «Тышқандар және мысық» поэма – ертегісінің табылуы болды.

Иран әдебиетінің өкілі У.Закани ХІІІ ғасырдың соңында Казвинде дүниеге келіп, Ширазда білім алады. Кейін, Казвинге қызметке орналасып, осы жылдары әдебиеттегі еңбегі басталады. Закани тез арада профессионал – жазушыға айналады. Батыс Иран қалаларын шарлай жүріп төрелікті мақсат еткенмен, өткір тілі мен еркін мінезінің кесірінен еш жерде ұзақ тұрақтай алмайды. Оның өмір туралы шығармаларында кедейлік, таршылыққа шағымдану сарыны есімі кең танылған уақытта да басым болды. Өмірінің соңына қарай баспанасы да, қаржысы да болмаған ақын қақында халық арасында («Беден как Убейд Закани») «Убейд Заканидей кедей» мәтелі текке қалыптаспаса керек. У.Закани

1371 жылы дүниеден өткен. Жазушылық жаңашылдығының танылуына әсіресе қызмет еткен оның сатиралары, әлеуметтік тұрғыдан өткір және еркін болып келеді. Ақынның юморды өткір сатирамен, әзілді ащы ирониямен шебер үйлестірген сатиралық шығармалары жанрлық түрге де бай: ертеке, мысал, әңгіме, анекдот, философиялық және дидактикалық мазмұндамалар, түсіндірме сөздік. У.Заканидің өлеңмен жазылған шығармаларының ішінде танымалы халықтық кітаптан өңделген сюжетке құрылған – «Тышқандар және мысық» поэма-ертегісі.

Шығармада мысық мешітке сиына отырып, қайырымды мұсылман болуға уәде береді. Алайда, қуаныштан бай сый-сияпатымен өзіне келген тышқан елшілерін көрген сәтте-ақ мысық антын ұмытады. Осыдан тышқандар патшасы тиранға қарсы соғыс ашады. Мысықты ұстап өлімге айдайды. Бірақ, соңғы сәтте құтылып шығып өздеріне тап берген жауларынан қатты қорыққан тышқан жауынгерлері хандары бас болып, майдан даласын тастай қашады.

Комедиялық сипатта жинақталған ертеке оқиғасынан, әсіресе, дала майданы суретінен, батырлық дастанның стилі мен әдістеріне жеңіл пародия сезіледі. Автор замандастары поэмадағы мысық пен тышқандар қақтығысының бүкіл коллизиясын белгілі бір оқиғаға, тіпті арнайы тұлғаларға мензеу деп қабылдаса керек-ті. Уақытпен бірге ертеке астары (подтекст) өшіріліп ұмытылды, бірақ оның жалпы әлеуметтік бағыты сақталды: діни екіжүзділікті, үкімет басынушылығын, осы және басқа да ықылас ымырасыздығын пайымдап әшкерелеген. «Заканидің көңілді ертегісі «Мысық пен тышқандар» («Муш о горбе») Иранда әлі күнге дейін кең танымал. Орыстың көрнекті ирантанушысы В.А. Жуковский айтуынша, «оның өлеңдерін білмейтін баланы, әйелді, еркекті сирек кездестіресің. Көпті және өте қажетті білмеу мүмкін, бірақ («Муш о горбе» –ні) білмеу ұят және кешірімсіз!»[4,41б.]. Қоғамдағы белгілі бір сілемге бағытталған Закани сатирасы әлеуметтік қарсылық дәрежесіне дейін көтерілген. Феодал – ақсүйектер мәдениетіне осы қасиетімен қауіпті көрінді, сондықтан да олар Закани шығармаларын төмендетуге тырысты. Осы себеппен ақын шығармалары өзге тілдерге аударылған да жоқ, тіпті өз отанында да көп уақытқа дейін ұмыт болды. Оның өткір ой, батыл ситуацияларды өз шығармаларында саналы түрде қолдануы халық шығармашылығымен байланысын айқын көрсетті, және олар ақсүйектердің сыпайы, мүләйім,

әрі әдепті шығармаларына қарама-қайшы болды. «Убейд Заканидің бұл поэмада жасайтын қорытындысы феодал мен шаруа көзқарасындағы сәйкессіздік, қаналушы таптың қанаушы таппен тартысында қаналушы таптың әрдайым жеңіліс тауып отыратындығы. У.Заканидің «Мушу гурба» поэмасының терең әлеуметтік мағыналы мазмұны шектеулі қоғамдық-саяси көзқарасты танытады. У.Закани еңбекші халық өмірінің адам төзгісіз қиындығын бақылай отырып, белгілі бір кінәлілерді қатал сынға тарта отырып, осы жағдайдан шығар жолды көре алмады, жақсы өмірге жол таба алмады»[5,10-13б.]. У.Закани шығармашылығындағы біз кездестіретін үмітсіздік, терең пессимизм, түңілушілік осымен түсіндіріледі. Ол «өмірден қол үзіп, жер бетіндегі барлық жақсылықтан бас тартыңыз, өмірдің нағыз тамашасы ханы жоқ, кедейі жоқ о дүниеде. Кімде-кім жер бетінде ауыр тұрмыс кешсе, өмірдің бүкіл жақсылығына өлген соң ие болады», – дейді [6,47 б.].

Мәтінге келейік [5,44-49 б.]. Мұнда алдымен мысал жанрының стилімен оқырманға арнау беріледі: ...Если ты не дурак, навостри – ка уши,

Тебе не вредно меня послушать,
Я буду рассказывать не спеша
Веселую быль о коте и мышах.
Мудрец со вниманьем прочтет мой рассказ.
Ему пригодится он в жизни не раз.
Не скажет мудрец, что ему он не нужен, –
Лишь глупый пройдет мимо горсти жемчужин.

Қазақ ақыны М.Жұмабаев та кіріспе – көлемді әрі ертек табиғатына көбірек үйлестірілгенін жоғарыда атап өттік. Шығарманың негізгі сюжетіне У.Закани мысықтың сатиралық образын жасау арқылы келеді:

Когда-то в Кермане жил один кот,
Другого такого найти нелегко;
Не кот, а дракон, чудовищный кот –
Грудь словно щит, барабаном живот.

Когда он топорщил усы и шипел,
К нему бы и лев подойти не посмел.
Когда подымал он лапу – беда! –
Все барсы стремглав разбегались тогда.
Ему захотелось отведать мышонка...

Ал, Мағжанда қаналушы бұқара күш–мысықтар алдыңғы планға шығарылады. Шығарма философиясындағы айырмашылық – Закани қанаушы тап үстемдігін өзгермейтін өмір заңындай қабылдаған. Ал Мағжан тұсындағы тарихи құбылыс, оқиғаның басқаша бағыт алуына толықтай әсер еткен. Әйтсе де фабула біреу. У.Заканида оқиға тартысы былай басталады:

И он в винный погреб пробрался тихонько,
Засел он в засаду в углу за кувшином,
Совсем как разбойник в ущелье пустынном,
Вдруг тоненький писк услышал он в тиши:
Беспечный мышонок залез на кувшин,
Напился вина и, совсем захмелев,
Решил, вероятно, что он уже лев.

Мағжанда:

Күндерде бір күн бір тышқан,
Сықси көзді сұр тышқан.
Кіріп келді бір үйге.
Үй болғанда оңаша
Тізілген қаздай құмырша,
Болар–болмас жолады.
Тағы татып қарады,
Тәтті у бойға тарады,
Бойы балқып барады.

Татқан сайын тәтті су,
Тәтті суы – тәтті у.
Жылти көзі жайнады,
Күш қосылды күшіне,
Мысық түсті есіне,
Тышқан тілді шайнады, – деп келеді.

Мағжанның оқиғаны тарата баяндауы, әр құбылысты образды түрде суреттеуі және өлең өлшемі шығарма көлемін ұлғайтқан. Мысалы, У.Заканидағы «погреб» сөзінің қазақша баламасын суреттеу арқылы түсіндіреді. Турасына келсек, түпкі мәнінде, Мағжан аудармадан аударма жасап отыр ма, әлде түпнұсқадан аударып отыр ма, немесе сурет бойынша өзі тың шығарма жасап отыр ма, бізге беймәлім, сюжет дамуындағы оқиға мазмұны бірдей, айырмашылық көркемдік шешімде. У.Закани шығармасында саяси – әлеуметтік сипат басым және айқын берілген. Бұлар Мағжанда көбіне астарлы юмор түрінде бейнеленеді. Шығарма ойнақы әрі жеңіл. Мәтіндерден мысал: «...Где кот?! – запищал он. – Презренный он пес!

Пускай он попробует высунуть нос!
Я голову мигом ему откушу!
На солнышке шкуру его просушу!»
Кот все это слушал, но молча пока,
Он тщательно целился для прыжка.
Он прыгнул, как барс на охоте в горах, –
И вот уж мышонок в кошачьих зубах.

Мағжан да оқиға дамуы бойына тәтті у тараған «тышқанды» образдау арқылы жалғасады: ... Не көрмедік мысықтан?!

Қанымызды ішті ғой,
баста қайғы күшті ғой,
Өтті–ау өмір құсып қан!..

...Не қылмады қанды ауыз?!

...Бір көрінсе көзіме,

Қалмас еді ол да аман!

...Тап сол жерде мысық сұм,

Тыңдап тұрған болып шым,

«Тоқта–тоқта, тоқ!» – деді,

«Тоқ!» – деді де тап берді.

У.Заканиде оқиға мысық образы үстем таптан тарайды, яғни тамақ іздеген мысық шарап қоймасына тығылып оқиғаны сыртынан бақылайды. Тышқанға бас салар кездегі дайындығын беруде У.Закани шын мәнінде де суреттен көшіргендей дәлдікпен жазады. Мағжан поэмасында мысық бейнесіндегі – үстем тап екінші планға ауыстырылып, басты назарға тышқандар – бұқара күш алынған.

Бұл екі аралық ақындар үшін заман беталысының бағыты, саяси құбылыстар көрінісі екенін айтып кеттік. Қазақ ақыны Мағжан тұсында бұқара халық коммунистік идеямен қаруланған партия бастауымен бас көтерді, тендік, елдік сұрады. Мәтіндік салыстыруды жалғастырар болсақ, мынадай нәтижелерді көреміз. Яғни шын мәнінде де бұқара күш алды.

«... О кот! – он взмолился. – Прости! Пощади!

Я раб! Ты единственный мой господин!»

«... Я съем тебя. Это уже решено»,

мұндағы ашық орын алған қоғамдағы құлдық сана Мағжанда былай беріледі:

...Алди, алди, алдияр!

– Айтқызды ғой жастық ит,

Жастық емес, мастық ит,

Бір мырс етті мұртынан,

– Құтырған құл, – деп қойды.

Мағжан заманның өз тұсындағы тағы бір шындығын – жыраулар тілімен айтсақ, «құл құтырған заман» болғанын да назарынан тыс қалдырмайды. Құтырған дейтіні, о бастан құлдықтан басқа көрмеген пенде ел басқарды, сауаттанбай, жетілмей, аяқ асты ел ісіне төрелік етті. Шығармалардың бұдан кейінгі дамуында сәйкестік мынадай: мысық тышқандарды алдамақ болып, сәлде киіп молдалық етеді. Кешірім сұрап, енді тышқанға тиіспеуге ант етеді. Мұны естіген бір тышқан өзгелеріне хабарлайды. Тышқандар елші аттандырады. У.Заканиде:

«...О господи! Каюсь! Зарок я даю!

Я мыши теперь не одной не убью!

За кровь же невинных воздам я сполна

Пожертвую нищим две меры зерна».

Ақын философиясын діни көзқарас шеңберінде береді, бұл Мағжанда таза сатиралық пафоста жырланған. Екі ақында да кейбір дінге қызмет етушілердің халыққа үстемдігі, өз мақсаттары жолындағы екіжүзділіктері айтылған. Мағжанда: ...Мейірімі мол, тәңірі ие,

Мынау мешіт үйінде

Ант ішемін атыңмен.

Тіпті арамдық етпен деп,

Тұмсығына шертпен деп,

Енді тышқан затының!

Ұшыраса аш тышқан,

Тәжірибесіз жас тышқан,

Етімнен кесіп ет берем!

Бұнда да, жоғары да атап өткеніміздей, У.Заканидегі бір ғана «Каюс!» сөзі, Мағжанда мағынасы ашылып беріледі.

У.Закани: ...Все мыши пришли в небывалый восторг,

И выбраны были семь самых старейших,

Семь самых богатых и самых знатнейших –

жеті тышқан жеті түрлі дәм алып елшілікке аттанып, бесеуі мысыққа желініп, екеуі ғана құтылады. Осы жердегі жеті, суреттегі дәлдік, немесе мұсылман дініндегі қасиетті жеті саны болуы да мүмкін. Мағжан поэмасында алдымен қазақ қоғамының бітпейтін жиналысы, ондағы мағынасыз даурықпа сөзталастар беріледі. Кеңес «ақылы дария қартты ескішілсің», – деп беттен алып, мысыққа елші жіберуге ұйғарады. Ескішіл қарияның ақылы «дөп» келіп тышқандар мысыққа таланып, екеуі ғана құтылады. Мағжанда елшілікке барған тышқан саны көрсетілмей «көп» сөзімен беріледі. Ескішіл ақылды қария, қаптесер, көпшілік, даурыққан орта бәрі ақын тұсындағы қоғам көрінісінің жалпы сипатын танытады. У.Заканида тышқандар мен мысық арасындағы елшілік келісім соғыспен жалғасады:

Был послан им тут же во вражеский лагерь,
Коту сообщить, чтоб немедленно он
К мышиному шаху пришел на поклон.
Иначе ему не простится вина,
Иначе начнется котами война
В Кермане мышонка пустили к коту.
Он гордо сказал: «Я присутствую тут
По праву посла. И от имени шаха
Тебе, душегуб, заявляю без страха:
Иль ты перед троном падешь на камни,
Иль станешь ты жертвой своих преступлений!»
А кот отвечал: «Ты герой – просто чудо!
Ублюдок твой шах! Убирайся отсюда!
С ума видно мыши сошли, не иначе!»
– Собрались и двинулись все к полю боя
Кошачьи полки из предгорья спустились,
Мышиная рать подошла из пустыни,
Столкнулись же армии их на равнине,

...И бой закипел здесь, и каждое войско

Сражалось достойно, рубилось геройски.

Мағжан поэмасының құрылысы өзгеше. Бұнда хан бұйрығы, уәзір айласы, жанын бағып ордада қалған ақсүйектер, күңіренген қалың қол, олардың тұрмыс халдері беріледі. Соғыс алаңын беруде Мағжан сөз қолданыстары ауыз әдебиетіне көп жақын. Әрі ақындық айқын стиль қалыптастырып алған. Мысалы: ...Күңіренді көк пен жер,

Өзге соғыс соғыс па?!

Будак–будак бу шықты,

Бу ішінен ту шықты,

Шыпқылдаған шықты шу,

Шұрқ-шұрқ болды кебелер,

Дал–дұл болды денелер,

Айқай–ұйқай, ыза–шу.

У.Закани шығармасының көркемдік шешім – үстем күш мысықтың жеңісі. Ақын соңынан өз атынан оқырманға ой айтады:

... Ты скажешь – все выдумки! Мало в них проку.

Но это служить тебе может уроком.

Прочти еще раз про мышей и kota

Прочти. Поразмысли. На ус намотай.

Мағжан поэмасы У.Закани ізімен келіп әрі қарай басқаша дамиды. Құрсаудан босанған мысық сыртқы жау, халқының қамын ойламай той тойлаған хан ішкі жау екеуін де құрталық деп кеңескен ел ағалары мақсаттарына жетеді.

...Кет екі жау! Қаңғып ол!

Еркін қалдың, қалың ел!

Еңіреме енді, жасың тый!

Енді сені талау жоқ!

Енді құл ғып қамау жоқ!

Өзіңе-өзің болдың біл!

– Бітті осымен кеңесім,

Тыңдаушы енді демесін!

Онсын тышқан не қылды?..

Шығармалардағы көркемдік шешімдер әрбір автордың өз тұсындағы қоғамдық ой шеңберін көрсеткен, өйткені Ж.Аймауытов айтқандай, әр жазушы алдымен өз заманының перзенті. Әйтпесе, Мағжан поэмасы мен У.Закани поэма–ертегісінің фабула негізінің бір екендігіне сөз жоқ. ХҮ ғ. Иранда кең тараған сурет өнерінің әлемдік таңдамалы живописьтер санаттағылардың көбінің авторы белгісіз деп көрсетілген. Біз дәл дерекке қол жеткізбесек те, Убейд Закани шығармалары бойынша атақты суретші Бехзад Камалиддиннің сурет салғанын анықтадық. К.Бехзад – ХҮ ғ. II ж. ХҮІ ғ. б. әйгілі Герат миниатюралық живопись мектебінің негізін салушы болып саналады. Гератта ХҮ ғ. портреттің үш түрі дамыды, соның үшіншісі портрет-карикатура. К.Бехзад туралы зерттеу еңбектерде [7,61 б; 5-6 б.] портреттің осы үшінші түрінің дамуын Убайд Закани шығармашылығымен байланыстырады. Және поэма мазмұны да портрет–карикатураға ғана негіз бола алады деп ойлаймыз. Еңбектерде тіпті ХІҮ ғ. ақыны У. Закани уақытынан сатиралық, карикатуралық шығармалар, өткір ойлы, күлкілі тарихтар кең танымал болғаны айтылады. Өз әдебиетіміздің тарихына оралсақ, ХХ ғасыр басында қазақ әдебиетінде өлең–сөзді түсіндірме суретімен жариялау дәстүрі болған. Яғни балаларға арналған шығармалар сюжеттерінің мазмұны бойынша арнайы суреттер салынып, сурет аты-жөні шығарма авторымен бірге жарияланып отырған. Ақынның әдеби сюжеттерге жазылған поэмалары дайын фабула негізіндегі нәзира үлгіні танытады. Ақын әдеби сюжеттерге құрылған поэмаларында мысал жанрының сипаты басым болып келеді. Бұл, әсіресе, ақынның персонаждарының іс–әрекеті, мінез–құлқын суреттеулерінен көрінеді.

Талайдың жан дүниесін, сағын сындырып, адами еркіндігін жойып, өз мақсатына жұмсаған кеңес үкіметі – Мағжанның “Жүсіпханы” мен “Өтірік ертегісінің” де шебер жасырылған жұмбағы.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.-142;283-84б.
2. Қабдолов З Тандамалы шығармалр.- Алматы: Жазушы,1983-297б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. -Алматы: Ғылым, 1984-184-85 б.
4. Жуковский В.А. Отчет о пребывании в Персии. (Борщевский Ю.Е. К. Характеристике рукописного наследия Жуковского В.А. Очерки по истории русского востоковедения -Москва: 1960. Стр 41.
5. Закани У. Веселая книга. -Москва: Гл. ред. вост.лит.изд. Наука, 1965.-10-13
6. Раджабов М. Мировоззрение У.Закани. -Сталинобад: Таджикгосиздат,1958. - С. 47.
7. Бартольд В.В. Т 5 ч. II М. 1964. Стр. 61; Ашрофи М.М. Бехзад и развитие бухарской школы миниатюры 16в.-Душанбе:-1987; Хайруллаев М.М. Бекзад К. // Бехзад К. 525 летию со дня рождения Материалы научный конференции. - Ташкент: Изд. Фан,1984.-5-6 стр. и.т.д.

БӨЛІМ 4

БІЛІМ НЕГІЗІ ОҚУЛЫҚТА

ИМАНҚҰЛОВА САЛТАНАТ МЕРКІБАЙҚЫЗЫ

БІЛІМ НЕГІЗІ ОҚУЛЫҚТА

Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға
оқытушысы, ф.ғ.к.,*

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: isalta_69@mail.ru;

ORCID ID <http://orcid.org/0000-0001-6931-2510>

1. Кіріспе

Заманауи цифрлық технологиялар мен ақпараттардың дамуы білім беру мазмұнын қайта қарауды қажет етеді. Технологиялық өзгерістердің жылдамдығы бұдан бірнеше жылға қарағанда едәуір өсті, соған сай ақпараттар көлемі де бірнеше есеге ұлғайды. Ал сондай ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсына алатын, оны жоғарғы деңгейде игерте алатын және практикада бекіте алатын білім беру ресурстарына, соның ішінде оқулықтар мен оқу құралдарына сұраныс артты.

Жылдам өзгеретін ақпараттар ағымына оқулықтың мазмұны да, қызметі де сай келуі тиіс. Оқулық – білім беру мақсатында оқу бағдарламасы мен дидактикалық талаптарға, аудиторияның дайындық деңгейі мен жас ерекшелігіне сай жүйелі түрде жаңарып отыруы керек. Сондай-ақ қазіргі таңдағы ақпараттың көптеп енуіне орай оқулық білім алудың жалғыз көзі болып табылмайтынын да ескеруіміз керек.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, білім беру жүйесі болашақта түбегейлі өзгермек. Білім алушы ақпараттар ағынында адасып кетпей, өзіне қажетті материалдарды жүйелеп, сұрыптап ала білуі, яғни білім

мен ресурстарға қолжетімділік мүмкіндігімен анықталады. Яғни, қазіргі ақпарат ағынынан өзіне қажетті білімді қалай игеріп жатқаны, оның нәтижесінің қаншалықты маңызды екенімен бағаланады.

Жаппай білім мен дағды бірінші кезекте автоматтандырылған жүйе арқылы (бірінші кезеңде – аралас онлайн/оффлайн формат арқылы, әрі қарай толық автоматтандырылған тәлімгер-жүйемен жұмыс арқылы) беріледі. «Тікелей бетпе-бет» білім өте қымбатқа түседі, негізінен ұзақ білім алу түрінде емес, қысқа қарқынды сессия түрінде ұйымдастырылады. Білім алудың мазмұны жалпыға қолжетімді ақпараттардың берілуі мен ескірген кертартпа жаттығуларды өңдеуге емес, шығармашылық ойлауға жетелейді.

Адамның өмірінің алғашқы жылынан соңына дейін шеберлігі мен жетістіктерін бағалау күзиреттілігі қалыптасады. Адамның білімі, әлеуметтік белсенділігі, кәсіби қызметі – барлығы өзара байланысты қарастырылады. Бұл әрбір жеке тұлғаны тек академиялық жетістіктеріне қарап емес, басқа да қырлары бойынша кешенді бағалауға мүмкіндік береді (Luksha P., Peskov D: 2013).

Қазірдің өзінде оқу процесін бақылау мен бағалаудың түрлі параметрлері енгізіліп келеді. Болашақта оның барысын объективті психофизиологиялық параметрлер (онлайн нейроинтерфейстер мен биомониторлар) арқылы бағалауға мүмкіндік туады. Білім жетістіктерін бағалау «квест ойын динамикасы» сияқты үздіксіз бағалау процесіне құрылады. Яғни, адамның күні бойы істеген ісі, кәсіби шеберлігі, саламатты өмір салтын ұстануы, әлеуметтік белсенділігі және т.б. онлайн параметрлер бойынша бағаланады.

Оқу процесін жүргізуші тарапынан білімнің жеке стилін анықтау құралдары, тапсырмаларды орындаудың жұмыс қарқыны, білім алушыны оқуға тарту т.б. құралдар дамитын болады. Білім алушы тарапынан оқу процесінің қызықтығын, толықтығын, жан-жақтылығын және қолжетімділігін шынайы бағалау мүмкін болады. Бұл оқу процесінің таралуына мүмкіндік беріп, өз бетінше білім алуды жеңілдетеді (www.refuture.me).

Бұл айтылғандардың біразы білім беру жүйесіне қазірдің өзінде ене бастады, әрине болашақта да атқарылатын міндет болмақ.

Осыған орай оқытушыға да көптеген міндеттер жүктеледі: кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыру, оқу үрдісіне қойылатын жаңа талаптарды орындау, сапалы, заманауи оқулықтар мен оқу құралдарын жазу және т.б.

2. Эксперимент

Болашақ ұрпаққа сапалы білім беру, рухани тәрбиені бойларына сіңіру үшін заманауи сұранысқа ие, сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу – ең негізгі мәселе болып табылады. Әсіресе, рухани байлығымыздың түп негізі – мемлекеттік тілді құрметтей білетін, қазақ тілінде өз ойын еркін де, сауатты жеткізе білетін ұрпақ тәрбиелеу ұстаздарға аманат етіп тапсырылатын үлкен жауапкершілік. Себебі тіл мамандары қазақ тілінің бай әлеуетін болашаққа жеткізетін, тіліміздің ғылыми-теориялық негізін, практикалық ізденістерін дамытатын бірден-бір алтын көпір.

Қытайдың атақты философы Конфуций: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды», – деп тілдің басқа ұлттық құндылықтардан бір саты биік тұратынын ерекше атап көрсеткен екен (N.Elmuratov. Тіл – ult tutastyhgynyn tughyry. <https://egemen.kz/article>).

Қазіргі таңдағы тілді меңгерудің озық тәжірибелеріне зер салып қарасак, тіл үйренушілердің өздігінен ізденуіне, алған білімін нақты тәжірибеде қолдана алуына бағыттайтын жаңа технологиялардың белсенді түрде енгізіле бастағанын айтуға болады. Мұндай тұлғалық бағдарға негізделген білім беру жүйесіне басымдылық берілуі инновациялық технологияларды кең түрде зерттеп, оларды оқыту үдерісіне біліктілікпен батыл енгізудің қажеттігін талап етеді. Бұл өз кезегінде жеке тұлғалық мәдениет пен танымдық-практикалық қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін осы бағыттағы ізденістерді кеңейтудің және сол технологияларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеп зерттеудің көкейкестілігін дәлелдейді. Ол үшін тіл

мамандарына түпкілікті нәтижеге әкелетін тиімді оқыту технологиясын таңдап, оның оңтайлы шешімін табатын сара жолда ізденімпаздық қажет.

Өздеріңізге белгілі, дәстүрлі білім беру жүйесіндегі шыққан қазақ тілі оқулықтары өз кезеңіндегі ең тиімді білім берудің таптырмас құралы болды. Бұрынғы классикалық үлгідегі «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу құралдарын ашып қалсаңыз, тілге қатысты ережелер, оған машықтандыратын жаттығулар, оны бекітетін ұғым мен түсініктер мол болатын. Бірден қазақ тілі пәнінің мақсат-міндетіне сай жазылған дүние екендігі аңғарылып тұратын. Ол оқулықтардың тиімділігі сол – барлық пәндер бойынша іргелі білімге қол жетті, оқулықтармен бірнеше буын өкілдері оқыды, кітап мазмұны ондаған жылдар бойы өзгермеді, тұрақты болды. Әрбір басылымда кеткен кемшіліктер түзеліп отырды. Алайда ол кезеңде қазіргідей ақпараттар ағыны толассыз болған жоқ, сондықтан білім берудегі негізгі құрал – оқулық болды.

Өзге тілді аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысып жүрген ғалымдар, зерттеушілер көптеп саналады. Олардың әрқайсысы қазақ тілін оқытудың түрлі мәселелерін жан-жақты қарастыра жүріп, қазақ тілінің дамуына үлкен үлес қосты. Атап айтқанда, Ш.Сарыбаев, Ы. Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектұров, К.Сариева, А. Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б. Аталған ғалымдар қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың негізін қалап тіліміздің сақталуына, дамуына, таралуына жол ашты.

Мысалы, 1989 жылы Х. Қожахметованың «40 уроков казахского языка», 1994 жылы Ш. Бектұров пен А.Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығы, 1998 жылы Т.Аяпованың «Қазақ тілі» деп аталатын үш кітаптан тұратын кешенді оқулығы және т.б оқулықтар сол кезең үшін таптырмас құрал болды, қаншама буын осы ғалымдардың еңбектерін оқып қазақ тілін меңгерді.

Ал қазіргі жаңартылған білім беру оқулықтардың жаңа мақсатқа сай мазмұнын, қызметін, оқу материалдарын берудің әдістемесі мен тәсілдерін айтарлықтай өзгертуді, яғни жаңғыртуды талап етеді. Себебі кез келген мәліметті кез келген жерде алу мүмкіндігі үлкен көлемдегі оқу материалына қолжетімділікті қамтамасыз етіп отыр. Жылдам өзгеретін

ақпараттар ағымына оқулықтың мазмұны да, қызметі де сай келуі керек.

Осындай жағдайда оның қызметі қандай болуы керек? деген сұраққа жауап іздейік.

Оқулықтың ең бірінші қызметі – ақпараттылық. Алдымен алынған ақпараттар экстралингвистикалық, аксиологиялық тұрғыдан («Адам – Тіл – Қоғам – Мәдениет – Әлем») таңдалуы қажет. Демек, тілді қоғамның, мәдениеттің дамуымен байланыстыра қарастыру. Тілдің өмір сүру ортасы, яғни қоғамдағы ортаның ғылымы, экономикасы, техникасы дамыған сайын, тілі де өркендей береді. Тілдік қарым-қатынас, байланыс арқасында жаңа сөздер, сөз тіркестері пайда болады, қолданысқа түседі. Сөздік қор артады. Осындай сөз, сөз тіркестерін тілдің ішкі заңдылығына сай дұрыс дыбыстау, дұрыс қолдану қазақ тілінің болмысына әсерін тигізеді. Сондықтан ақпараттық-танымдық материалдар оқулықтарда сұрыпталып, талдаудан өтіп барып берілгені жөн.

Оқу бағдарламасына сай таңдалынған материалдардың мазмұны білім алушыларға рет-ретімен, анық баяндалуы және қолжетімді болуы керек. Оқулық мазмұны білім алушыны ізденістерге жетелейтін, практикалық қабілеттерін қалыптастыратын тапсырмалардан, жобалардан тұруы қажет. Таңдалып, сұрыпталған ақпаратта тілдік білімді жетілдіретін жаттығулар, тіл ұстарту жұмыстары, тапсырмалар мол болуы керек (Қазіргі оқулық, оқу құралдарындағыдай физика, химия, математика және т.б. кез келген салаға қатысты мәтіндерден гөрі сөз мәдениеті, тілдік қарым-қатынасқа, тілдік элементтерге негізделген ақпараттардың мол болғаны қажет-ақ. Тілді оқытудағы ең басты мақсаттан ауытқымау керек). Ақпарат мазмұны шынайы болуы керек. Қазіргі таңдағы білім алушы цифрлық қондырғылардың көмегімен кез келген жерде, кез келген көлемде және қолайлы түрде қарама-қайшылыққа толы сан алуан мазмұндағы ақпаратқа қол жеткізеді. Педагог ақпараттар ағынына сыни тұрғыдан қарап, шынайы құнды мәліметтерді қажетсізінен ажыратып алуға көмектесуі керек.

Қазіргі қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарында жоғарыда аталған қызмет мүмкіндігінше қарастырылған. Соңғы еңбектерде тілді таныммен байланыстыра қарау, тілдің коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметтеріне мән берілген. Ақпараттар жеткілікті,

жан-жақты. Алайда, мәтін таңдауда, сұрыптауда кемшіліктер кездеседі. Ғылым мен техниканың артқан заманында мәтін қызметін, негізгі қасиетін, маңыздылығын түсіну, оны қарым-қатынастың негізгі өңдеу нысаны етіп алу үшін зерттеу жұмыстарын жасау қажеттілігі туындайды.

Екінші қызметі – жүйелілік. Білім алушы оқулықтағы ақпараттың қандай бөлігі маңыздырақ екенін, қайсысы оңай игерілетінін, қайсысы қосымша екенін өздігінше ұғына алуы керек. Сабақ арасындағы байланыс, сабақтастық сақталуы керек. Алдында өткен сабақтағы тілдік материалдар келесі сабақтарда қайталау түрінде болса да көрініс табуы керек. Тілді үйретуге арналған материалдар деңгейге сай сұрыпталуы, жүйелі түрде берілуі керек. Грамматикалық тапсырмалар да, лексикалық тапсырмалар да белгілі бір жүйемен реттелуі керек.

Қазіргі орыс аудиториясына арналған оқу құралдарын ашып қалсаңыз, қазақ тіліне арналғанын, болмаса басқа пәнге арналғанын ажырату қиын. Тілді меңгертуге алған лексикалық тақырыптар барлық саланы қамтиды: информатика, тарих, биология, география, физика, химия, математика және т.б. Ал сол пәндердің мазмұнын қарасаңыз, тілге арналған материал таппайсыз. Алдыңғы буын өкілдері сияқты тілдің жан-жақты қырларын ашатын тақырыптарды неге алмасқа? Неге аспан әлемі, географиялық кеңістік, болмаса физикалық шама, элементтердің химиялық қасиеттері қазақ тілі оқулығында жүруі керек? Ол мақсатқа арналған «Кәсіби қазақ тілі» бар, осы пәнде әр саланың өзіне тән лексикасы, терминологиясы қарастырылады.

Ал грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырып арасында жүйелілік аса сақтала бермейді. Мәтін грамматикалық құрылымдарды меңгерту, коммуникация орнату және т.б. үшін беріледі. Сондықтан сол грамматиканы түсіндіріп, оның мәнін ашу үшін мәтін соған ыңғайлап, сұрыпталып, өңделуі керек. Алдыңғы аға буындардың еңбектеріндегі сияқты тіл ұстарту, жаттықтыру жұмыстары жыл өткен сайын азайып барады. Сыни ойлау, жағдаяттық тапсырмалар тек тілді белгілі бір деңгейде (B1) меңгерілген соң берілсе де жетеді.

Оқу құралының әдістемелік аппараты да интерактивті тәсілдерге бейімделген, ал иллюстрациясы тартымды, жоғары эстетикалық талаптарға сай болуы керек. Қазіргі білім алушының аудиовизуалды

қабылдау, клиптік тұрғыда ойлау жүйесі жоғары екені ескерілуі қажет. Демек оқулықпен ғана жұмыс істей бермей, қазақ тіліне арналған интернет-сайттарды да (kaz-tili.kz; til.gov.kz; tilalemi.kz; emle.kz; termincom.kz; mtdi.kz; atau.kz; sozdik.kz; www.lugat.kz; soylem.kz) және т.б. пайдалану тиімді болмақ.

Үйретушілік және бақылаушылық. Қазіргі заманның мұқтаждығына жауап беретін білім берудің мақсаттары ЮНЕСКО-да «Білім беру барлығы үшін» қозғалысының «Төрт бағаны» ретінде сипатталған, атап айтқанда: өмір сүруді үйрену; тани білуді үйрену; істей білуді үйрену; қатар өмір сүруді үйрену. Оқулықта өмірдің шынайы бейнесі көрініс табуы және ол сенімді ақпаратқа құрылғаны дұрыс. Өмірде басқа, кітапта басқа ақпараттарды игеру тіл үйренуші үшін өмір сүру барысында қиындық туғызатыны рас. Яғни, аутентті материалдарға мән берілгені жөн. Сол материалдар арқылы тіл үйренуші ойланады, салыстырады, өз бетінше талдау жасайды. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйренеді. Қазіргі оқулықтарда кездесетін «Шегенің ізі», «Кофе туралы» тәмсіл, «Әке мен бала», «Қисық ағаш» сияқты мысалдар соның айғағы. Оқулық арқылы білім алушы осы нәрселерге қол жеткізуі, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруы керек. Ал оқулық авторы мұндай материалдарға қол жеткізуі үшін ізденуі керек. Оған шығармашылықпен айналысатын уақыт керек. Қазақ тілі оқулықтары, оқу құралдары авторлары профессор З.Күзекова мен профессор З. Ерназарованың кітаптарында мәтін таңдау, материалдарды жүйелеп беру өте сәтті берілген, үлгі аларлық дүниелер жеткілікті.

Бағыттаушылық және ұйымдастырушылық қызмет. Ақпараттарды игеру мен жүйелеу білім алушыдан белгілі бір шеберлік пен дағдыны талап етеді: оқулық жүйелі ақпаратты қана қамтымайды, сонымен бірге оны қабылдау, меңгеру және қолдануға да оқытады. Оқулықтағы тапсырмалар дайын күйінде беріле салмай, оқушыға бағыт беру мақсатында, іздену мақсатында құрылса тиімділігі артады.

Лингвистердің пайымдауынша, қазіргі оқушы материалды зейін қоя тыңдай алмайды; материалды жаттай алмайды және ұзақ есте сақтай алмайды; салыстыру және талдау жасауда қиналады; тез шешім шығару мен тұжырым жасауда қиналады. 72%-ы – заттың, құбылыстың негізгі

белгілерін атай алмайды, 80%-ы – өз ойын тұжырымдап бере алмайды, 70%-ы – берілген статистикалық мәліметтер бойынша қорытынды жасай алмайды екен. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін тілдік тұлғаның бар ынтасын, назарын аудартатын, ойын бір ортаға шоғырландыратын тапсырмалар мен жаттығуларды қарастыру қажет-ақ. Орыс аудиториясы түгілі қазақ бөлімінің білім алушыларының өзі осындай кедергілерге жолығатыны аян. Сондықтан қазіргі заманға сай визуалды тапсырмалар: сызба, тірек, анимация т.б. түрде, түрлі аудио-видео тапсырмалар көбірек қамтылса, оқулық тілдік сұранысқа сай болмақ.

Қазақ тілі оқулықтарында соңғы он жылдар шамасында беріліп жүрген жағдаяттық тапсырмалар белгілі бір бағыт-бағдар алуға, өзіне қажетті білімді таңдауына, оны практикада бекіте алуға негізделеді. Тіл үйренуші алған тілдік білім бойынша жетістігі мен кемшілігін уақытында анықтап, себеп-салдарын талдауға үйренуі керек. Яғни, оқулықтың бұл қызметі тіл үйренушінің ойлау қызметінің даму деңгейін анықтауға, тіл үйрену барысындағы жеткен жетістіктеріне сараптама жасауға көмектеседі.

Тәрбие берушілік және дамытушылық. Қазақ тілі арқылы қазақ халқының бет-бейнесі көрініс табады. Ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық тәрбие, озық өнегелі дәстүр, адами құнды қасиеттер оқулық мазмұнында міндетті атрибуттардың бірі болып табылады. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Қазіргі таңда бірнеше тілді білетін, білімі мен біліктілігі жоғары маман жастарды көріп жүрміз. Өкінішке орай, сол жастардың ішінде өз ана тілін меңгеруге құлықсыз, өзінің тамырына терең бойлай алмайтындар да кездеседі. Тәрбие үш нәрсе арқылы беріледі: ата-ана, қоршаған орта және білім. Оқулық пен оқу құралының мазмұны білім алушының қабілетіне сай жеке тұлға ретінде қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталуы керек. Оқулық авторының негізгі мақсаты да сол – білім бере отырып еліміздің ұлтжанды, патриот азаматын тәрбиелеуге, жеке тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

3. Нәтиже мен талқы

Ал енді осы негізгі талаптарға қазіргі таңдағы оқулықтар жауап беріп жатыр ма деген сауалға келсек, алдымен Қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарын оның мақсаты мен міндеттеріне орай төмендегідей жіктеп көрсетуге болады:

1. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту құралдары;
2. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту құралдары;
3. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту құралдары;
4. Қазақ тілін филолог мамандарға оқыту құралдары.

1. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту құралдары.

Атына сай бұл оқу материалдары шетелдік азаматтарға арналады. Әлемдік стандарт бойынша тілді оқытудың А1 деңгейін қамтиды. Қазақ тілін әліпбиден бастап, өмір сүруге қажетті белсенді қолданылатын лексикалық минимумды үйренуден бастайды. Қарапайым деңгейде (А1) –лексикалық минимум 800 бірлікті, базалық деңгейде (А2) – 1783 бірлікті құрайды. Қарапайым деңгейдің мақсаты – қазақ тілі туралы жалпы мағлұмат бере отырып, қазақ халқының мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлерімен және т.б. таныстыру.

Қазіргі уақытта қолданыста жүрген А1 деңгейіне арналған оқу құралдарына тоқталайық. Ол – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы, ф.ғ.к. Гүлбағиша Мұсаеваның «Қазақ тілі шет тілі ретінде» деп аталатын оқу құралы (Musaeva G.A.: 2017: 244).

Оқу құралы бастауыш деңгейге арналғандықтан, күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салаларға байланысты диалогтер берілген. Коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге (түсіну, жауап қайтару, пікір білдіру) арналған тақырыптар (танысу, зат немесе нәрсе туралы мәлімет сұрау, отбасы мүшелері, заттың саны, мөлшері, адамның жас мөлшері, туған жер, мамандық және іс-әрекет, азық-түлік, киім кешек атауларын білу, заттың және нәрсенің қажеттілігін сұрап білу және т.б.), қарапайым деңгейге арналған тілдік құралдар (жалғау мен жұрнақтар, зат есімнің қарапайым түрі, сан есім, етістік, үстеу, шақтың жеңіл түрі, рай және т.б.) қамтылған. Оқу құралы

басында бастауыш деңгейге арналған тапсырмалар сәтті басталады да, соңында материалдар күрделі болып кетеді. Таза бастауыш деңгейдегі тіл үйренушілерге арналмаған сынды.

Қазақ тілін меңгертуге арналған оқулықтардың ішінде «Қазтест» жүйесі бойынша әзірленген «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей» деп аталатын (Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Xyng A.T., Seysenova A.D. 2016; Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Xyng A.T., Hazimova A.J., Salihova B.O.: 2016-320 б.) оқулық көш бастап тұр.

Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейіне арналған оқулық «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде жазылған. Оқулықпен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға академиялық мобильділік арқылы келген шетелдік студенттерге сабақ өткізгенімізде тіл үйренушілердің қызығушылығын туғызатынын, қазақ тілінде сөйлеуге дағды қалыптастыратынын байқадық. Лексикалық тақырып пен грамматикалық материалды үйлестіре байланыстыру, жеңілден күрделіге қарай кезең-кезеңмен сабақтаса өтіп отыру, сөйлеу әркетінің: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым тапсырмаларының сәтті тандалып алынғаны қуантады. Жағдаяттық тапсырмалар тіл үйренушінің сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға, ойлауға жетелесе, лексикалық тақырыптары күнделікті қоршаған ортадағы түрлі аутенттілік жағдайларды қамтып, қызықты әрі тартымды етіп берілген. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестері сұрыпталып, тіл үйренушінің деңгейіне сай құрылған. Тілді үйретуге арналған түрлі әдіс-тәсілдер тиімді тандалған. Оқулықтың безендірілуі де эстетикалық талапқа сай. А1 қарапайым және А2 базалық деңгейдегі «Қазақ тілі» оқулығымен тіл үйренген студенттер сөйлеу дағдыларын тез меңгеріп, сабақ барысында белсенділік танытып отырды, әрбір сабақ студенттерді жалықтырмай, керісінше қызығушылықтарын оятып отырды.

Алайда әр тақырыпқа берілетін 2-3, тіпті одан да көп грамматикалық тақырыптар оқулықты күрделендіре түседі. Мысалы, А2 деңгейіне арналған кітаптың III бөлігі «Әуесқойлық» деп аталады. 1-сабақта: нақ осы шақ, күрделі түрі; -нан астам; -шы,-ші жұрнағы, 2-сабақта: -ша, -ше жұрнағы; -лық жұрнағы; жинақтық сан есім; шартты рай сияқты грамматика беріледі. Грамматикалық материалдар белгілі бір жүйемен, «жеңілден күрделіге қарай» ұстанымымен реттелсе, оқулықтың мәнін аша түсер еді.

Ал kaz-tili.kz сайтындағы Татьяна Валяеваның «Грамматика казахского языка. Просто о сложном» деп аталатын кітабы бірден-бір қолжетімді интернет-ресурс болып табылады. «Үздік білім беру сайты» атағына лайық. Автордың еңбекқорлығы танданыс тудырады. Сайт күн сайын жаңа материалдармен толығып, жаңарып отырады. Белгілі бір материалды өткен соң «Проверь себя!» деген интерфейсін басып, жаттығу жұмыстарын жасау өте ыңғайлы. Тыңдалымы да бар. Грамматикалық ережелер сызба, кестемен берілген. Жаттығу жұмыстары бірлі-жарым кателеріне қарамастан сәтті таңдалған.

Кемшілігі – қазақ тіл білімі саласы толық қамтылмаған. Сайт тек орыс тілділер үшін. Басқа орыс тілін білмейтін шетелдік азаматтарға ыңғайсыз. Ауған, түркмен, қытай, жапон студенттері бұл сайттың тілі орысша болғандықтан түсінбейді. Тек қазақстандық азаматтарға, не болмаса орысша білетіндерге арналған сияқты. «Сказки-Ертегі» деп аталатын интерфейсінде қазақ халқының танымына сай, ұлттық мән-мағына беретін ертегілер жоқ, әлем ертегілері берілген. «Қоянның құлағы неге ұзын?», «Мақтаншақ қоян» сияқты ертегінің желісі түсініксіздеу. Алайда осы ұсыныс-пікірлер ескерілсе, сайттың танымалдығы арта түсер еді.

Сайт соңында кері байланыс бар. Ескерту, ұсыныс қалдыруға болады. Автор оларды ескеріп, түзеп отырады.

2. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту құралдары.

Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесіндегі айрықша өзгерістер «адамның еркін дамуына», оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, икемділігін дамытуға басым бағыт береді. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, олар икемді пен білімді болуға тиісті», – деп көрсетілгендей, маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты. Оқытуды дұрыс ұйымдастыру үшін бағдарлама мен соған сай әзірленген оқулық пен оқу құралдардың сапасы жоғары болуы керек.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың мақсаты – коммуникативтік, тілдік, мәдени-танымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешу. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгерту мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады.

Сөйлеу тілінің: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттері оқулықтың басты ұстанымы болуы керек. Бұл аспектілер тіл үйренушінің тілдік қарым-қатынас құзыретін қалыптастыруы үшін маңызды.

Осындай мақсат-міндет жүктелген ЖОО-ға арналған оқулықтар мен оқу құралдары жыл өткен сайын санымен де, сапасымен де толығуда. Қазір қазақ тілін өзге аудиторияда оқытатын мамандарға таңдау жеткілікті. Студенттердің бейіміне, ынтасына, сабақ жоспарына, оқу бағдарламасына сай оқулық пен оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендерді оңай табуға болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ тіл білімі кафедрасында соңғы бес жыл ішінде (2015-2019 ж.) 36 кітап басылып шығыпты. Оны (<http://pps.kaznu.kz/1/Main/ChairPublications>) сайтынан көре аласыз. Оқу материалдарының ішінде бастауыш деңгейге, орта деңгейге, жоғары деңгейге арналғаны да, кәсіби мақсатқа жазылғаны да, әдістемелік көмекші құралдар да бар.

Тілді бастауыш деңгейде оқытуға арналған Қ. Қарабаеваның (Qarabaeva Q.A.: 2014), Ж. Абдрахманованың «Қазақ тілі» оқу құралы (Abdrahmanova J.A.: 2015.), А. Салқынбай, Н. Егізбаеваның кешенді (қарапайым, базалық, орта деңгей) оқу құралын (A.B. Salqinbay, N.J. Egizbaeva. Qazaq tili. Qarapayım dengey: 2017; A.B. Salqinbay, N.J. Egizbaeva. Bazalıq dengey: Almatı: 2017.; A.B. Salqinbay, N.J. Egizbaeva. Qazaq tili. Orta dengey: 2017.) аудиторияда қолданып жүрміз. Тіл үйренушілердің сенімінен шыға білген кітаптар.

Ал орта деңгейге арналған Ш. Рамазанова (Ramazanova Sh.A.: 2017), А. Аширова (Ashirova A. T.: 2014), Р. Өмірбекова, Н. Мәтбектің (Ymirbekova R.K., Matbek N.Q.: 2016) оқу құралдары сұранысқа ие кітаптар. Кәсіби бағыттағы оқу құралдары да практикадан өткен, сұрыпталған. Жоғарыда аталған оқулықтар мен оқу құралдары тек тілді оқытуға арналғандары ғана. Ал тілдің теориясына арналған кітаптардың саны да жетерлік.

Алайда осындай дүниелердің бар екені көпшілікке беймәлім. Жарнамаланбайды. Әрбір ЖОО-нда осындай шамадағы кітаптар шығып жатыр. Олардың санына статистика жасайтын, сапасын сараптайтын материалдар жоқтың қасы. Әрбір маман өз мүмкіндігіне орай еңбек етуде, зерттеу жүргізуде. Ішінде жаңалыққа толы, аудиторияның қызығушылығын туғызатын дүниелер де, аудиторияның наразылығын туғызатын дүниелер де жетерлік.

Мектеп оқулықтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бойынша сараптамадан өтіп, өндіріске барады. Ал ЖОО-нда тек Республикалық оқу-әдістемелік орталыққа (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де) түскен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жасалады. Ал Редакциялық баспа кеңесінен (РИСО) өтетін кітаптарға тек кафедра көлемінде ғана сараптама жасалады.

Қазіргі таңда баспадан шыққан оқу құралдарының орнын электронды оқулықтар мен оқу құралдары алмастыруда. Электронды оқулықтар тиімді, оны «үздіксіз білім беру» жүйесі бойынша үнемі жаңартып отыруға, толықтыруға болады. Электронды оқулық арқылы сабақтағы материалдарды өту, тапсырма беру, оның орындалуын бақылау мен бағалау жүйесі автоматты түрде жүзеге асады, бұл оқытушының бағалауға арнайтын уақытын ұзартады. Қайталау, пысықтау жұмыстары үнемі жүріп отырады. Студенттің тілдік білімі мен икемділігі жеке көрініс табады. Сөйтіп ғылыми-ізденіс жұмыстарына жұмылдыруға мүмкіндік туады. Оқу процесін оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету жеңілдейді. Қазіргі цифрлық оқулықта 5 жаңа педагогикалық құрал қолданылуы керек:

- интербелсенділік,
- мультимедиа,
- модельдеу,
- коммуникативтілік,
- өнімділік.

Мультимедиа қажетті нысан туралы шынайы көріністі қамтамасыз ететін болса, интербелсенділік кері жауап алу мен ықпал етуге мүмкіндік береді. Ал модельдеу зерттелетін нысан мен үрдістерге тән реакция – кері байланысты жүзеге асырады.

Егер интербелсенділік пен мультимедиаға модельдеу қосылса – бояма суреттер мен дыбыс-бейне көріністер арқылы өтілетін тақырыптың шынайы мәні ашылады.

Smart-оқулық инновациялық технологиялар мен Интернет-ресурстарды қолдана отырып жасалатын және жаңартылып отырылатын кешенді оқу материалы. Білім алу кезінде өз саласына қатысты түрлі сілтемелер мен ресурстарды кез келген уақытта, кез келген жерде алуға болатын оқулық. Smart-оқулықтардың негізгі бағыттарына: анимациялық контент, бейнеконтент, аудиоконтент, eStream (ағымдағы бейне(видео)), ТҮРО-сызба, 3D-сызба және т.б. қарапайым оқулықта қолданылмайтын элементтер кіреді.

Smart-оқулықтың құрылымын сабақ беретін оқытушы жасайды. Негізгі мақсаты – тақырыпты жақсы меңгеру үшін оқыту кеңістігін құру. Оқулық бір жағынан оқытудың жеке траекториясын қамтамасыз етуі керек, екінші жағынан бағдарламалық материалдарды беру нақты, оңтайлы болуы керек.

4. Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ тілін оқыту үдерісінің ғылым нысанына айналуы – қазақ тілін оқыту барысының заман өзгерісіне дер кезінде бейімделу жолдарын танып талдау, практикаға енгізудің тиімді де нәтижелі тетіктерін анықтаумен байланысты. Осыған орай қазақ тілін оқыту әдістемесі де, соған сай жазылған еңбектер де жан-жақты дамып келеді. Қазақ тілін өнімді етеміз десек, онда ең алдымен оқулық мәселесін

мықтап қолға алуымыз керек. Мейлі ол қарапайым оқулық болсын, мейлі ол электронды, смарт оқулық болсын, ең алдымен қазақ тілінің жан-жақты қырларын ашуға бағытталуы керек. Оқулықтың сапасы дұрыс болу үшін бірнеше мәрте сараптамадан өтіп барып, баспадан шығуы керек. Ол үшін білім беру бағдарламасы жиі өзгере бермей, тұрақталуы керек. «Оқулықтану ғылымы» дейтін термин қолданысқа енгізіліп, оның сапасына жауап беретін білікті де әдіскер қазақтілді мамандар іріктеліп алынуы керек. Оқулық жазбаған мамандарға күрделі де, қиын жұмысты сеніп тапсыруға болмайды. Мектеп оқулықтарына мектепте жүрген ұстаздар, ЖОО оқулықтарына сол жерде қызмет істеп жүрген, қырсырын жақсы меңгерген мамандар тартылуы керек.

Оқулықтың мазмұны да, безендірілуі де өте маңызды болып есептеледі. Себебі кітап адамның өмір сүру дағдысына, қалыптасуына әсер етеді.

Әдебиеттер

- 1 Лукша П., Песков Д. Будущее образования: глобальная повестка// Глобальный форсайт образования. – 2013. www.refuture.me
- 2 Елмұратов Н. Тіл – ұлт тұтастығының тұғыры. <https://egemen.kz/article/ult-tutastyghynyn-tughyru>.
- 3 kaz-tili.kz, til.gov.kz, tilalemi.kz, emle.kz, termincom.kz, mtdi.kz, atau.kz, sozdik.kz, lugat.kz, soylem.kz
- 4 Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі – шет тілі ретінде (Базалық деңгей). 1-кітап. – Оқу құралы (Өңделіп толықтырылған, 2-басылымы). – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 244 б.
- 5 Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: Қарапайым деңгейге арналған оқулық. Астана, 2016. – 268 бет.
- 6 Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: Базалық деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2017. – 320 бет.
- 7 <http://pps.kaznu.kz/1/Main/ChairPublications/510/1/0/2013>

- 8 Қарабаева Қ.А. Қазақ тілі: Қазақ университеті, 2014 г. –145 бет.
- 9 Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 112 бет.
- 10 Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж.. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 144 б.
- 11 Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж.. Қазақ тілі. Базалық деңгей: қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 140 б.
- 12 Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж.. Қазақ тілі. Орта деңгей: қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 124 б.
- 13 Рамазанова Ш.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 222 б.
- 14 Аширова А.Т. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 126 б.
- 15 Умирбекова Р.К., Мәтбек Н.К. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.

References

- Abdrahmanova Zh.A. (2015). Qazaq tili: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. Pp. 112. (In Kazakh)
- Ashirova A.T. (2014). Qazaq tili: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P.126. (In Kazakh)
- Elmyratov N. (2016). Til – ult tutastygynyn tugyry. <https://egemen.kz/article/ult-tutastygynyn-tugyry>. (In Kazakh)
- Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Hung A.T., Sejsenova A.D. (2017). Qazaq tili: Qarapajym dengejge arnalgan oqulyq. P. 268 (In Kazakh)
- Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Hung A.T., Hazimova

- A.ZH., Salyhova B.O. (2017). Qazaq tili: Bazalyq dengejge arналған оqulyq. P. 320. (In Kazakh)
- Qarabaeva Q.A. (2014). Qazaq tili: Qazaq universiteti P. 145. (In Kazakh)
- Luksha P., Peskov D. (2013). Budushchee obrazovaniya: globalnaya povestka. Globalnyj forsajt obrazovaniya. www.refuture.me (In Russian)
- Musaeva G.A. (2017). Qazaq tili – shet tili retinde (Bazalyq dengej). 1-kitap. – Oqu quraly (ondelip tolyqtyryлған, 2-basylymy). – Almaty: «Qazaq universiteti». P. 244 (In Kazakh)
- Ramazanova Sh.A. (2017). Qazaq tili: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P. 222. (In Kazakh)
- Salqynbaj A.B., Egizbaeva N.Zn. (2017). Qazaq tili. Qarapajym dengej: qazaq tilin shet tili retinde oqytuga arналған oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P. 144. (In Kazakh)
- Salqynbaj A.B., Egizbaeva N.Zn. (2017). Qazaq tili. Bazalyq dengej: qazaq tilin shet tili retinde oqytuga arналған oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P.140. (In Kazakh)
- Salqynbaj A.B., Egizbaeva N.Zn. (2017). Qazaq tili. Orta dengej: qazaq tilin shet tili retinde oqytuga arналған oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P.124. (In Kazakh)
- Umirbekova R.K., Matbek N.Q. (2016). Qazaq tili: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti. P. 220. (In Kazakh)
- kaz-tili.kz, til.gov.kz, tilalemi.kz, emle.kz, termincom.kz, mtdi.kz, atau.kz, sozdik.kz, lugat.kz, soylem.kz.
- <http://pps.kaznu.kz/1/Main/ChairPublications/510/1/0/2013>

БӨЛІМ 5

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ : «ЖАЗҒАН СӨЗ
ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА»**

ІСІМАҚОВА А.С.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ : «ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА»

Ісімақова А.С.

филология ғылымдарының докторы, профессор

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.
А. Байтұрсынұлы*

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алаш-орда» үкіметінің негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913–1918) ұйымдастырушысы әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872–8.12.1937) қазіргі Қостанай облысындағы Сарытүбекте (Торғай уезінің Тосын болысы, №5 ауылы) дүниеге келген. Архив деректеріне жүгінсек, А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырылған «Ағартушылық халық комиссариатының қызмет тізімінде: «5 сентябрь 1872 г.р.» (ҚРОМО, 81-қ, 1-тізім) деп жазылған. Тағы осы қордағы: «Жауапты қызметкерлер анкетасында»: «...1872 г., 5.IX урож. Торгайского уезда» деп көрсеткен.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел қамы үшін Яковлев деген Ресей

патшасының жергілікті уез бастығына қарсылық көрсеткендері үшін бас бостандықтарынан айырылып, 15 жылға яғни 1885 жылы Сібірге жер аударылады. Өзінің күрескерлік жолға түсуіне осы оқиғаның тікелей әсері болғанын ақын Ахмет «Анама хат» өлеңінде:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам?! – [1: 115] деп еске алған.

Әкесінің інісі Ерғазының тәрбиесінде болған Ахмет бастауыш білімді Ыбырай Алтынсарыұлы негізін қалаған қазақ мектебінде алып, 1891 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді. 1896–1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық және болыстық мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Білім беру жүйесімен ерте таныс болған ғалым осы саладағы қажеттіліктерге ерекше назар аударған. Ғалым қазақ мектебіне арналған оқу құралын қолға алып, кейін қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми заңдылықтарын түсіндіретін теориялық еңбектер жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған өзгерістердің ұйытқысы болды. Ұлт ұстазының жан-жақты қоғамдық-саяси қызметі мен ел тарихында алатын орнын көрсету тарихшылар зерттеулерінде оң шешімін тапқан. Солардың ішінен академик М.Қозыбаевтың «Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы», «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» [2: 103-121], К.Нұрпейісовтың «Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» [3: 11] және профессор М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», «Саяси элита және ұлт мүддесі» [4: 195-210] атты ғылыми зерттеулерін ерекше атап өту қажет.

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы қалың қазақ бұқарасының мұң-мұқтажын көздеген ойларға толы мақалалар, мысал мен намысты қайрайтын өлеңдер жазады. Бүкіл саналы ғұмырын халықтың білімін, рухани санасын көтеруге, намысын маса боп шағып, оятуға арнаған бірегей саяси тұлға.

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болып, Қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттігі үшін саяси күресте шыныққан тарихи қайраткер. Ғалым Алаш (1919) басшылығының келісімімен Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалды яғни совет өкіметі кезінде де қай қызметте болса да Алаш идеясын іске асыруға тырысты. Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан халық комиссариаты Академиялық Орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оқу орындарының профессоры болды.

А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның шын аты – Алек–сандра Иванқызы Журавлева. ҚазКСР Жоғарғы Сотының 25.06.1990 жылғы 12.118 нөмірлі «Ақтау туралы анықтамасына» сүйенсек, Б.Бадрисафа 1878 жылы Орал өңірінде туған. Бадрисафа аталуына онымен некелескенде Ахмет Байтұрсынұлының жарына мұсылманша есім тандап алуы себеп болған.

Ілияс Байтұрсынұлының «Алтын бесік» (Қостанай, 1998) атты кітабында Бадрисафаны Ахметтің туыстары «ақ келін» деп атағанын еске түсіріп, бұл атауға оның алтын мінезі толық сәйкес келгеніне тоқтала келіп: «бадрун» арабшадан «толған ай», ал «сафа» «кіршіксіз таза» деген ұғым екен [5: 200]. «Бадрисафа жеңгемнің арқасында бойыма күн санап әл бітіп, бірте-бірте адам қатарына қосылып, құлантаза сауығып алдым. Аллаға мың да бір алғысымды айтып жүрдім-ау... Бадрисафа көрікті еді. Мейірімді еді. Мұсылманша киініп жүретін. Намаз оқитын. Жұмсақ, майда сөйлейтін. Аханды «төрем» деуші еді» [5: 38].

М.Әуезовтің де кезінде: «Ахмет Қостанай уезіндегі Әуликөл деген жерде екінші рет оқытушы болған», – деп жазғаны белгілі. Ал Ілияс Байтұрсын жоғарыда аталған еңбегінде А.Байтұрсынұлы ХІХ ғасырдың соңында Аманқарағай ауылында мұғалімдік қызмет атқарғанда тұрған

пәтері Александраның (Бадрисафаның) ата-анасының Әуликөл жағасында орналасқан үйі болғаны, осы елді мекен тұрғындары ұстаздың құрметіне көлдің атауын «Мұғалімкөл» деп өзгерткені туралы мағлұмат келтіреді [5: 199].

1896 жылы Ахаң мен Бадрисафа Қарқаралыға келеді. Қарқаралыдағы күндері тарих парақтарынан белгілі. Алты Алаштың ардақтысының бұл қалада атқарған қоғамдық қызметі туралы толық мәліметтермен тарихшы М.Құл-Мұхаммедтің «Алаш ардагері Жақып Ақбаев» атты зерттеуімен танысуға болады. Осы кітапта: «Байтұрсынов 1909 жылғы 1 шілдеде тұтқынға алынып, түрмеге қамалды», – деп жазылып, бұл мағлұмат: «А.Байтұрсыновтың зайыбы Бадрисафа Байтұрсынова Дала генерал-губернаторына телеграмма салып, онда А.Байтұрсыновтың Қарқаралыда қамауға алынып, Семейге жөнелтілгенін, түрмеде отырғанын хабарлаған. Ол А.Байтұрсынов жөнінде партиялық негізде қазақтар жалған айып тақты деп санаған еді. «Енді күйеуіме «қырғыздарды өкімет орындарына бағынбауға итермеледі» деген айып тағылып отыр дейді. Осындай ауыр айып тағылғанына қарамастан тергеу осы кезге дейін жүргізуге кірісілген жоқ» (ҚР ОММ. 64-қ., 5832-іс. 51-52-п.). Ол тергеу жүргізудің тездетілуін, ал егер оған негіз жоқ болса, оны қамаудан босатуды сұраған. Алайда телеграмма: «Босату туралы өтініш қабылданбасын» деген бұрыштама соғылды», – деп толықтырылған [6: 54-55].

А. Байтұрсынұлының: «Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер, қалса адамың, қуылмаған» – деп басталатын өлеңі ақын-азамат өмірінің осы кезеңінен хабар береді.

1910–1917 жылдары Орынбор қаласына жер аударылып, бақылауда жүрген А.Байтұрсынұлы жеке еркіндігінің осыншалық шек-телуіне қарамастан патша өкіметінің қазақ халқын экономикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-рухани жағынан да отарлау саясатына, халық санасының жойылуына, оның діні, тілі, ділінің қорлануына қарсы нақты істердің басында болды. Баршаға белгілі себептермен тәуелсіздігінен айырылған еліміздің ұзақ уақыттан кейін мемлекеттік құрылымға ие болуының алғашқы мүмкіндігі пайда болған шақтарда асқан көреген де білгір саясаткер екендігін танытқан А.Байтұрсынұлына қазақ халқы мәңгі борыштар екенін де ұмытпағанымыз жөн.

Бұл туралы жоғарыда аталған кітапта: «Алашорда қайраткерлері халықтардың өзін-өзі билеу құқығын жариялап қана қоймай, соны-мен бірге Түркістан автономиялы республикасын құрып, РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімін ашқан совет өкіметі жағына көз тікті. Байтұрсынов совет өкіметі жағына шығып, Қазақ әскери-революциялық комитеті мүшелерінің бірі болды. Ол Алашорда қайраткерлерін совет құрылысына тарту жөнінде белсенді қызмет жүргізді. Алашорда бағдарламасын іске асырудың басқа жолы болмағандықтан, ол оны советтік автономия арқылы жүзеге асыруға болады деп санады» [6: 85], – деп жазылған.

А.Байтұрсынұлы қандай қиын-қыстау жағдайға тап болса да ұлт мүддесін, серіктестерін ешқашан сатпағанын, адамгершілік- азаматтық бағытынан ауытқымағанын, Қазақ өлкесі Әскери-революциялық кеңесінің қазақ халқын біріктіру және оны совет өкіметі жағына тарту туралы мәселені қараған 1919 жылғы 27 қазанда өткен мәжілісінде сөйлеген сөзі арқылы тағы да дәлелдеді. Осы мәжілістің хаттамасында кездесетін: «Байтұрсынов жолдас мыналарды ұсынды: 1) Қазақ ревкомы қырғыздарға совет өкіметінің қырғыз халқына жалған емес, шын мәнінде автономиялық өзін-өзі басқаруды бергенін айқын көруі үшін дербес іс-қимыл көрсететін болсын; 2) барлық қазақтарға, соның ішінде, ақтар жағында совет өкіметіне қарсы күресіп жүрген Торғай және Орал алашордашыларына совет өкіметі жағына өткен жағдайда кешірім жариялансын; 3) жергілікті жерлерде совет өкіметі халық сенімін қамтамасыз ететін мейлінше ақылға қонымды іс-әрекет жасауға және сол арқылы ақтар жағында жүрген және совет өкіметіне сенбестікпен қарайтын адамдардың совет өкіметі жағына өтуіне жәрдемдесуге шаралар қолданатын болсын» [6: 85], – деген жолдар осының айқын айғағы.

Жалынды да ойлы көсемсөз шебері, баспагер әрі ұйымдастырушы Ахмет Байтұрсынұлы өзі құрған «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалануды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсатын «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Бас редактор ретінде ол сол кездегі білімді, зерделі азаматтардың басын қосып, оқу-ағарту, ұлт, жер, тіл мәселелерін батыл көтерді.

Бұл газеттің қазақ ұлты тарихында алатын орны қандай? деген сауалға жауап іздегенде, М.Әуезовтің 1923 жылы жазған төмендегі пікірі бірден ойға оралады: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығына жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ, жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген ескегі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын.

Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой тү-сіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын» [7: 69].

Осы орайда ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Кеңес Нұрпейіс былай дейді: «Міржақыптың «Оян, қазағындағы», Ахметтің «Маса- сындағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары «Қазақтың» беттерінде нақтыландырыла, өткірлендіріле түсті. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастырды» [8: 11].

Халқымызды жарқын болашаққа бастауға бар ғұмырын арнаған Ақаңның есімі тек ХХ ғасырдың соңында ғана өз елімен қайта қауышты. 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ КСР Жоғарғы Соты «А.Байтұрсынұлының қылмысы жоқ» деген шешім қабылдап, оның ақталуына жол ашты.

ҚКП Орталық Комитетінің «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» (1988) Қаулысы қазақ елінің рухани өміріне үлкен серпіліс әкелді. Бұл есімдерді бұрын естімеген біздің ұрпаққа көп кешікпей осы тізімді жалғастырып ақталған Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейхан, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбай, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашұлы, Х.Досмұхаметұлы, Ж.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, т.б. қайта басылып шыққан кітаптарындағы тұжырымдылық пен дәлдік, мазмұндылық, көркемдік пен шеберлік ерекше әсер етті.

Ұлт ғылымын, мәдениетін, әдебиетін жаңа, биік деңгейге көтерген осынау буынның Темірқазығына айналған тұлға Абай екені олардың арнайы мақалаларынан байқалады. Бұл – классикалық мұраны мойындау ғана емес, Абай мұрасындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық кодты отарлаудан сақтап қалу еді. Осы топтың басшыларының бірі А.Байтұрсынұлы реформаторлық тұрғыдан мақаласының атына өзекті, өзінің замандастары ғана емес, бүгінгі ХХІ ғасырда мойындалып отырған тұжырым қояды яғни Абайдың «Қазақтың Бас ақыны» екенін өзге жұртқа да, өзімізге де жете ұғындырады.

Осы зерттеуінде А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның кейінгі қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылап берді. Бүгінгі абайтанушыларға сара жол нұсқап, Абай шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең ғылыми негізге сүйене отырып, тұңғыш рет ашып көрсетті: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармап жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады» [1: 154]. Аталған мақалада Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ «шығармашылық» категориясы ұғымына нақты теориялық анықтама берді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деген ой қорытындысын жасайды [1: 158].

Әлихан Бөкейханның 1905 жылы Семипалатинский вестникте жарық көрген тұңғыш абайтанулық мақаласынан кейін қазақ әдебиеттануында

абайтанудың берік іргетасы осылай бекітілді. «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын көп оқыған... Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың сөзін мың қайтара оқып жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасына түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті «Осының мағынасы не?» деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда... Оған оқушы түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» [1: 162], – деп түйіндеген Ахмет Байтұрсынұлының мұндай ойларын өзгеге өсиет ретінде ұсынып қана қоймай, өз өлеңдерінде де іске асырғанына оның «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтары дәлел.

Бұл суреткерлік көзқарастың А.Байтұрсынұлы стиліне тікелей әсер еткенін М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында «Екеу» деген бүркеншік есіммен жария-ланған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында қазақтың Бас ақынынан кейінгі орынға қоюға болатын тоғыз ақынның есімін атап, оларды үш жікке бөлуінен аңғарамыз: «Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шаһкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңінің сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады,

...Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір

өнері – переводқа шеберлігі» [9: 93-94], – деп ақынның жазу дискурсының мазмұндық түрін айқындап берген.

«Қырық мысалдың» (1909, 1913, 1922) үзінділері баспа бетінде жарияланды. Бұл басылымдарда «Крыловтан аударылды» деген түсініктемені кездестірмедік. Бұдан біз мысал жанры сияқты әлем әдебиетіндегі ортақ сюжеттерге жазылған туындылардың сол сюжетті пайдаланушы автордың төл туындысы болып табылатыны әдебиет теориясы мамандарының тарапынан дәлелденген, ғылымда орныққан, дау туғызбайтын тұжырым екені А.Байтұрсынұлына мәлім болғанын байқаймыз [10].

Шығыс әдебиетінің көне дәуірдегі үлгілерінен мысал жанрының барлық халықтарға ортақ қазынаға айналған дәстүрлі сюжеттері табылатыны мәлім. Дегенмен, қазақ ақын-жазушыларының мысал жанрында қалам тербеуіне И.А.Крылов шығармаларының әсері болғанын да мойындауға тиіспіз.

Орыс әдебиетімен жақсы таныс А.Байтұрсынұлының мысал жанрына көңіл бөлуі де тегін емес еді. Мысал жанрының шағын көлемді туындылары арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны отарлау кезде астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін жете сезінген А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортаға саяси, зерделі ықпал ету үшін «Қырық мысал» жинағын 1909 жылы Петербургте жариялайды.

Бұл кітапқа енген мысалдар көлемімен де, сюжеттік дамуымен де өзге сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрғаны айқын. Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеушілердің айтуы бойынша, бұл мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі. Бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі түсінікті жай. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің ортақтығы.

XX ғасырдың басында бұл жанрдың қазақ әдебиетінде кең орын алуына Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Құрманбаев, т.б. ақын-жазушылардың айтулы үлес қосқаны анық.

Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделінген, сол кездегі

қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр. Крыловтың шығармаларында он тармақтан тұратын «Шымшық пен Көгершін» атты мысалды А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне көтереді. Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды.

Мұндай ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән: «Меңзеймін қара суды, қазақ, саған, Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан. Барады қатар жұрттың бәрі озып, Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам. Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді, Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан» [1: 94].

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен жақсы-жай сандарының ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке баруына түрткі жасау мақсатын А.Байтұрсынұлы «Малшы мен Маса» мысалында былайша нақтылай түседі: Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан, Жыланды пәле делік аңдып баққан. Пәленің түрін көретін мен – Сарымаса. Халықты оянсын деп сөзбен шаққан. Ойлаймын: «Осы сөз де жетеді, – деп. Қатты айтсам, сөзім батып кетеді, – деп. Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді, Қорқамын Сары масадай етеді деп [1: 96].

Академик Р.Нұрғалиев «Ақжол» жинағының алғысөзінде қазақ ақын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктерін: «Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал, Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанымен, жаңа ойлар айтылады... Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол. «Қасқыр мен Тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол. «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол «Қасқыр мен Қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол. «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, айтылады» [11: 7], – деп анықтап берді.

Бұған біздің қосатынымыз, А.Байтұрсынұлы мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысының мысалдық және түсініктемелік бөлімдерден тұратыны себеп болған. Мысалы, 7 шумақтан тұратын «Екі бөшке» мысалының 4 шумағы түсініктеме болып табылады, ал 36 тармақтық «Қара бұлт» мысалының 2 бөлімінің әрқайсысы 18 тармақтан тұрады, 6 шумақтан тұратын «Малшы мен Маса» мысалының соңғы бөлімі 3 шумақтан құралған. Яғни басты ой кейін түйінделіп қорытынды ретінде ұсынылады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңінде «Маса» деп отырғаны өзі екенін ұқтыра келіп, автор өз шығармашылығының басты нысанасын: Ызыңдап ұшқан мынау – біздің Маса, Сап-сары, аяқтары ұзын Маса. Өзіне біткен түсі өзгерілмес, Дегенмен, қара яки қызыл Маса [1: 98], – деп атап көрсетеді. Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.Я.Надсон сияқты Ресей мен Еуропа ақындарының өлеңдерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген.

Ақындыққа өзінің де таласы барын А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» жинағының беташары ретінде жазылған «Тарту», «Ер Сайын» жинағына алғысөз іспетті «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңдерімен паш етті. Ақынның бүкіл шығармашылығына терең ішкі мазмұн мен сыртқы түрдің үйлесімділігі тән, соған сәйкес ол туындылардың өзіндік сипаттары да айрықша.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (Қызылорда, 1926) «Биисми-иллаһи-рахмани-рахим» сөзімен ашылса, ақынның өлеңдерінде кездесетін діни түсініктер (Алла, Құдай, аят, хадис, Лаухул-Мағфуз, Иман, Лат-Манат, он екі имам әулие, жиырма сегіз әмбие, т.с.) мен діни аңыз кейіпкерлерінің аты (Әбіл мен Қабыл) оның діни білімінің де жоғары болғанын айқындай түседі.

Өлең ақынның ішкі өмірінің айнасы болса, Ахмет Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкерінің қолданатын сөздерінің діни маңыздылығы да оның осындай мағыналы, терең концепциялы тұжырымдарды қолдана білуінде. Бұндай сөздер елдің бәріне түсінікті болмауы да мүмкін. Ол үшін белгілі білім деңгейі қажет. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ саяси элитасы сол кездегі ұлттық тәрбиенің шарттарына сай мұсылман білімін меңгергендері мәлім.

Төмендегі өлең жолдары – қоғам мен тұлға арақатынасы күрделілігінің көрінісі, азаматтық лириканың үлгісі яғни автордың әлеуметтік ортаға деген көзқарасы да Абай көтерген қоғамдық ойлармен қабысады: Қазық боп жұртқа, Қорған боп сыртқа, Кім ойлады намысты? Бұ неткен жұрт ұйқышы?! Болсын кедей, болсын бай, Жатыр бейқам, жым-жырт, жай [1: 112].

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл Ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін күңірену Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін Елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық мұрат еді. А.Байтұрсынұлының ақындығы Абайдан мирас болып қалған классикалық поэзияның осы жағын, осы әуенін дамыта түскен. Лирикалық кейіпкер елін маса болып шағып, оның намысын, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткені белгілі.

Қазағым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!
Қанған жоқ па әлі ұйқың?
Ұйықтайтын бар не сиқың? [1: 114].

А.Байтұрсынұлының біліктілігін, ойлау жүйесінің кендігін, оның тіршілікке деген көзқарасын «Тілек батам» атты өлеңінен аңғаруға болады: Я, Құдайым! Аққа жақ! Өзіңе аян: мен нақак. Аққа деген жолымның Абыройын ашпай, жап. Аят пенен хадисте Адал ниет, ақ іске, – Жаңылмасам, жоқ еді – «Жаза тартсын», – деген бап [1: 116].

Мұны көріп көзіміз. Бірігер деп сөзіміз. «Кен болар» деп балшықты. «Көл болар» деп шалшықты біз үмітпен қазып ек. Дәреті жоқ аяқтар. Қорсылдаған саяқтар былғамасын қасыңды. Қасиетті басыңды. Дегеніміз болмаса. Қазаққа не жазып ек?! [1: 117].

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы яғни араб таңбаларын негізінде ұлттық әліпбиге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлының төмендегідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім: Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 2. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 3. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 4. Әдебиет танытқыш; 5. Баяншы, методикалық жазбалар; 6. Тіл жұмсар. 1-бөлім. Практика-лық грамматика; 7. Тіл жұмсар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 8. Оқу құралы (балалар әліппесі); 9. Әліппе; 10. Сауат ашқыш (ере-сектер әліппесі); 11. Әліппе-астар (Әліппеге методикалық нұсқау); 12. Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге). 13. Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

Алаштың көзі Жайық Бектұровтың Әлімхан Ермековтен алған мәліметі бойынша Ахаң Мәскеуге Ә.Бөкейханға тағы бір кітабын жіберген. Екінші данасы Бадрисафада қалған [13: 12–13]. Осы кітаптың да тағдыры белгісіз. Бұл туралы «Алаш зиялылары және ғылым» атты зерттеуімізде айтқан едік. Кезінде М.О.Әуезов 1923 жылы ауызға алған, қазір зерттеушілер тарапынан сөз болып жүрген «Мәдениет тарихы» атты еңбегін табу үшін жасаған әрекеттеріміз нәтиже бермеді. Бірақ бұл еңбектер еш кетпей, басқа біреулердің атымен жарияланып, халық мұрасына айналды деген болжам да бар...

1920–1930-жылдардың соңында қоғамдық-экономикалық формацияның қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін қолға алынған жан-жақты оқу-ағарту шаралары қауырт түрде жүзеге асып жатты. Алайда бұрындары арнаулы оқу орындары, мектептер аз болғандықтан, әр саладағы оқулықтар жоқтың қасы болған. Алаш саяси элитасының әрқайсысы әр ғылым саласының тұңғыш оқулықтарының авторы болып табылуы да қазақ тіліндегі білім мен ғылымға сонау тар жол тайғақ кезде қосқан азаматтық үлестері.

Сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу Алаш зиялылары мектепке оқулықтар жазуға белсене атсалысты. Оны өздерінің тікелей міндеті, перзенттік парызы санай отырып, өзге қыруар қоғамдық-мемлекеттік қызметтерімен ұштастыра білді. Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология» (1926), ақын Мағжан Жұмабайдың «Педагогика» (1927), жазушы Мұхтар Әуезовтің Казнаркомпростың ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» (1929), Ә.Ермеков, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Х.Досмұхаммедұлылардың оқулықтарының жариялануы соның айғағы.

Жоғарыда келтірілген тізімге назар аударсақ, А.Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде бүгінгі қазақ тілі теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті «пән сөздері» категориялар алғаш рет қалыптасып, қолданысқа енгізілді. А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» атты еңбегі төмендегідей тараулардан тұрады: Сөз мүшелері. Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері. Жазу қағидалары. Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік). Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз). Тарау соңында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің тоқетерін айтады: «Сөйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай.

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұр-

сынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш Әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын Қазақ тілінің фонетикасына сай бағындырып берген жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б.) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда академик Ахметтанушы Рабиға Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған» [5: 34].

Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «советке қарсы» деген айыптар таңылды.

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырдың ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеліп соқтырды.

Ана тілі жазуының реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған қазақ әріптері – жат жұрттарға қоныс аударуға мәжбүр болған (Қытай, Ауған, Иран, т.с.с. шет жұрттарда тұратын) қандас бауырларымыздың ХХ ғасырдың 1910-жылдарынан бастап, осы бүгінгі күнге дейін қолданып келе жатқан графикасы. Олар осы төте жазумен тек сауатын ғана ашып қоймай, кітаптарын да шығарып келеді. Бұл – ғалымның араб таңбаларын қазақ тілінің жазылуына, оқылуына, баспа ісіне толық бейімдеп кеткенінің және осы жүйенің өміршеңдігінің басты

дәлелдерінің бірі екені сөзсіз. Ғалым араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыстарына бағындырып жаңа «төте жазу» емлесін айналымға осылай енгізді.

Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне, бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден-бір дәйек.

А.Байтұрсынұлының термин жасау саласында атқарған ғылыми жұмысына да ерекше назар аударған жөн сияқты. Лингвист-ғалым қазақ тілін талдау, тану саласында ғана төңкеріс жасап қоймай, оның салаларына (фонетика, грамматика, т.б.) қатысты категорияларды қазақша анықтап берді.

Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлыныкі екені айтылмай, қолданылып келді. Оларды атап айтсақ: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, анықтауыш, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с. «пән сөздері». Өрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр. Бұлардың осыншама уақыт бойы авторы аталмай, қолданылып келгені – ғалымның ғылымға енгізген жаңалығының тарих сынынан өткен лингвистикалық дәлдігі және еңбегінің зая кетпегенінің тағы бір айғағы.

А.Байтұрсынұлы атқарған қоғамдық қызметтің бір саласы – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспаға дайындау, жарыққа шығару болды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оны жарыққа шығарудың мән-маңызын жете ұғынып, өздерінің міндеті деп санаған азаматтардың қатарына ХІХ ғасырдың соңында қосылған А.Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» №39 санында «Киргизские приметы и пословицы» деген мақала жариялайды.

1923 жылы Мәскеу қаласындағы Ұлттар комиссариатына қарасты Күншығыс баспасынан жарық көрген «Ер Сайын» жырын баспаға дайындаған – А.Байтұрсынұлы. Бұл кітап Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуын құрметпен атап өту үшін дайындалғандықтан, оның беташары ретінде А.Байтұрсынұлының «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі берілген.

Соңында «Қыр баласының» яғни Әлихан Бөкейханның мерейтой иесін қазақ оқырмандарына жете таныстыру үшін атақты орыс ғалымының өмірбаяны, ғылыми қызметі, халқымызға сіңірген ерен еңбегі жайында баяндаған көлемді мақаласы және «Ер Сайын» жырының жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі ғылыми түсініктеме-мәліметі келтірілген.

Ахмет Байтұрсынұлы жинап, сұрыптап, бастырған асыл сөз үлгілерінің екінші бір топтамасы – 1926 жылы Мәскеуде жарияланған «23 жоқтау». Бұл кітапқа енген мәтіндер ұлт азаттық қозғалыстардың қаһармандары - тарихи тұлғаларды жоқтау еді. Ғалымның Кеңес өкіметіне деген көзқарасы осылай айғақталған. Басқалар ұрандап жатқан кезде, Ахаң мен Ә.Бөкейхан ата-баба жоқтауын советтік отарлауға қарсы қойған. А.Байтұрсынұлы сол кездегі Ресей ориенталистерімен іскерлік байланыста болғаны, мысалы, А.Е.Алекторовпен жүздескен.

Ғалым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, өзі айтқандай, «ел аузындағы тілді» жетік білгенінің арқасында музыка өнеріне қатысты мағлұматтардың да кейінгі ұрпаққа жетуіне атсалысқан.

А Затаевич 1925 жылы Орынборда шыққан «Қазақ халқының мың әні» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әндерін жақсы білетіндігін әрі шебер домбырашы болғанын, оның өзіне етене таныс Торғай, Ақтөбе, Бөкей Ордасы, Қарқаралы өңірлерінде айтылып келген әндерді қағазға түсіруге көмектескенін, бірнеше күйді өзі орындап бергенін жазған: «Но мог ли я пройти равнодушно мимо тех сокровищ, которые так неожиданно передо мною открылись? Культурному миру они до сих пор оставались совершенно неизвестными, а между тем их уже коснулась гибельная рука вымирания! Нужно было спешить с записью того, что еще осталось целым! Понятно, что довести эту громадную работу до конца можно было только при помощи целого ряда сведущих и сочувствующих ей лиц. Из них я особенно себя считаю обязанным... А.Байтурсинову и А.Н.Букейханову, высококомпетентными указаниями и пояснениями которых я лично руководствовался» [13, 22].

Қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негізін орнықтырған Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің де авторы. Бұл тұста, ең алдымен, ауызға «Әдебиет танытқыштың» (1926) ілінетіні – заңдылық.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – деген академик З.Қабдолов [14, 72].

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік, яғни имани, ғибратты, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

Әдебиет деген не? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлап арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді.

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» [14, 72].

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта», негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан,

оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды» [15, 64].

Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырып берген.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркемсөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [1: 165]. Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

А.Байтұрсынұлы «Қарасөз бен дарынды сөз жүйесі» атты тарауда қарасөз бен көркемсөз аражігін анықтап берген. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп бөлген: «Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау – толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қарасөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарындысөз деп атау қолайлырақ [1: 252]. Осы тұста әдебиетші «бүгінгі

әдебиеттануда айтылып жүрген «сөйлеу жанрлары» түрлерін айқындап береді: «Асылына карағанда, «Қарасөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлендісі, өленсізі болады [1: 252].

Б.Байтұрсынұлы «сөз несімен өзіне назар аударады» дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» [1: 253]. Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек кезделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі, «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі» [1: 253].

А.Байтұрсынұлының келесі тұжырымдары да бүгінгі әдебиеттануға қажетті болып табылады: «Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркемсөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін, шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркемсөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарай-тын нәрсе, көркемсөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркемсөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады» [1: 255].

Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: «Көркемсөз – айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркемсөз – айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркемсөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатты қисынын

келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөзді қарасөз делініп, көркемсөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі осыдан» [1: 255]. Бұл ойын А.Байтұрсынұлы нақтылай түседі: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгімеде, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме».

«Тиіс ғалам турасында сөйлегенде, жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде, көңіл түюінше өң беріліп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады». Ең басты айырмашылық былай деп берілген: «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қарасөзден адам тек ұғым алады» [1: 255]. Бұл басқа әдебиеттерге де ортақ екені туралы: «Арабша қарасөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп айтады ... қазақша айтқанда, қарасөз, дарындысөз деп жүгінеміз» [1: 255].

Қарасөзден адам тек ұғым алады екен. Осы тұста бұл ұғым түрлері аталған: 1) «Ес» ұғымы яғни еске керек ұғым. 2) «іс» ұғымы яғни іске керек ұғым» [1: 256].

Осы ретте А.Байтұрсынұлы М.Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» еңбегінің басты қағидаларын сонау XX ғасыр басында қазақша айқындап бергені таңғалдыра түседі. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына» [1: 256]. Аталған ұғым түрлеріне арнайы талдау берілген: 1. Даналық ұғым жүйесі сап даналық пен салт даналық деп бөлінген. Бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғысы табансыз даналық, соңғысы табанды даналық делініп айтылады). «Сап даналық екі айырықты»: «табансыз» және «табанды» даналық.

«Дін» туралы ұғым «ғақайд» – екіжақты делінген: «бірі діннің негізгі турасындағы ес ұғым», «біреуі дінге керек іс ұғым» [1: 256]. 3. «Ғылым» деген ұғым жүйесінің түрлері салаларына байланысты. 4. «Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады». 5. «Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсағанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады». 6. «Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады». Осы тұста қарасөз түсінігі нақтыланған: «Қарасөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз... Қарасөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған түрлерін алғанда, қарасөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама болып үш салаға бөлінеді» [1: 257].

«Әуезе – болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) қорыту» [1: 258]. Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі (1: 262–264). Байымдама зейіндеме: «Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» [1: 264]. Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сөз; 4) көсем сөз.

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сұлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни сұлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз көркем сөз деп аталып, қара сөздер жалаң сөздер деп айтылады» [1: 258]. Ғалым мұнымен шектелмей. Осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады? деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркемсөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық

жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек» [1: 269].

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қарасөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркемсөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? «Мазмұны дұрыс па? Яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма?.. Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мынау түрде болмақ: 2. Көркемсөз табына шын қосыларлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өндендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» [1: 269]. Әдебиет теориясындағы көркем дискурс, стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет категорияларын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті.

Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай? деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни шығарма тілінің стилистикалық ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына эсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [1: 269].

А.Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркемсөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемдерінде қорытынды ретінде түйіндейді. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын Ахмет Байтұрсынұлы осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркемсөз ғана сынға түсуі абзал, тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндірген.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың 1920-жылдары осылай анықтап берген. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт, бірақ басты ой – «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Оның біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені анық. Мені маман ретінде таңғалдырғаны бұған дейін тек Ресей, шетел әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде осылай қалыптасқаны еді.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық ұстанымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. «Сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару социализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. Әдебиеттанушы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [1: 281].
2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көп- сөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады.

3. Ғалымның көркемдік әлемінің құдіреті тікелей жазушының ішкі рухани тәуелсіздігімен байланысты екенін айтқаны, осы ретте Абай мен Мағжанның мәтіндерін мысал ретінде талдауы қазіргі әдеби аналитиканың үлгісі.
4. «Жазу әдебиет» тарауында А.Байтұрсынұлы бүгінге дейін біз мойындамай, үрейленіп келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [1: 316].
5. Жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. Діндар – «діншіл» деген мағынада, ділмар – «тілшең» деген мағынадағы сөздер» [1: 318]. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып» соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [1: 318]. Бұл құбылыс тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс».
6. А.Байтұрсынұлы жазу әдебиетті үшке бөледі: 1) ертек (әңгіме); 2) толғау; 3) айтыс-тартыс: «Жазу әдебиетінің ертек түріне кіретін сөздері – ауыз ертек, ертек жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөзден түрі ауыз әдебиетте жоқ: айтысы бар да, тартысы жоқ» [1: 319].
7. Діндар дәуір әдебиеті немен ерекшеленеді? Ол туралы былай делінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даптау, айтыс, толғау, терме» [1: 319].

Әдебиетші аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. «Әдебиет танытқыштағы» біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: мінәжат, намыс толғау деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV–XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла тағалаға

мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінәжат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

8. «Әдебиет танытқыш» әлемдік контексттегі хронотопымен еркше. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [1: 276]. Қазіргі әдебиеттанудағы синкретизм, типология, генезис, әдебиеттердің қарым-қатынасы, ортақ сюжеттер деген мәселелер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [1: 276].
9. А.Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі» [1: 337]. Өйткені, «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады» [1: 337]. «...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жұрт-ты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сөзді сынап білмекші; сынап білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады» [1: 338]. Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік, көркемдік категорияларын ғалым осылай танытады.

10. Ресей ғалымы М.М.Бахтиннің «роман теориясы» бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, сондықтан ол сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы жанр. Яғни роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды синтездеп оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алады деген тұжырым.

М.М.Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 1920-жылдары түсіндіріп кетіпті. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында ғана айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен [1: 343].

А.Байтұрсынұлы осы ретте нақты теориялық айқындау береді: «Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады» [1: 343]. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М.Бахтиннің: «Романдық стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы сонау 1926 жылы Ресей теоретигінен қырық жыл бұрын осылай дәлелдеп берген екен!

Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы Бахтиннің («речевые жанры») дегенін А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан,

тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді».

«Ұлы әңгіме жазушы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [1: 273]. «Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұнын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер таркату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» [1: 273–274]. Яғни «толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қай-наған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [1: 274]. «Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі». Яғни «Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға бола-тындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, «Әдебиет сөзін тәртіптен, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізді 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс [1: 273].

11. Көркем туындыны талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды – оқырманның эстетикасын Абай сөзін алға тартып анықтап берген де А.Байтұрсынұлы. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін талдағанда жақсы өлеңнің сипаттарымен қатар қазақ ақындары мен тыңдаушының «асыл сөзді танымайтыны» деген мағлұмат хронотоптық негізде берілген [1: 338].

12. Әдебиеттанушы еңбектерінен сыпайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық, жалпыадамзаттық имандылық деңгей есіп тұр. Аналитикалық талдаулар мен жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Ғалымның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін тура осылай салып кеткендігін біз бүгін мақтаныш етуіміз қажет.

А. Байтұрсынұлы әдебиет теориясының «пән сөздерін» (термин) қалыптастырып, аналитикалық талдау жүйелерін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің кәсібилік деңгейін осыдан жүз жыл бұрын бізге осылай аманат еткен.

13. А. Байтұрсынұлы басты теориялық тұжырымды былай анықтаған: «Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттен ойлау; көңілісі – түю, талғау». Көркем тіл, стильдік дискурс туралы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу» [1: 268].

Отанына, ұлтына, еліне адал қызмет еткен, ғылым мен білім саласының дамуына нақты үлес қосқан, әдебиетті ұлттың тарихымен бірлікте қарастырған ғалым А.Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ Елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.О. Әуезов кезінде былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып Арқаның қоныр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: Алаштың үмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған?! – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің

1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [4: 70].

Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйлап дер кезінде бағалай білген. Бұл – біз үшін Отанған адал қызмет ету мен тектіліктің үлгісі екені анық.

Ә. Бөкейхан, М.О. Әуезов, Е. Омаров, М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы, С.Сейфуллин, А.Н. Самойлович (1919), Е.Д. Поливанов (1924), А.Н. Кононов (1924), Н.Ф. Яковлев (1928), Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмаиловтар Ахметтанудың негізін салып берген ғалымдар. Тәуелсіздік кезде Ахметтануды Ш.Қ.Сәтбаева, З. Қабдолов, З. Ахметов, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, Р.Нұрғалиевтер жалғастырды.

Ғалымның «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңінің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты күрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны айқын.

«Көшпелі һәм отырықшы норма» (1913) атты мақаласында А.Байтұрсынұлы өзінің азаматтық ұстанымын: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылыңдар! Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан ерген Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар!»– деп бізге де үлкен жауапкершілік жүктегенін есте сақтауымыз қажет [17: 167].

Ұлт Ұстазына «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар-ожданы» деген бағаны Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Ахмет Байтұрсынұлының 1998 жылғы 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасында айтқаны қазіргі ұрпақ атынан берілген алғыс деп қабылдауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003.
2. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Нұрпейісов К. Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері // Ұлттың Ұлы Ұстазы. – Алматы, 1999.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995; Саяси элита және ұлт мүддесі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999.
5. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Алаш, 2006.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш, 2004.
7. Бөкейхан Ә. Тандамалы / Бас ред. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопед., 1995.
8. Байтұрсын А. Алтын бесік. – Қостанай, 1998.
9. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
10. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.
11. Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Арыс, 2001.
12. Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1997.
13. Веселовский А.И. Историческая поэма. – Л., 1940; М., 1999; Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Т. 2. – М.: Наука, 1965; Теория литературных стилей. Том 2. – М.: Наука, 1978; Курилов А.С. Литературоведение в России XVIII века. – М.: Наука, 1981.

- 14 Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары // З.Қабдолов. Көзқарас. А.: Рауан,1996.
15. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Алаш» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
16. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Алматы: Дайк Пресс, 2004.
17. Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы // М.Әуезов 50 томдық шығар. жинағы, 2-том. А., 1998.

БӨЛІМ 6

«ЖЕТІ ҚАҒАН» ЖЫРЫНЫҢ СЫР-СИПАТЫ

РАМАЗАНОВА Шайгүл

«ЖЕТІ ҚАҒАН» ЖЫРЫНЫҢ СЫР-СИПАТЫ

Рамазанова Шайгүл

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Ауыз әдебиеті үлгілерінде сол тұстағы тұрмыс-тіршілік түйіні мен тағылымдары ғана емес, кезең-кезеңнің кестелі суреттері көбірек айшықталады. Таным, түйсік, әдет, әдеп әліппесімен біте қайнасып, шынайы шындық пен көркемдік шешім қатар өрбиді. Біз бұл мақаламызда «Жеті қаған» жырының тіліндегі ерекшеліктер мен өзгешеліктерді тілімізге тиек ете отырып, сюжеті мен композициясы жөнінде де сөз сабақтамақпыз.

Ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрінде дерлік бірыңғай ұқсастықтар болатынын бәріміз де білеміз. Бұндай ұқсастықтар, мәселен атап айтар болсақ, түп-түгел, түп-тұтас кездесетін қайталаулар жыраудың немесе орындаушының ұстанымы мен сол тұстағы тыңдарманның көңіл-күйін көтеру үшін де қайталауланады. Қайталаулардың түр-түрі – еспе, кезекті қайталау, бәрінде дерлік кездесетін қалыпты қайталаулар «Жеті қаған» жырында да жиі ұшырасады... Сондай-ақ жыршылардың жадында жылдар бойы сақталып, санасында жатталып, қалыптасып қалған халықтың жанына жақын, табиғатымен туыстас теңеулер бар. Мәселен, «оймақ ауыз, күлім көз, сұлу еді, өзі рас» деген секілді. Әлбетте «оймақ ауыз» теңеуі халық әндері мен өлендерінде жиі кездеседі, себебі әр халықтың сұлулық туралы қалыптасқан қағидалары болары бәсенеден белгілі:

Сындар бойлы, өзі жас,
Ақ маңдайлы, керме қас.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Сұлу еді өзі рас.
болмаса, Абайдың:
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.

Яғни, халық ұғымындағы сұлулық сипатының қилы қырларының бірі де, «оймақ ауыз», «күлім көз», Абай айтқан: «кішкене аяқ» – мұның бәрі ойдан шығарылған жалған өлшемдер емес, ұлт ұғымымен үзеңгілес, ұлт танымымен тамырлас, ұлт табиғатымен туыстас «сұлулық, қол мен аяқтың әдемілігі ғана емес, тұтас тұлғасының бір-бірімен бәсекелес болуы» деп Сенеке айтқандай, қазақ арулары бармағынан бал тамған шебер, шешен болғаны өз алдына, өз киімдерін өздері тігіп, өз үлгілерін өздері таңдай білген, әлбетте «оймақ ауыз» туралы тенеудің тұрмыс-тіршіліктен туындағаны да таңғаларлық жайт емес, күнбе-күн киім тігіп, кесте тоқып отырған қыздың қасында оймақ жататыны белгілі емес пе?! Олай болса, Федор Достоевскийдің «кез келген қиялда шындықтың шырағы жанып тұрады» деуі де тегін емес қой, арудың аузы мен аяғының кішкене болуына көңіл бөлген халық, көзінің де күліп тұруына айрықша мән бергені байқалады, халық әнінде айтылатын «күміс құмған-ай, отта тұрған-ай, айналайын көзіңнен, ашып-жұмған ай» сынды жолдарда осыны аңғартады, айқындай түседі. Қазақ әйел адамның аузының «оймақтай» болуын құптайды да, ер баланың аузының үлкен болуын «несібесі мол болады екен» деп жорамалдайды. Әлбетте «Жеті қағанда» әйел табиғатына тән айла, амал әрекеттердің түр-түрлері іс, қимыл-қозғалыс аясында, оқиға орнында байқалып отырады. Бір сөзбен айтқанда «оймақ ауыз, күлім көз» қазақ ұғымындағы көп айтылған, әрбір жырда кездесетін таптаурын теңеу болғанымен, әр жырдың нұсқасында жаңаша сипатталып, «сындар бойлы өзі жас, ақ маңдайлы, керме қас» теңеулеріндегі «сындар бойлы» сөзі эпостық жырларда аса сирек ұшырасады. Ал, керме қас, қиғаш қас, қалам қас, болмаса,

ақ маңдай, жазық маңдай, кең маңдай да жеткілікті. Жырда бір оқиға желісін баяндау барысында бүге-шігесіне дейін тәптіштеп, кей-кейде қазбалап кететін тұстар да баршылық, сонымен қатар жыр тілінің көрер көзге менмұндалап тұратын кемшіліктері де шаш-етектен: «Айтыспауға әйелмен, намысына қарысқан», «ысқырынған жыландай, ышқырына шабады», «қолы ышқырға барғанда, жаңа туған тауықтай, қақылдады Жезмандай», «қос қолдап сұныңдар», «ығытына келген іс», «жарлық шашты жан-жаққа», «тілін сайлап боқтауық», «Мілмираның қымтитып шашын кесіп алыпты», «құнжита байлап белімді», «шақшадай басы қалқып», «Арыстанға түсір деп, көп таласты ышқырды», «сөзге келмей тамтырап», «шетінедіндер ұлықтар осы арада ақылдан» т.с.с. Біз әрине жыр тіліндегі орашалақ ойлар мен оралымдар, тіл тазалығы туралы ғана бір-екі ауыз сөз қозғамақпыз. Мәселен, «намысына қарысқан» қазақ баласы «намысыма тиді», «намысымды таптады», «намысымды қорлады» деп айтуы мүмкін, «қарысты» деп айтпайды, «тілі қарысты», «жағы қарысты» десе бір жөн, олай болса, жыршының «намысына қарысты» дегенінен гөрі, біздің бағамымызша «намысына тырысты» деуі өтімдірек болар еді, болмаса, ышқыр туралы толғаныстардың тым тұрпайылығы да қайта-қайта көрініс тапқан. «Басты түймені дұрыс түймелей алмасаң, қалғандарының бәрі де теріс түймеленеді» деп Иоганн Вольфранг Гете айтқандай, басқасын сөз етпегеннің өзінде, «қолы ышқырға барғанда, жаңа туған тауықтай, қақылдады Жезмандай» деген алғашқы жолдың өзі-ақ естір құлаққа түрпідей тимей ме?! Себебі, Виктор Гюгоның сөзіне сенсек, «Ұлттың ұлылығы оның санымен сарапталмайды, сол сықылды адамның ақыл-ойы да бойымен өлшенбейді». Қазақтың бұрынғы батырлар жырында «Қорамсаққа қол салды, қол салғанда мол салды» деген жолдар болушы еді, ал ышқырға қол салуды осы жырдан оқып отырмыз. Оның үстіне «қақылдау» да, «жаңа туған тауық та» көңілге қонымды болып тұрған жоқ. Жаңа туған тауық «дүниеге сәби әкелдім» деп әйгілейтіндей, ал бұл жердегі «қақылдаудың» қандай мән-маңызы бар?! Сондай-ақ «Жарлық шашты жан-жаққа» жолының да, дәлірек айтсақ, «шашты» сөзі орынсыз қолданылып тұр. Абайша айтсақ – «бөтен сөз», Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген өлең жолдары бар ғой, сол жолдардағы «бөтен сөз» деп отырғаны да осындай орынсыз қолданылған сөздер ғой. Қазақ баласы жарлыққа қатысты «Жарлық

қылды, шығарды, жүргізді, етті, жариялады» деуші еді, ал «шаштыға» келсек, оның да өз сыңарлары бары белгілі: сәуле шашты, су шашты, шашу шашты т.с.с. Болмаса «құнжита байлап белімді», «шетінедіңдер ұлықтар» дегенді алайықшы. Осы арада жыр жолдарындағы «құнжита» да, «шетінедіңдер» де шығарманың шырайын келтіріп тұрған жоқ, жас сәби шетінеуі мүмкін, «шетінеу» – шығын шықты, немесе өлімге қатысты ұғымды білдіреді, «құнжита» деген сөздің астарында «құн-жын» болу, «құнжың қағу», «құнжыңдау» «құнжыңдасу» тұрса, оның өзі белге қатысты теңеу болса, қалай болады?! Біздіңше «құнтиту» көбірек келеді, себебі «құнтита байлап белімді» деп қазақ айтады, ал екінші бір қонжита деген сөзбен де шатастыруға әсте болмайды. Академик З. Қабдолов «Әдеби шығарма тіл арқылы жазылса, тіл сөзден құралады» демеуші ме еді?! Ал әр сөз о баста образдан туған, келе-келе олардың көпшілігі ұмытылған да, солардан туған сөздер ғана қалған. «Сондықтан образды тіл деген ұғымды жаңалық деу қиын». Бұл – әр сөздің табиғи қасиеті. Иә, ғалымның айтуынша, сөздің туған топырағы болады, «құнжита» сөзінің серіктері қандай сонда, ол нендей жағдайда қолданылады, міне осыған назар аударғанымыз абзал. Ал белге қатысты қазақ ұғымындағы қалыптасқан тіркестер: бел алу, бел байлау, бел бала, бел буу, бел бұғу, бел жазу, бел көрсету, бел көру, бел құда, бел орақ, бел ортасы, бел шешу, бел қайысу т.с.с болып кете береді, ал бел байлауға қатысты болса да «құнжити» сөзі еш қисынға келмейді. Ұлы ойшыл Беранжеше айтсақ, «Әркім бір қолданып ығыр қылған, арзан сөздерге жоламайтын болады». Ал құнжиған «құн – жың қағу», «құнжыңдасу» сөздерін қазақтың «асыл сөздері» деуге де негіз жоқ, яғни бір сөздің өзі бүтін бір сөйлемнің құтын қашырады, болмаса «шыбындай шынды жасырма, кемітпе де асырма» жолдарында жадағайлық, жайдақтық басым. Сонда «шыбындай шын» қандай шын, қазақ ұғымындағы шыбынжан, шыбындай, шыбындасу, шыбындату, шыбындау, шыбынқағар, шыбынқанат, шыбынсыз, шыбынша сөздерінің бірде-біреуі «шынмен» тіркеспейді, ал шыбынмен шұрқыраса қалған шын сөзінің қандай сиқыры бар. Қазақта «зәредей шыным», «имандай шыным» деп ант-су ішіп жатады, бірақ, «шыбындай шыным» дегенді естіген емеспіз, бұл әрине көркемдік ерекшеліктеріне қатысты болған соң тоқталдық. Қазақтың қызы кесте тігу үшін түрлі-түсті жіптер жинайды, сол жіптердің қайсысын қолдану үшін де көп ойланып-

толғанады, сол сияқты қай сөзді қалай қолдану керектігін авторы жоқ, ауыз әдебиеті үлгісіне жүктеу мүмкін емес болғанымен, оқырманның ойы мен тілін қисынсыз сөздермен, тұрлаусыз тіркестермен тұтқындағанда не табамыз. «Егер шешен сөйлеп, сөз саптай алсаң, сол күйінде сөйлей бер, ал олай болмаса тілінді түзе» деп француз жазушысы Жюль Ренар айтқан екен, болмаса, француз ақыны Николо Буало: «Кім орамды ойласа, сол орнықты ой айтады» депті. Екі жағдайда да, тілге қатысты айтылған пікір: сөйлеу тілі, жазу тілі деп жіліктеп-жіктеп жатпайды. Міне біз тілге тиек еткен кейбір кемшіліктер тек тікелей тілге қатысты болғанымен, әрбір бет, әрбір парақ сайын шұбырып жүретін «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама сөздерді» аттап өте алмайсың: «ештемеден тайлықпай, айбатынан қорынып, тұрды бірдем таяулап, нығызсиды, шелиіп, күркірейді найзасы...» т.с.с. теңеулер көз сүріндіреді.

Ал енді алты аршын найза, тілегенін тел қылып, көңілін жылы жай етіп, кара жағам жүзіме, жала жабам өзіңе, арбағанға түсетін, ала торғай мен емес, шеру тартып, шеп жайып... т.с.с. теңеулердің табиғатына бойлай білу де оқырманның ойын сабақтауға оң әсерін тегізеді. «Жан сүйгенім – ол да өлең, жете алмасам, жолда өлем» деп Мағжан Жұмабаев жырлағандай, «Жеті қағанда» ұйқасатын, ұйқаспайтын жолдар да кездеседі. «Жеті қағанның» кейіпкерлері де «сен тұр мен атайын» болғанымен, аттарынан ат үркетіндей, бұрынғы, қазіргі қазақ есімдері кітаптарына енбеген қазақ құлағына түрпідей тиетін атаулардың, дәлірек айтсақ, аттарына істері сай келіп жататынын қайтерсіз: Қартаңхан, Сетерхан, Мілмира, Жезмандай, Арыстан, Тұқтабан, Сақия, Құнт, Миян, Күлмира, Сақауыл, Тағай т.с.с. «Қайда барсаң – қорқыттың көрі» демекші, қайда барсаң алдыңнан Жезмандай шығады, жүрген жерінің бәрі – бүлік, дау-дамай, әлде жез маңдай атануынан ба, әлде маңдайына жазылғаны сол ма? Жезмандай бірде маңдайын тасқа соғады, бірде жарады, қазақ ертегілерінде сипатталатын мыстан кемпірдің кимешегін киіп алғандай әсерге бөлейді. Жамғыржан, Көккөтен есімдері де қазақ табиғатына жат, бір жағынан жырды орындаушы немесе жұртқа жеткізушілердің арасында басқа ұлттың өкілдері болды ма екен деген күдік-күмән да туады.

«Қаһарланып шабынып, етек-жеңі қағынып, шығып кетті Жезмандай», бұл бір күнгі қимыл-әрекеті ғана емес қой, күнбе-күнгі айла-әрекеті, енді бірде Жезмандайы Қартаңның сарайда жалғыз

отырды, Самарқаннан кетудің қарарына бекінді». Бұрын сонды қазақ эпостарында кездеспейтін кейіпкер, яғни әйел табиғатына тән емес кесір қылықтың сан түрі Жезмандайдың маңайынан табылады. «Бірді бірге соғып, өтірікті шындай қылып» жүретін жандар бүгінде бар, бола бермек. «Әйелдер мен пілдер кінәңізді кешірмейді» деп Гектор Хью Монро қалай тауып айтқан. «Жезмандайдың кешірім сұрағанын, кешіріммен қарағанын көрмейсіз, үнемі және үздіксіз өш алу мақсатында жоспар құрады, құрып қана қоймайды, аяқ астынан жоспарын жүзеге асыратын «сәтті сағатты күтеді». Жырдағы оқиғалар өткен орындар мен тарихи атаулар, қалалар, өзен, су атауларының бірсыпырасы күні бүгінге дейін бары белгілі, соған қарап оқиғаның болғанына күмән келтірмейсің, ал Арыстанның айтқандары, шынында батырдың сөзіне ұқсайды:

Тарт атыңды, бұра тұр,
Сөзімді менің ұға тұр,
Өректімей, ағайын,
Сөзімді менің ұға тұр.

Сөзі ірі Арыстанның іс-қимылы да кесек, Арыстан ақырғанда дауысынан шошынған жасақтар аттарын тастай қашты. Кәдімгі қазақ жырларына тән құбылыс қой, болмаса:

Тірі қалған жасақтар,
Түсінде көріп бақырды,
Түнімен ұйықтай алмады.

Өңі түгіл түсінде үрейі ұшқан жасақтардың жөн-жосығы Арыстанның айбатын айғақтай түсетіндей, болмаса:

Бет келген әрбір кісіні,
Бақидың салды жолына.

немесе:

Бұл Тұқтабан дойылда,
Жоқ қылыш найза сойыл да...

Көрдіңіз бе, жырда біресе Тұқтабан, біресе Арыстан болып жүретін батырдың қолында қаруы да жоқ, бұл да бұрынғы батырлар жырында сирек кездесетін кейіпкер. «Жолы болғыш жігітті терең суға батырсаң да, біраздан соң аузына балықты тістеп, су бетіне қайта шығады» деп поляк ақыны Юлиан Тувим тұспалдағанындай, Тұқтабанның табаны таятын жері жоқ. Жырдағы жауыздық пен жымысқылық, қулық пен сұмдық, бақай есеп пен бақталастық тартысы жасырын жүріп жатады.

«Келе жатты бейшара, құдай басқа салған соң, көнбесіне не шара?» – деп жырда бейнеленгеніндей бейшараның күнін кешкендер де «Жеті қағанда» баршылық. Батырлар жырының көркемдік ерекшеліктері көбінесе теңеулерден түзілгені болмаса, ал салыстыру атаулының бәрі де сәтті бола бермейтіні белгілі. Әйтсе де жырда жиі кездесетін теңеудің бірі – алаторғай, бұл біздің бәз-баяғы жырлардағы бозторғай, қараторғай емес. «Арбағанға түсетін алаторғай мен емес» немесе «алтын садақ қазақты» деген теңеулерде бізге беймәлім, әйтсе де түсініктемелерде көрсетілгендей, садағын былай қойғанда, қазақ сөзі түрікшеге аударғанда баю, байлық деген мағынаны білдіреді екен. Сонымен қатар ақ кебін, ақжал ат, ақсақал, ақ жолбарыс, ақ орда, ақ шағыл, ақ келін, ақ маңдай т.с.с. сөздер де ұлт ұғымымен үндесіп жатады.

Эрнест Хемингуэйдің пікірінше, «жазушы жазатынын тек қана жазу керек, ал оны айту әурешілік». Ал ауыз әдебиеті үлгілері әуелі айтылып, ауыздан-ауызға тарап, өзінше өзгерістерге ұшырап жеткен жазбалар. Бұл жағынан қарағанда, қанша қаған болса да, қазаққа жұмақ орнатпайтыны белгілі ғой. Дегенмен сол кезеңнің кестелі суреттері мен сөздері қазақ ауыз әдебиетінің қанжығасын майлап, қазанын толтырады. Бұл жағынан алғанда, қолжазбаның кітапқа айналуы құптарлық қадам. «Алуан-алуан сөз айтты, ащы-тұщы аралас» деп жырдың өзінде айтылатындай, көркемдік дүниесінің төрт құбыласы түгел деуден аулақпыз. Десек те, сол заман, сол замана шындығы сол қалпында сақтаулы – ұлт,

ұрпақ алдындағы аманатқа қиянат жасамау деп ойлаған жөн шығар. Дастандағы дау мен тартысты, оқиға мен оның өрбуін тараулар табиғатынан, атауларынан айқын аңғаруға болады. Қазақ топырағында туындаған туындылардан ерекшеліктері де бар екенін ескертуіміз қажет. Ол – жырдың мейлінше ықшамдылығы, яғни 6-7 буынды, әрі кеткенде 7-8 буынды екендігінде де, көркемдіктен гөрі қарапайымдылық, ауыз-екі сөйлеудің үздік-создық үлгілері байқалады. Біз мұны ұйқас тұрғысынан таразылай келіп, тап басып айтуға тиіспіз. Әлбетте «кетпеннің жуан сабындай, қолдарының саусағы» деп бейнелегеніндей, жыр саусағының, жүрек саусағының мейлінше нәзік екенін ескеріп айтып отырмыз. Абай аудармасындағы, «жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс» дегендей, талпыныстың бәрі – сұранысқа бастайды, «Маған мұражай беріңдер де, толтырмасам көріңдер» деп Пабло Пикассо айтқандай, «Жеті қағанның» толық нұсқасы – толыққанды дүние.

Жырдың беташарының өзінде өзгешелік байқалады, байқалады емес-ау айқын аңғарылады. «Құнт атты кісі өткен білесіңдар бәріңде» – білетінімізді де, білмейтінімізді де өзіне бір қаратып алып сөз баптауы өзімшілдік емес, өзімсігендік болар. «Сөз түзелді, тыңдаушым сенде түзел» деп Абай айтса айтқандай, тыңдаушыны түзеу үшін тыңдатушының сөзі түзу болу керек қой, олай болса «білесіңдер бәріңде» деген сөздің астарында ақиқат бар. Жырды тыңдаған адам Құнттың да құнтты кісі болғанын біртіндеп білетұғыны да әмбеге аян ғой. Тұқтабанның тууынан бастап, Тұрымтайлардың құлдықтан құтқарылуы, түбі бір туыстардың бас қосуына дейінгі жырдың құрылымында толыққанды тұтастықпен бірге қызуқанды қарама қайшылық та жанаса жарысып, оқиғаның өрілуіне, өрбуіне өзек болады. Жыр желісіндегі оқиғалар ортасынан ойқастап, маңдайы жарқырап:

Жезмаңдай шыға келеді.

Күйме менен жол алып,

Жүріп кетті Жезмаңдай.

немесе:

Ұзақ күндік жол еді,

Барып жетті Жезмаңдай.

Жезмандайдың жүрісі суыт қана емес, сөзі де салмақты сияқтанды, болмаса: «мүдірмеймін біліп қой, сөз жағынан ешқандай» деп айтпаса еді ғой, расында да Жезмандайдың қимыл-қарекетінде әр заманда зыр қағып жүріп, зар қақтыратын, зарланып жүріп, шаң қаптыратын кәнігі кісілердің біртуар белгісі бар. Абай айтатын «бойы бұлғаң, сөзі жылмаңның» нақ өзі, жырдың басынан бастап аяғына дейін Жезмандайдың араласпайтын ісі жоқ, соған қарап «іскер адам» екен деп те қалуыңыз мүмкін ғой, жоқ керісінше бірді-бірге соғып, қос үйді қоса қондырмай жүретін жұлымыр жан.

Сұрады сонда Жезмандай,

Атыңыз кім, көкетай?

немесе:

Құнттың ұлы Тұқтабан,

Маған көңіл бұрды деп,

Қайда барсам артымнан,

Қалмай еріп жүрді деп. –

деуінде сезімнен гөрі сес, көңілден гөрі кек басым. «Жеті қағанның» желісін құраушы кейіпкерлердің атының өзі жүз қарарлық: Жезмандай, Жезтаңдай, Ақмандай, Көккөтен, Мілмира, Сетерхан, Қартаңхан, Жамғыржан, Тұқтабан (Арыстан) деп тізіліп кете береді. Адам аттарының өзінде ұйқас пен үйлесім, тіпті үндестік бар деуге де болар еді. Мілмира мен Күлмира, Сетерхан мен Қартаң хан, Жамғыржан мен Тұқтабан, ал Жезмандай, Жезтаңдай, Ақмандай да өз алдына бір бөлек әлем. Оқиғаның өрбуі Тұқтабанның туылуынан басталғанымен, аяқталуы Тұқтабанның (арыстанға айналып) Арыстан ханға айналып таққа отыруымен аяқталады. Қазақ ертегілеріне, жырларына тән оқиғалар қақтығысы болғанымен, тартыс пен шиеленіс, қимыл-қозғалыс, әдіс пен тәсіл халық ауыз әдебиетіне тән үрдіс пен үлгілерге негізделген. Тараулар табиғаты мен тұтастығына бойласақ, болғаннан болмағаны, қол жеткеннен жетпей қалуына құрылған оқиғалар омыраулап қана қоймай, шығарманың құрылымдық жағынан ширатыла түсуіне түрткі болады.

Мәселен, Жезмандайдың Құнттың ауылына баруы және мақсатына жете алмай қайтуы немесе Жезмандайдың ниетінің әшкере болуы, болмаса Жезмандайдың Балыққа қарай қашуы немесе Жезмандайдың шырғасы, болмаса Жезмандайдың Бұхарды ойрандауы. Басқаны былай қойғанда, Жезмандайдың тоқсантүрлі күй кешуінен (қиялдан құрастырылғаны өз алдына) жырдың қисынды құрылымына көз жеткізесің. Әлбетте Жезмандай оқиғаның басынан аяғына дейін жеңісті жолдармен жүріп келе жатқан жоқ, қилы-қилы сәттерді басынан кешіріп қана қоймай, айласы мен амалын асырып, бірде сүрініп, бірде жығылып жүруі де – өмірдің өзінен туындайтын адам тағдыры. Олай болса, жалпы алғанда «Жеті қаған» жырының құрылымынан жасанды жаңсақтықтан гөрі, табиғи тұтастық байқалады. Оқиға желісін ойдан шығармай, тарихи шындыққа жақындату, жанастыру жырдың композициялық көркемдігін сақтап қана қоймай, мазмұн мен идеяның мейлінше айшықталып, айқындала түсуіне жол ашады. Жырда кездесетін адам аттарымен қатар жер-су, қала атаулары да оқиғаның өткен уақытын белгілеп болжауға бірқыдыру қызмет етеді. Қала, ауыл, ру, тайпа, тек атауларына қарап, оқиға орындары мен тарихи атаулардың сабақтастығынан жырдың құрылымының тарихи шындыққа негізделгеніне толық және түпкілікті негіз бар.

Сонымен қатар, жырдың құрылым көркемдігін арттыруға кейіпкерлердің сөз саптауы ғана емес, киім-киісі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы үздіксіз үлес қосып, шығарманың шырайын келтіреді. Осы орайда Жезмандайдың диалогтары – дәлелді, дәйекті, монологтары – мазмұнды, мәйекті болып келетінін аңғару қиын емес. Қартаң хан күні өтіп бара жатса да қартаңдығын жасырып, алшаңдығын асырғысы келетін, өз бетімен шұғыл шешім қабылдағаннан гөрі, төңірегінен сыр тартып, ақылдасып алғанды жөн санайтын тұлға. Арыстанға араша түспек болған Жезмандайдың:

Ер өлтіріп, қан төгіп,

Күш қылды ма Арыстан?!

Ереже бұзар ел бөліп,

Іс қылды ма, Арыстан?

немесе:

Дұшпаныңды Тұқтабан,

Жермен жексен етті ғой.

Жер болған емей немеңе,

Менменсіген Миян хан,

Қожентке қашып кетті ғой. –

деуінде Қартаң ханның ашуына-ауыздық боларлық, ақылына-тамыздық боларлық байып бар, ерге де, елге де қалқан болған Арыстанды әрі итеріп, бері жығып өзіне қарату мақсатында туған тапқырлық табы сезілгенімен, аржағында сол баяғы айлалы, алпыс айлалы әйелге тән күндестіктің қып-қызыл шоғы бұрқырап тұр. Тұқтабанның табанын күйдіретін қып-қызыл маздаған қызыл шок, қып-қызыл шоғын қойнына тығып тұрып Арыстанның алдында да, Қартаң ханның алдында да Жезмандай төтеннен жол тауып, тілбезеген болады, адам жаратылысына тән жағымпаздық пен жалпақ – шешейлік белгілі бір сәттің ғана себепшісі, сәттік қимыл-әрекеттің, айла-амалдың таптырмайтын тәсілі, құтқармайтын құрығы болғанымен, ерте ме, кеш пе орнын табатын осалдық пен опасыздық бір жерде бірлесіп тізе қосқанымен, енді бір жерде бір байламға келе алмай жататыны жасырын емес, себебі «Адамныңбәрі бірдей хайуан да емес, адам да емес» деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай, кей-кейде адамдық жеңіске жетсе, кей-кейде айуандық тұғырда тұрады. Жырдағы Жезмандай мен Қартаң хан да бір-біріне карама-қарсы қимыл әрекеттің ғана емес, екеуінің ойлау жүйесі бір-біріне кереғар кісілер, дегенмен бір төсекте бас қосып, бір дастархан басынан дәм татады. «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, ал махаббат – таусылмайтын әңгіме» деп М. Шаханов айтқандай, Қартаң ханның күні өтіп, дәурені дамылдап тұр, Жезмандайдың әлі де жұлынып, ұрынып тұрған тұсы екенін ескерсек, екеуінің арасында жер мен көктей айырма бар, ол айырма тек жаста ғана емес, тұлғалар табиғатында жатыр.

Қараңғының шапанын,

Басына бүркей жамылып

Жұлдыздан моншақ тағынып,

Жүріп кетті Жезмандай,

Қастық ойлап қағынып.

Иә, айтса айтқандай, «қараңғының шапанын басына бүркей жамылып» жүретін жандар біреу емес, жалғыз Жезмандай емес, жүздеген, мыңдаған, миллиондаған, Қартаң ханның кезінде де, қазір де сондай көп. «Нағыз қауіп қатер кезінде кәнігі кейіпкерлер қаза таппайды, тобарсыған топ пен тобыр толассыз қырғынға ұшырайды» деп Иосиф Бродский айтпақшы, Қартаң хан мен Миян ханның арасындағы айқаста, Қартаң да дін аман, Миян да міз бақпаған қалпында қалды, Жезмандай да, тағы басқалар да тұғырынан түскен жоқ, екі жақтан да қырылған қосақ арасындағылар, яғни:

Аз өлмеді, көп өлді,

Жарлы өлді, бай өлді,

Жас та өлді, кәрі өлді,

Жалғыз да өлді, көп те өлді,

Жасырғанмен бола ма,

Үйсіндерден көбірек,

Қоженттен аз өлді.

жас та, кәрі де, жалғыз да, көп те Қартаң мен Миянның маңындағылар, оқыс оқиғаның басы-қасында тағы да Жезмандай жүр... Жезмандайдың көркіне қызығушылардың ішінде Миян ханның төбесі көрініп қалады, Қартаң ханның құтын қашырған Жезмандай енді Миян ханның мысын басып, берекесін кетіруде, қазақтың «біреудің қаңсығы – біреуге тансық» дегеніндей, жырдың құрылымына қуат беріп, көркемдігі мен белсенділігін арттырып тұрған да осы Жезмандай. «Сұлулықтың бәйгесі бес-ақ күн, бес күннен кейін жалықтыра, жабықтыра бастайды» деп Джордж Бернард Шоу айтпақшы, Жезмандайдың жүлдесі үшін жарысушылар көп болғанымен, шынайы жанкүйерлер аз. Марк Твен былай депті: «Егер сіз өзіңіздің үнемі басым көпшілік жағында жүргеніңізді байқасаңыз, дереу өзіңізді өзгертуге тура келеді, немесе өзіңіздің өзгергеніңіз жөн» депті, яғни басым көпшіліктің пікірі көбіне көп басшылықтың бұйдасы болып келеді, шын мәніндегі «солақай саясаткер көпшілікті қолдамайды,

алайда айдап салудың алуан амалдарын мықты меңгерген» деп Стюарт Холл бекер айтпаған болар.

Қалай десек те «Жезмандайдың ниетінің әшкере болуы, Тұқтабанның зынданнан босатылуы» атты тұтас бір тарауда зұлымдық пен ақиқаттың арпалысы айқын сипатталады.

Қанағатсыз, ашкөздік,

Нәпсі түпке жетеді.

Арамдық түбі бір қылдай,

Бырт үзіліп кетеді.

немесе:

Менің балам Тұқтабан,

Зындан болсын, не болсын!

Адалдықтан танбайды.

Алданған жан арамға,

Басына таяр қам-қайғы.

Иә, Арыстанның анасының айтқан сөзі осындай, кесек-кесек сомдалған сөз, баласының ауық-ауық зынданға түскеніне таңданбайды да, жата қалып жағымпазданбайды да, қайта керісінше туған ұлының рухын көтеріп: «Зындан болсын, не болсын, адалдықтан танбайды» деуінде өрлік қана емес, өзгешелік бар, иә Тұқтабанның Арыстанға айналуында да осы өзгешелік, ананың ақ сүтімен бірге берілген, біте қайнасқан біртуар болмыс бой көрсетеді. «Мен әйелдерде мінез жоқ деп айтпас едім, әрине бар, бірақ күн сайын өзгеріп тұратын өзгеше мінез» деп Генрих Гейне айтпақшы, Арыстанның анасы да өзгеше оқшау мінез танытып, Жезмандайдың бетін қайтарып, салын суға кетіреді. Ал Қартаң ханның:

Тыңда жұртым мен айтам,

Батырым, менің Тұқтабан,

Атын қойдым Арыстан,

Бұдан кейін батырдың,

Арыстан атын айтыңдар!

деуінде ақиқатты мойындау бар. Тұқтабан – қатардағы күс табандардың бірі емес, ақиқаттың арыстаны «айға шауып мерт болатын арыстан емес», жауға шауып кие қонған, абыройға ие болған Арыстан... Ал, Жезмаңдайдың жолының болмай, Балыққа қарай қашуы екіжүзділіктің жеңіліс тауып жан алқымға тығылуы болар: «кім кінәлі, кәм кінәсіз тауып ал, екеуінің ішіндегі сауын ал» деп Александр Пушкин айтпақшы, санасы сырқат пенде мен санасы сау адам бірден белгілі болмағанымен, біртіндеп бетпердесі сыпырылатыны айқын. «Арыстан хан» жырының композициясындағы «Жезмаңдайдың Құнттың ауылына баруы немесе мақсатына жете алмай қайтуы», «Уәзірдің өтмішке пұшайман болуы», «Күлмираның у ішіп өлуі», «Балық қолының ойсырай жеңілуі», «Темірше батырдың Арыстаннан жеңілуі», «Миян ханның мысының құруы», «Арыстанның қашқындарды қууы» деп атының өзі айтып тұрғандай, «қайту», «қашу» «пұшайман болу», «у ішу», «ойсырай жеңілуі» сияқты етістіктердің өзінен ездіктің лебі аңқып тұр. Жеңіліс тауып жатқан тағы да сол – сатқындық пен саяздық, жағымпаздық пен жаңсақтық, жер бауырлаған жиіркеніш пен құрт-құмырсақдай қыбырлаған қызғаныш, іші мен сырты бірдей іштарлық пен ішмерездік, ерте ме, кеш пе, көр құшатыны әмбеге аян болса да, адамдар сол сәтті пайдаланып қалғысы келеді. «Бағанаға тікесінен тік тұрғаны үшін бәрі кешірімді» деп латыш ойшылы Цаль Меламед айтпақшы, қазақтың қай жырын оқып қарасаңыз да ақырында ақиқат алға шығады, ізгіліктің ізі қалады, көкірегінде сайрап тұрады. Тұқтабанды Арыстанға айналдырған да – ақиқат екені, Жезмаңдайдың маңдайын жерге қаратқан да қызғаныш пен қулық, іштарлық пен сұмдық екені белгілі ғой. Қазақтың халық ауыз әдебиеті тұтастай және түгелдей ізгілік пен ізетке үндеп қана қоймай, сол сұрапыл сапарда тар жол тайғақ кешуден өтеді, табандылық таққа отырады, ақиқат айналасын нұрландырады, себебі адам баласы ақиқаттың ақ уызынан жаратылып, сатқындықтың сары уызына да ауыз салған сияқты, сөйтіп сатқындықтың да сапары басталған «Арыстан хан» жырының мазмұны мен идеясы қазақтың бұрынғы батырлар жырындай жақсылықты жоқтап, ізгілікті іздестіруге, ақиқатты аман сақтап қалуға негізделген. Жақсылықтың жолында жедел жәрдем болу, жақсылықтың жүгі сол ауған жерге жөпелдеме жету – екінің біріне берілген қасиет болғанымен, оны адамдар қол жаулығына айналдырып алған. Жырдың

«Арыстан хан» аталуында да заңдылық бар, аң патшасы – арыстан болса, аңға айналған адамдардың патшасы да – арыстан атануы өмірдің өзі қолымен ұстатқан ұстаным, «ақиқат арзан тұрады, болмаса түкке тұрмайды, себебі ол бізге мұқтаж» деп Сенеке тұспалдағанындай, жырдағы оқиғалардың өрбуі, кейіпкерлердің қақтығысы, шындықтың ширығуы, шындалуы, шынығуы бірден көзге ұрып тұрған жоқ, себебі тарихи шындықты бұрмалау мүмкін емес қой. Жырдағы жер атаулары Самарқан, Бұхар, Қожент, Бадақшан, Ауған, Африсиаб, Хиуа, Енесай, Мәуренахр, Шымкент, Хорасан, Шам, Басыра, Бағдатқа қарап оқиғаның қай кезеңде болғанын бағдарласақ, парсы, жеті ықылым, қызылбас, жауыт, назара, көндігер, шүршіт, қалша, ақүйліге апару, қарашапан қыпшақтар, шие сынды сөздердің түп-төркініне бойлап тарихи тағылым аламыз. Ғалым Рахманқұл Бердібайдың «Бірінші дастанның көлемі он төрт мың жолдай, сонда жеті дастанның аумағы қанша болатынын есептеу қиын емес қой» деген сөзінің жаны бар, осыншама мол мұраны жадына сақтап, зердесіне тоқып келген Жүсіп Мамайдың да еңбегі ересен. Қалай болғанда да «Жеті қаған» қолымызда, оқиғасы «ғалым болмай немене балалықты қисаңыз» деп хакім Абай айтпақшы «Жеті қағанның» тәрбиелік, тағылымдық тұстарына зейін қойып, арнаулы курстар жүргізу, шым-шымдап шындыққа бет бұрғызу бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі іс. «Жақсы ғашықтық романының кем-кетігі көп болуы да мүмкін» деп чех жазушысы Карел Чапек байқағанындай, мәселе «Жеті қаған» жырының тіліндегі түйіткілдер, оқиғасындағы ораш олақтықтар хақында емес, ел сүйгіш, елжандылық жақтарына баса назар аударуымызда болса керек, осы жағынан алғанда «Арыстан хан» ұлттың рухына қызмет ететін дәстүрлі дастан ғана емес, ұлт рухын ұлықтайтын мердігер мұра.

«Жеті қағанның» жырын жаттап өскен өскелең ұрпақ ұлтына ұран болары, жұртына қорған болары хақ, себебі Тұқтабанның Арыстанға айналуындағы ақиқатқа көзі жеткен ұрпақ та, шындықтың көзіне шұқымайтынына сенгің келеді, ұяттың ұнжырғасын түсіріп, тәлкекке түсірмейтініне тілекшісің «Ұяттың үні ешқашан хорға қосылмайды» деп поляқтың атақты ақыны Казимеж Слонимский айтқандайын, «Арыстан хан» дастаны да «Жеті қағанның» беделін биіктетіп, көшін бастап тұрған бірегей, басы бүгін дүние, олай болса, жырдың мазмұны құрылымына, құрылымы идеясына иек артып тұрған жыр туралы толғам да – біреу,

түйін де біреу: «өмірдегі шындықтың шынайы әдеби шығармаға айналуы, әдебиеттегі мазмұнның пішінге көшуі, тақырыптың идеялық шешім табу процесінде сюжет пен композицияның ролін еш нәрсемен ауыстыру мүмкін емес» депті академик Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде.

«Арыстан қағанның» мазмұны мен пішінін бір-бірінен бөліп қараудың қажеттілігі де жоқ секілді, себебі пішіні мазмұнын молықтырып, мазмұны пішінін толықтырып тұр, ал сюжет пен композициясы да жасандылықтан жұрдай күштеп құрылған құрылым емес, өлшеп-пішіп құрылған қатардағы композиция емес, оқиғаның өзінен, өзегінен жаратылған табиғи, табиғаты тұтас тараулар, ойдан шығарылған орашолақ оқиғалар жүйесінен жасақталмаған, өмірдің қайнаған қақ ортасынан ойып алынған сом сюжеттер, кескінді композициялар болып табылады.

Жыр басынан аяғына дейін ауыз екі сөйлеу тіліне құрылғанын да тараулар табиғатынан тап басып тануға болады. Бұл әрине ауыз екі сөйлеу тілімен баяндауға да болатын немесе жыршылардың орындауына оңтайлы дастан, тілі қарапайым, оқиғалары орнықты, оқыстан қосылып, кенеттен киіп кететін шытырман шайқастар мен орынсыз ойдан қосылған қызықты хикаялар жоқтың қасы. Жырдың құрылымында тұтастық бар дейтін себебіміз, сабақтас, өзектес оқиғалардың сатылап дамуы мен өзара жалғастығы сақталып тоғысар тұстары да біркелкі, бірқалыпты жүйемен дамиды.

Әлбетте Арыстан ханның таққа отыруы таңғаларлық оқыс оқиға емес екені де белгілі, себебі оқиғаның өрісі де, желісі де, жүйесі де соған жетектеп, Арыстанның алғырлығын аша түсіп, батылдығын баян ететін тұстар жетерлік. Бұл жырдың қазақтың эпостық немесе лиро-эпостық жырларынан басты айырмашылығы да композициялық құрылымының бір бөлектігінде. Оқиғалар ойластырылмай, құрастырылмай болған күйінде баяндалғаны және жырды жадына тоқып жырлаушылардың да өз тарапынан көп өзгерістер енгізбегені байқалады.

Бір сөзбен айтқанда жырдың композиция мен сюжеті тарихтан алынған, бабамыздың табиғатынан туындаған. «Табиғаттан бабамыз ала берген секілді» деп Қадыр Мырза Әлі айтса айтқандай, жыр табиғатында бабалардың болмыс-бітімі мен бет-пішіні, мінез-құлқы,

табиғи жаратылысы жарасым тапқан тарихи түпнұсқа. «Түпнұсқаға теңелу үшін, еш нұсқаға ұқсамау керек» деген екен француз жазушысы Жюль Ренар, «Арыстан ханның» сюжеті мен композициясы да басқа нұсқаларға ұқсамайтыны көңілге қуаныш ұялатады

Қорыта айтарымыз, «Жеті қаған» жырының қай-қайсысы да бір-біріне ұқсамайтыны өз алдына композициялық құрылымдары да ерекше екенін ескеруіміз қажет. Зұлымдық пен ізгіліктің мәңгі бітпейтін күресіне құрылған жыр оқырманға ой салып қана қоймай, жөн сілтеп, бағыт көрсетері анық. «Арыстан ханның» құрылымы мен сюжеті бір-бірімен біте қайнасып кеткендей әсер қалдырады. Жырдың композициялық ерекшеліктері келешекте зерттеу нысанасына айналуы керек. Ал біздің айтпағымыз, зерделі зерттеудің бір ұшығы ғана қазақ оқырманының ой-санасын сілкіп, қиял көкжиегін кеңейте түсетін, ел аузында, жыршылар жадында сақталатын жырға айналса екен!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Жазушы», 1985, - т.17 – 352 б.
2. Бродский И. Набережная неисцелимых. М., 1992.
3. Ренар Ж. Дневник. – М., 1965.
4. Меламед Ц. Улыбки до востребования. Рига, 1966.
5. Мифология, Большой энциклопедический словарь, - М., Большая Российская энциклопедия, 1998 – с 736.
6. Книга для медленного чтения. 1000 высказываний. Сост. Л.Д.Собалев. –М., 1994.
7. Кирабаев С. Шындық пен шығарма – Алматы, «Жалын», 1981, - 252Б.
8. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. / құраст М.Ғабдуллин, Алматы, «Қазақ мемлекеттік оқу – педогогика» баспасы, 1959, - 348Б.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы – Алматы, «Ана тілі»,

- а. 1997,- 288 Б.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Санат», 2002, -360 б.
 11. Мырза Әлі Қ. Таңдамалы екі томдық шығармалар жинағы - Алматы, «Жазушы», 2005.
 12. Шаханов М.
 13. Қазақ ертегілері. – Алматы, «Жазушы». 2000, т.6. -272 б.
 14. Асыл сөз./ құраст Б.Ысқақов, Алматы, «Жалын», 1987-432 б.
 15. Қазақтың мақал-мәтелдері – Алматы, Қазақстан, 1960, - 238 б.
 16. Ел аузынан. Абай.-1994 - № 10. – 93 – 94Б.
 17. Төрекұлов Н. Қазақтың би-шешендері – Алматы: Жалын, 1993, - 1,2 кітап, 400Б.

БӨЛІМ 7

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

САЛҚЫНБАЙ, А.Б.

КАСПИХАН, Б.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Салқынбай А.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, ф.ғ.д.

Каспихан Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

Көне замандардан бастап бүгінгі жаңа заманның ойшылдарына дейін уақыттың құпиясын, сырын, мәнін, қасиетін зерттеуге тырысады. Әлем тарихындағы түрлі ежелгі өркениеттердің уақыт туралы түсінігі, әлем халықтарының уақыт туралы пайымдаулары дүниенің тілдік бейнесін тануда, адам баласының айналадағы шындықты қабылдауын зерделеуде өте маңызды.

Уақыт – күрделі философиялық категория. Бір қарағанда уақытты қабылдау объективті болып, адамзат баласының бәріне бірдей қабылданатындай көрінгенімен, шын мәнінде уақытты қабылдау субъективті процесс. Философиялық тұрғыдан алып қарасақ, физикалық түрде уақыт оны қалай қабылдағанына қарамастан, адам санасынан тәуелсіз өмір сүретін шындық, болмыс. Уақытты қабылдаудың субъективті екеніне әртүрлі халықтың өзіне тән нумеративтері, өзіндік санау жүйесі дәлел бола алады.

Мәселен, адамзат тарихында ерекше орын алатын мая өркениетінде 17 түрлі күнтізбе болған. Солардың ішінде, Хааб, Цолькин, «Ұзын есеп» деп аталатын үш күнтізбені ерекше атауға болады. Хааб күнтізбесі

бойынша маялықтарда бір жылда 20 күннен тұратын 18 ай және аты жоқ 5 күн бар. Мая тайпалары бұл күнтізбені күнделікті шаруашылығында қолданған екен. Ал Цолькин күнтізбесін діни рәсімдерді өткізетін күндерді белгілеу үшін қолданған, бұл күнтізбе 260 күндік жүйеден тұрады [1, 127].

Түркітанушы А.Н. Самойлович көне түркі халықтарының айды апталарға бөлмегенін, апта күндеріне ат қоймағанын жазады [2, 258]. Ғалым будда дінін ұстанған түркілер де айды апталарға бөлмегенін, ал несториан дінін ұстанған түркілердің XIII-XIV ғасырлардағы Жетісудан табылған ескерткіштерінен сириялық күнтізбені пайдаланғанын айтады.

Н.Д. Арутюнова уақыттың тілдік модельдерінің екі түрін атайды: бірінде уақыт адамның өмір жолымен, тағдырымен байланысты, екіншісінде уақыт табиғи заттардың қозғалысы арқылы, судың, ауаның қозғалысы арқылы көрінеді. Ғалым бұл модельдерді «Адамның жолы» және «Уақыт ағыны» деп атайды [3, 53]. Сонымен қатар ғалым уақыттың өткеннен болашаққа қарай бір бағытта жүретін хронологиялық немесе тарихи моделін сөз етеді. Ғалым хронологиялық модельмен қатар айтушының орналасуына қарай анықталатын тағы бір модель туралы былай дейді: «Внутриязыковая модель, напротив, постоянно разбивает линию времени точкой присутствия, задающей разную направленность движения времени – вперед, в будущее и назад, в прошлое» [3, 61].

Ғалымның айтқан уақыт моделдерінде уақытты кеңістік арқылы түсіндіруге болады. Бір үлгісінде уақыт жолағын салып, тізбек ретінде қарасақ, адамның алдында өтіп кеткен, болып кеткен уақыт, ал артында енді болатын уақыт тұрады. Мысалы, оны хакім Абайдың:

Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел,

Алдыңғы толқын – ағалар,

Кейінгі толқын – інілер,

Кезекпенен өлінер,

Бағғыдай көрінер, – деген сөздерінен көруге болады.

Н.К. Рябцева уақытқа аксиологиялық тұрғыдан талдау жасайды.

Зерттеуші адамнан тыс, хронологиялық тәртіп ретінде қабылданатын физикалық уақытпен қатар метафизикалық (философиялық) уақыт, тұрмыстық (субъективті, жеке) уақыт және рухани (поэтикалық, діни) уақыт түрлерін атайды [4, 78].

Г.А. Золотова уақыт таксистік категория болғандықтан, уақыттың кезкелген бір бөлігі басқа бір бөлігімен салыстыру арқылы анықталатынын айтады. Мәселен, жыл маусымы сияқты қайталанып отыратын кезеңдерді астрономиялық уақытпен, тарихи оқиғаларды күнтізбелік уақытпен салыстыру арқылы анықтайды дейді [5, 12].

С.Г. Кляшторный көне түркі жазба ескерткіштерінде уақыт 12 айдан тұратын жыл арқылы және ескерткіштердегі кейіпкердің жасы арқылы есептелгенін айтады [6, 237]. Сонымен қатар ғалым ескерткіш мәтіндеріндегі дүниенің пайда болуы, уақыттың басталуын көрсететін космогониялық немесе мифологиялық уақытқа да назар аударады [6, 239].

Н.Г. Шаймердинова көне түркі жазба ескерткіштерінде жыл санағын, эпикалық уақытты, рулық уақыт пен ұрпақ концептісін, Күлтегіннің ерлік істері мен әскери жорықтары арқылы бейнеленетін уақытты талдап жазады. Зерттеуші эпикалық уақытты мәтіндерде кездесетін мәңгілік ұғымымен байланыстырады және эпикалық уақытты өміршең, қайталанатын, циклді деп сипаттайды.

Уақыт туралы түсініктер, «Уақыт» концептісі туралы зерттеулер әдетте тілдік материалдар негізінде жүзеге асады. Уақыт ұғымына қатысты атаулардың уәждемесі сол халықтың танымдық ерекшелігін айқын көрсете алады. Мәселен, көне түркі жазба ескерткіштері тілінде уақыт ұғымын өд атауы берген. Көне түркі сөздігінде (ДТС-те) «ÖD 1. время; 2. небольшой отрезок времени, час» деген анықтама беріледі [7, 376].

Осы атаудың этимологиясын, атаудың берілу уәждемесін табу қиын емес. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өт етістігіне мынадай анықтамалар беріледі: ӨТ II 1. Бір нәрсенің арасынан жүру, кешу, өзеннің екінші жағына шығу. 2. Шекарадан асу, бөтен жерден қоныс тебу. 3. Қоғамның белгілі бір ұйымына мүше болу. 4. Белгілі бір әрекеттің, уақиғаның іске асуы, болуы. 5. Ауысп. Қаза болу, демі біту; өлу. 6. Ауысп. Уақыттың, мезгілдің жылжуы [8, 661]. Осы анықтамалардың

ішінде өт етістігінің ауыспалы мағынада уақыттың, мезгілдің жылжуын білдіретінін көреміз. Уақыт – өтпелі. Уақыттың тоқтаусыз екенін, шексіз екенін, өтпелі екенін ежелгі дәуір философтары, әлем халықтарының түрлі данышпандары түрлі қанатты сөздер, күрделі теориялармен жазып қалдырған болса, дүниенің бізге таныс осы шындығын ежелгі түркілер бір ғана атау беру арқылы көрсеткен екен. Бір бағытта ғана жылжитын, тоқтамайтын күрделі философиялық категорияның қимыл атауымен берілуі ерте замандарда бір буынды атаулардың синкреттілігі туралы ғылыми тұжырымдарды да дәлелдей түседі.

ÖD сөзіне В. Томсен temps, яғни уақыт деп анықтама берсе [9, 23], В. Радлов уақыт; уақыттың, мезгілдің жылжуы [10], Дж. Клоусон уақыт, уақыттың бір бөлігі деген анықтамалар береді [11, 35].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде öd атауы Күлтегін ескерткішінің кіші, үлкен жазбаларында, Онгин ескерткішінде кездеседі. Мысалы, tǎŋri tǎg tǎŋridä bolmïš türk bilgä qaŋan bu ödkä olurtım – Тәңірідей көктен пайда болған түрік Білге қағаны бұл кезде таққа отырдым (КТк.1) [12, 187] немесе ol ödkä qul bolmïš (kün küŋlig bolmïš ärti, inisi açisin bilmäz ärti, oylï qaŋin bilmäz ärti) – Ол кезде құл құлды болды, күн күнді болды. Інісі ағасын білмейтіндей еді, ұлы әкесін білмейтіндей еді (арасы қашық болғандықтан) (КТү.21) [12, 202] деген жолдарда ödkä формасында кездеседі. Bu ödkä яғни, бұл уақытта немесе бұл кезде формасындағы -kä жалғауын академик А. Н. Кононов табыс-жатыс септігінің (дательноместный падеж) формасы деп есептейді [13, 156], бұл қазіргі қазақ тіліндегі қашан деген сұраққа жауап беріп, жатыс септігіне сәйкес келеді.

Күлтегін ескерткішінде öd tǎŋri jasar, kiši oylï kor ölgäli törümiš (КТү.50) деген жазба бар. Ескерткіштің осы үзіндісінің аудармасын жасағанда ғалымдар екі топқа бөлінеді. Ғалымдардың бір тобы öd tǎŋri jasar дегенді «ажалды, уақытты, тағдырды Тәңірі жасайды, бөледі» деп аударса, ғалымдардың екінші бір тобы «Тәңірі ғана мәңгілік жасар» деп аударады.

Ғалымдардың бірінші тобына П. Мелиоранский (Время (т.е. судьбы, сроки) распределяет Небо (т.е. Бог), (но так или иначе) сыны человеческие все рождены с тем, чтобы умереть)[14, 76], С.Е. Малов (Время (т.е. судьбы, сроки) распределяет небо (т.е бог), (но так или

иначе) сыны человеческие все рождены с тем, чтобы умереть)[15, 43], Ғ. Айдаров (Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлгелі туған) [16, 182], М. Жолдасбеков (Тағдырды тәңірі жасар. Адам баласының бәрі өлгелі туған)[17, 57], Қ. Сартқожаұлы (Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлмекке туған)[18, 174], Н. Базылхан (Шақты (ажалды) Тәңірі жасайды кісі ұлы көп өлгелі туған еді)[19, 76] жатады.

Екінші нұсқаны қолдаған В. Радлов П. Мелиоранскиймен бірге жариялаған «Сборник трудов Орхонской экспедиции. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме» еңбегінде «Вечно живет (только) Небо, человек же родится, чтобы погибнуть в сражений. Если читать “тіріміш”, то след. перевести “Человек живет чтобы умереть в сражений”. Если же “куп” разбирать как наречие то след. перевести: “Люди же живут чтобы умереть всем (без исключения)”» [20, 35] деп жазады. Алтай Аманжолов орысша аудармасында «Время (сроки) распределяет Тенгри, люди же все рождены с тем, чтобы умереть» (2010) [21, 173], қазақша аудармасында «Адам баласының бәрі өлмек үшін туған. Мәңгілік уақыт Тәңірі ғана жасар» (2012) [12, 204] деп көрсетеді. 1897 жылғы В. Радловтың П. Мелиоранскиймен бірге жариялаған жинағынан кейін, 1899 жылы П. Мелиоранский «Памятник в честь Кюльтегина» еңбегінде өзіне дейінгі аудармаларға өзгерістер енгізіп, өз нұсқасын ұсынады. Кейінгі аудармалардың көпшілігі, жоғарыда аталған ғалымдардың бірінші тобы П. Мелиоранский ұсынған нұсқа бойынша немесе сол нұсқаға жақын түрде аударма жасаған.

Ғалымдардың екінші тобының мәтіндегі жасау етістігінің «жасау», «творить» мағынасымен қатар «жасау», «өмір сүру» мағынасына назар аударғаны байқалады. Қазақ тіліндегі «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», «Көп жасаған құрдасынын айрылады, қатыны сұлу жолдасынан айрылады» деген мақал-мәтелдер, «Көп жаса!», «Көп жасағыр» деген алғыс-тілектер етістіктің осы мағынасын аша түседі.

Профессор Н.Г. Шаймердинова мәтіндегі «жасау» етістігінің формасы жасалғанның бәрі мәңгі емес деген мағына беретінін айтады. Сондықтан ғалым «...время – творимо, имеет начало и конец, и, как и весь мир в целом, определяется высшими силами» деген пікір білдіреді [22, 74].

Күлтегін ескерткішіндегі öd täñri jasar, kiři oylı kor ölgäli törümüř деген осы жазбаны түрік ғалымы Т. Текин «Zaman Tanrısı buyurunca insan oğlu her ölümlü yaratılmış» деп аударды [23, 23]. Сонда «Уақыт тәңірісінің бұйыруымен адам баласы өлу үшін жаратылған» деген аударманың үшінші нұсқасы да бар. С.Г. Кляшторный öd täñri jasar деген сөздің «время (т.е. судьбу, сроки) распределяет Небо (т. е. бог)» және «бог времени [так] установил (сыны человеческие являются на свет с тем, чтобы умереть)» деген аудармалары бар дей келе, егер соңғы аударма дұрыс болса, көнетүркі пантеонына Тәңір, Ұмай, Жер-су, Ерклігпен қатар Уақыт Тәңірісі де енетінін жазады [6, 239].

Аударманың барлық нұсқасы да «адам баласы мәңгі өмір сүрмейді, тұмақ бар болса, өлмек те бар» дейтін өмір шындығын, өмір философиясын көрсетеді. Осы даналық ойдың ғасырдан ғасырға сабақтастығын М. Қашқаридің сөздігі мынандай анықтамамен дәлелдей түседі: «ӨД: (“ө” әрпі жұмсақ айтылады); уақыт, заман, дәуір. Мақалда былай келтірілген: Өд кешер кіші туимас, иалыңқ оғлы меңгү қалмас – Заман өтер, кісі тоймас, адам ұлы мәңгі қалмас» [24, 73].

Көне түркі жазба ескерткіштерінен хайуанаттар атымен аталатын 12 жылдық жыл қайыруды кездестіреміз. Мұндай жыл қайыру Еуразия даласында кең тараған. 12-жылдық хайуанаттар циклін Жапониядан Еділ бойына дейінгі, Кавказдан Үнді-Қытайға дейінгі аралықта мекендейтін түрлі халықтың жыл санауынан кездестіре аламыз. Зерттеуші И.В. Захарова Орталық Азияда осы жыл санауды қолданатындарды батыс және шығыс циклі деп екі топқа бөледі. Зерттеуші түркітілдес халықтардан құралған батыс циклінде бірінші болып хайуанаттар циклі Орхон ескерткіштерінде кездесетінін айтады. И.В. Захарова көне түркі жазба ескерткіштеріндегі жыл қайыру туралы былай деп жазады: «Орхонский цикл не полон, найдено только шесть названий, но они совпадают по значению, наименованиям и хронологии с названиями в последующих памятниках. Особняком стоит только одно название – лагзын (год свиньи), не находящее соответствия в тюркских языках и скорее сближающееся с маньчжурским углянъ» [25, 33].

Күлтегін ескерткішіндегі күл tigin qoñ jılqa jiti jägirmikä uçdi. toquzınç aj jiti otuzqa joу ärtürtimiz – Күлтегін қой жылы, он жетінші күні ұшты (дүние

салды). Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде ас бердік (К III) [12, 206] деген жолдан, Онгин ескерткішіндегі *üzä täñgi qan. lüj jılqa jätinč aj küčlüg alp är qağanımda adırlıu bardñiz* – Жоғарыда тәңірідей (жарылқаушы) хан. Сіз аждаһа (ұлу) жылының жетінші айында күдіретті батыр, ер жүректі қағанымнан айырылып, (ол дүниеге) аттандыңыз (Оа.4) [12, 224] деген жолдан, Білге қаған ескерткішінде түркіме бодуныма, йегін анча қазғану біргім. Бунча қазғанып қаңым қаған ыт йыл онынч ай алты отузқа уча барды. Лағзын йыл бісінч ай йіті отузқа йоғ ертүрдім, Бұқағ тутьық – Түркіме, халқыма, сонша (жыл қаған) болған әкем-қаған ит жыл (734 ж.) оныншы айдың жиырма алтыншы күні ұшты (өлді). Доңыз жылы (735 ж.) бесінші айдың жиырма жетінші күні жерледім, Буқағ тутьық (БҚ Ха.10) [26, 88] деген жолдардан немесе Күлі-Чор ескерткішіндегі Түрк будун анта ынағару йоқ болты. Анта кісре тақығу йылқа... будун... ун туйуп. Үч қарлуқ йаблақ сақынып тезе барды – Түрк халқы одан әрі қарай жоқ болды. Содан кейін тауық (745) жылы халық түйіп (түсініп) үш қарлуқ халқы жаман ой алып, қаша берді (МЧ С.10-11) [26, 141], Талас ескерткіштеріндегі *otuz oylan(a) saydıčları рісін(a) әl täğirmi(a)* – Отыз ұланның адал достары! Мешін жылы ел ортасында (еді) (Т2.1) [12, 173] деген үзінділерден түркілердің хайуанаттар циклін пайдаланғанын көреміз.

Жыл қайырудағы осы хайуанаттар циклінің шығу тегі туралы көптеген ғылыми болжамдар мен пікірлер бар. Ғалымдар циклдің шығу тегін Үндістан, Қытай, Мысыр және Орталық Азия сияқты төрт түрлі орталықпен байланыстырады. В. Болл деген ғалым циклдің бастауы Бабылда (Вавилонда) жатыр десе, Й. Галеви жануарларға ерекше мән берген мысырлықтармен байланыстырады. Галеви бұл циклді тек отырықшыларғана ойлап табуы мүмкін, түркілер көшпенді болғандықтан, олардың ойлап табуы мүмкін емес деген сыңаржақ пікір білдіреді. Алтайтанушы Котвич жыл санаудың бұл түрін Орта Азияға соғдылықтар әкелуі мүмкін дейді, ғалым циклдің шығу тегін анықтауға тырыспаса да, ойлап тапқан түріктер емес дейді [25, 59]. Ремюзе циклдің шығуын ежелгі қырғыздармен байланыстырса, Шаванн қытай жылнамаларын XV ғасырға дейінгі Орта Азия халықтарындағы деректермен салыстыра отырып, қытайлықтар бұл жыл санауды түркілерден алған дейді.

И.В. Захарова хайуанаттар циклінің бастауын б.з.д. III-I ғ. ғұн империясымен байланыстырады. Зерттеуші Сібірдің оңтүстігіне, Шығыс Түркістан, Орталық Азия және Қытайға өз ықпалын жүргізген ғұн тайпалық одағы туралы деректер келтіре отырып, мынадай қорытынды жасайды: «Двенадцатилетний животный цикл возник в первых веках до н.э. – первых веках н.э. на территории Средней и Центральной Азии в среде племен и народностей, находившихся в стадии разложения первобытно-общинных отношений и зарождения классовых феодальных отношений. Происхождение его связано с наличием 12(24)-членной родоплеменной системы у тюрков и тотемистических представлений, касающихся большинства животных, вошедших в цикл» [25, 64].

Ә. Қоңыратбаев «Қазақ эпосы және түркология» атты еңбегінде «Мүшелдеп жыл санауды монғолдар 1027 жылы Тибет елінен алған. Ол монғолдан казакқа ауысқан. Тибетте мүшел тәртібі біраз басқалау (қоян, айдаһар, жылан, жылқы, қой, маймыл, тауық, ит, шошқа, тышқан, сиыр, барыс), бірақ тотемдік сыры ұқсас» деп жазады [27, 31].

Қазақ халқында он екі жыл бір айналғанда мүшел толды деп есептеледі. Бірінші мүшел 13 жаста басталып, кейінгілеріне 12 жылды қосып адам жасын оңай есептеп шығуға болады. Халқымыз «Жасың нешеде?» деп сұрамай, «Жылың қайсы?» деп адамның жасын есептеп тауып алатын болған. Туған жылының қазақша атауын білу үшін, туған жылын он екіге бөлу керек. Қалдықсыз бөлінсе, ол «мешін» жылы болғаны, қалдық біреу болса, оның «тауық», екеу болса – «ит», үшеу болса – «доңыз», төртеу болса – «тышқан», бесеу болса – «сиыр», алтау болса – «барыс», жетеу болса – «қоян» жылы болғаны [28, 301].

Осындай жыл қайыруға байланысты түркілерде, моңғол халықтарында түрлі аңыздар мен ертегілер бар. Махмұт Қашқари жыл қайыруға байланысты мынадай аңызды келтіреді: «Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған халқымен кеңесіп, құрылтайда: «Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі бұржыны негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру

жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге бір жәдігерлік болып қалсын» – депті. Халық қағанның бұл айтқандарын «солай болсын» десіп, құптайды. Сол оймен қаған аңға шығады да барлық жабайы хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі жүзіп өтеді. Сөйтіп он екі жылға сол он екі хайуанның аты берілген. Судан ең алдымен сышқан (тышқан) жүзіп өткен» [24, 403]. М. Қашқари сөздікте Сычқан йылы, Уд йылы, Барс йылы, Тауышқан йылы, Йәк йылы, Йылан йылы, Йунд йылы, Қой йылы, Бічін йылы, Тақағу йылы, Ит йылы, Тонуз йылы деп 12 жылдың атын көрсетеді [24, 404].

Қазақ ертегісінде хайуанаттар жыл ағасы болуға дауласады. Жылқы, түйе, сиыр, т.б. адамға өзінен пайдалысы жоқ екенін айтып жыл басы болуға таласады, тышқан не айтарын білмей, бір түрлі құлық тауып «Күнді кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын» дейді. Ертегіде тышқан түйенің өркешіне шығып алып, күнді бірінші көріп жыл басы болған дейді, ал түйе бойына сеніп құр қалды дейді [29, 60]. Ертегінің алтайлықтардағы нұсқасында Дьылчы деген құдай, моңғолдарда Будда жыл бөлінісіне қатысады. Моңғол ертегісінде түйе он екі жылдың ішіне кірмей қалады, бірақ жыл қайыруға кіретін 12 хайуанның қасиеттерін алады [30, 683].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін жыл атауларына қатысты түрлі аңыздар мен ертегілер, ғалыми пікірлер жыл қайыру тарихының тереңде жатқанын көрсетсе керек.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «Уақыт» концептісі жас арқылы да көрініс табады. Мысалы, Күлтегін ескерткішінде Күлтегіннің ерлік істері оның жасы арқылы да баяндалып отырады. Оны ескерткіштегі *qañim qaγan učduqda inim kül tigin jit(i jašda qaltı. on jašda umaj täg ögim qatun qutiña inim kül tigin är at bultı. altı jägirmi jašiña äçim qaγan ilin tögüsın ança qazıantı* – Әкем қаған ұшып кеткенінде (дүние салғанында) інім Күлтегін жеті (жаста қалды. Он жаста) Ұмай сияқты анам хатұнның бағына, інім Күлтегін ер атанды. Он алты жасында ағам қағанның ел-жұртын айтарлықтай иеленді (КТҮ.30-31) [12, 202] немесе *bir otuz jašiña čača säñunkä süñüšdimiz* – Оның жиырма бір жасында Чача сенгүнмен

соғыстық (КТү.32) [12, 203] деген жолдардан көруге болады. Ескерткіште Күлтегіннің 7, 10, 16, 21, 26, 27, 30, 31, 47 жастағы істері сөз болады. Ал Білге қаған ескерткішінде Білге қағанның 8, 14, 17, 18, 20, 22, 26, 27, 30, 32, 33, 34, 38, 39, 50 жасындағы оқиғалар суреттеледі.

Енисей бойынан эпитафиялық ескерткіштерінде де жасын көрсету дәстүрге айналған. Эпитафиялық ескерткіштерде неше жасында дүние салғаны көрсетіледі. Мысалы, *äsiz ilimä qunçujïma oylanima bodunïma äsizimä altmïš jašında (adırlïtm) – Қайран елімнен, ханымымнан (бәйбішемнен), ұланымнан, халқымнан, қандай өкінішті, алпыс жасымда (айырылдым) (Е1.1) [12, 178] немесе üç jïtmïš jašımqa adırlïtm – Алпыс үш жасымда айырылдым (Е3.4) [12, 180], күни tirig üç jašımда қаңсіз boldïm – Мен, Күні Кірігі, үш жасымда әкесіз қалдым (Е6.1) [12, 180].*

Зерттеуші Е. Маралбек көне түркі жазба ескерткіштерінде «уақыт мөлшері» ұғымын білдіретін өзүң узун болзун – өзің ұзақ жаса, узун – ұзақ, беңгү – мәңгі сияқты сөздердің кездесетінін айтады [31, 55]. Зерттеуші узун сөзінің уақытқа қатысты ауыспалы мағынада жұмсалғанына назар аударады.

Уақытқа байланысты «Мәңгілік» концептісі көне түркі жазба мұраларында ерекше орын алады. Ескерткіш мәтіндерінен *bäñgü il, bäñgü taš* сияқты тіркестерді кездестіреміз. Орхон ескерткіштерінде Өтүкен жерін құтты орын деп есептеп, сол жерді мекендесе, *bäñgü il (Мәңгі ел)* болатынын айтады. Мысал ретінде Күлтегін ескерткішіндегі *ötükän jïš olursar bäñgü il tuta olurtaçï sän – Өтүкен тау койнауын мекендесең, мәңгі ел құрып отырмақсың (КТк.8) [12, 187]* деген жолдарды айтуға болады. Өтүкен сияқты мекенді қазақ аңыздарындағы Жерұйықпен байланыстыруға болады. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі Мәңгі ел идеясы түркі халықтарын біріктіретін, қағанды түркі халқының бағы үшін қызмет еткізетін, бектер мен халықты, әскерді төрт жақтан төнген жауға қарсы тұрғызатын ұстаным.

Ескерткіш мәтіндерінде қағандардың айтқан сөздері де, бітігшілердің тасқа қашаған жазуы да *bäñgü taš* арқылы уақыттан тәуелсіз, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе алатын сөздің, жазудың күшін көрсетіп отыр. Көне түркі жазба мұраларында *näñ näñ sabïm ärsär bäñgü tašqa urtïm – Қандай сөзім болса да мәңгі тасқа қашадым (КТк.11) [12, 188]* немесе *ataçïmqa bitig*

tašiy qıldim bāñigü – Аташыма бітіг тасты мәңгі етіп орнаттым (Об.1-2) [12, 224] деген жолдардан бабаларымыздың прагматикасын байқаймыз. Мәтіндерде bāñgü сөзі мәңгілік ұғымымен қатар, bāñgü taš «мәңгі тас» ретінде қолданылып жүріп, кейін келе bāñgü, bāñigü, bāñkü, bāñü деген формаларда «ескерткіш» мағынасын беріп кеткен. Мысалы, *tört oylum bar uçün bāñkümin (tikti) külüg ara bān* – Так как у меня было четыре сына, (они поставили) мой памятник. Я – Кюлиг Апа (E20.1-2) [21, 128] немесе Оң оқ оғлына татына тегі буны көрү білің! Беңү таш тоқытдым... йерте... тоқытдым, бітідім бу... таш барқын... – (батыстағы) он оқ ұлына және татқа (бөгде елге) дейін мұны көре білің. Ескерткіш тас тұрғыздым... жерге (өз орнына) орнаттым. (оған) жазу жаздым, бұл... тас күмбезін... (БҚ Хб.15) [26, 91], *čab šatun tarqan bāñüsi tikä bārtimi(z)* – я поставил (или мы поставили) вечный памятник именитому Шатун тархану (E30.3) [32, 59]. Ескерткіштерге bāñgü taš-қа қашалған сөзді мыңжылдық жазу деп те атайды. Мысалы, Мойын-Чор ескерткішіндегі бың йыллық түмен күнліг бітігімін бергүмін анта йасы ташқа йаратытдым (МЧ.21-22) [26, 143].

Руникалық ескерткіштердегі мауі қорған qışlap jazıña oıuzıyaru sü tašiqdimiz – Мағы-Қорғанда қыстап, жазында оғызға қарсы әскер жасақтадық (КТү.48) [12, 204] немесе Отуз артуқы секіз йашыма қышын қытан тапа сүледім, отуз артуқы тоқуа йашыма йазын татабы сүледім – Отыздан артық сегіз жасымда қыста қытанға қарсы соғыстым. Отыздан артық тоғыз жасымда жазда татабыға қарсы соғыстым (БҚ Ха.1) [26, 87] деген жолдардан жыл мезгілдерін аттарын кездестіреміз. Ескерткіштердегі қырк йашыма Мағы қорған қышладуқта йут болты. Йазына Оғыз тапа сүледім деген жолды Ғ. Айдаров қырық жасымда Мағы қорғанда қыстағанымызда, жұт болды. Жазында Оғузға қарсы соғыстым (БҚ.31-32) [26, 84] деп аударса, С.Е. Малов Во время моей зимовки в Магы Кургане (в крепости Магы Амгы), на сороковом году моей жизни, случился падеж скота. К весне (того года) я двинулся против огузов (БҚ.31-32) [33, 21] деп аударды. Сонымен қатар, осы ескерткіштегі үзе... білге қаған уча барды йай болсағ үзе теңрі көбүрүгесі терче д тағда сығын тезсер... сақынурмен қаңым қаған ташын өзім қаған... деген жолдарды (БҚ Хс.1-7) Ғ. Айдаров үстіне... білге қаған өлді жаз болса, үстінде тәңрі көмкеріліп (тұрған аспан) тауда бұғы жүгірсе ойланармен

әкем қаған тасын өзім қаған... [26, 91] деп, С.Е. Малов над... Бильге-каган (когда умер)... (В месяц), когда наступает лето (вероятно, приблизительно июль; Радлов). Когда небесный свод... (в месяц), когда олень бежит в горах (приблизительно август)... Я горюю, мой отец-хан... Его камень я сам, хан... деп аударарды [33, 25]. Йаз, йай сөздерін ғалымдардың бірде жаз, бірде көктем деп аударуын М. Қашқаридың сөздігінде йай сөзінің көктем мағынасында қолданылғанымен түсіндіруге болатын сияқты. Сөздікте мынадай өлең жолдары бар:

– Йай барұпан ергүзі,
Ақты ақын мұндұзы
Тұғды иарұқ иұлдызы
Тыңла сөзүм күлкүсіз –

– Көктем кетіп, еріді,
Ақты ағын сең-мұзы.
Туды жарық жұлдызы,
Сөзімді аңда күлкісіз [24, 126].

Көне түркі жазба мұраларындағы Анчып ол йыл күзүн ілгеру йорыдым, татарығ айтдым – Бұдан кейін сол жылы күзінде ілгері жүрдім, татарға аттандым (МЧ.20) [26, 142] деген жолдан күз маусымы туралы ақпарат аламыз. Сонымен, осы материалдарға сүйене отырып көне түркілерде көктем, жаз, күз, қыс сияқты жылдың төрт мезгілінің де атауы болған деген қорытынды жасаймыз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде 12 айдың аты кездеспейді, мәтіндерде тек айдың реті ғана көрсетіледі. Мысалы, *kül tigin qoñ jilqa jiti jägirmikā uçdı. toguziñč aj jiti otuzqa joğärtürtimiz* – Күлтегін қой жылы, он жетінші күні ұшты (дүние салды). Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде ас бердік (К.ІІІ) [12, 206] немесе төртүнч ай тоқуз йаңықа сүңүсдім, санчдым – төртінші ай тоғыз жаңасында соғыстым, жеңдім (МЧ.15) [26, 142], бір йегірімінч ай йегірмеке Қара булуқ өңдін Соқақ (немесе Шоқақ) йолы (йулы) анта чігл тутық – он бірінші ай жиырма жаңасында Қара бұлақ алдындағы Соқақ жолында чігіл тутық (МЧ.35) [26, 142].

Көне түркі дәуіріндегі түркі халықтарының уақытты қабылдауы, тануы ескерткіш мәтіндерінен айқын көрінеді. Түркілердің уақыт ұғымына берген атауынан бастап, уақытты көрсететін өлшемдерге дейін табиғатпен етене жақын өмір сүрген халықтың терең философиялық ойларын танытады. Уақыттың өткінші, адам өмірінің жалған, айтылған сөз бен таңбаланған жазудың, ондағы басты құндылықтардың мәңгі екенін көне түркі руникалық ескерткіштерінен аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов Ә. Жаһанды жалғаған терең тамырлар. – Астана: Ғылым, 2016. – 470 б.
2. Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника / Сост. и отв. ред. Г.Ф. Благова, Д.М. Насилов. – М.: Вост. лит., 2005. – 1053 с.
3. Арутюнова Н.Д. Время: модели и метафоры // Лексический анализ языка. Язык и время. – М.: Индрик, 1997. – С. 51-61.
4. Рябцева Н.К. Аксиологические модели времени // Лексический анализ языка. Язык и время. – М.: Индрик, 1997. – С. 78-95.
5. Золотова Г.А. Категории времени и вида с точки зрения текста // Вопросы языкознания. – 2002. – № 3. – С. 7-30.
6. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии рунического письма. –СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2003. – 560 с.
7. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
9. Thomsen V. Inscriptions de l’Orkhon dechiffrees. – Helsingfors: Imprimerie de la Societe de Litterature Finnoise, 1896. – 224 p.
10. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I. Часть 2. – Санкт-Петербург, 1893. – 969 с.
11. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: At the Clarendon Press, 1972. – 1034 p.
12. Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 2012. – 344 б.

13. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – 255 с.
14. Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1899. – 144 с.
15. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л.: 1951. – 451 с.
16. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
17. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
18. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас, 2007. – 504 б.
19. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.
20. Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме // Сборник трудов Орхонской экспедиции. Вып. IV. – СПб., 1897. – 47 с.
21. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 368 с.
22. Шаймердинова Н.Г. Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников. – Астана: ЕНУ, 2014. – 261 с.
23. Tekin T. Orhon yazıtları. – Ankara: Türk tarih kurumu basım evi, 1988. – 200 s.
24. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 1-т. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – 592 б.
25. Захарова И.В. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии // Труды Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахский ССР. Том 8. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – С. 32-65.

26. Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.
27. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
28. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам. Т. 1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
29. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Ертегілер. Т. 1. (Жауапты шығарушы Т.Алпысбаев). – Алматы: Жазушы, 1986. – 288 б.
30. Бурыкин А.А. Календарный 12-летний животный цикл в фольклоре калмыков и других народов Азии // Монголоведение. – 2020. – Т. 12. № 4. – С. 679-691.
31. Маралбек Е. Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде). PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 220 б.
32. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Тексты и переводы. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1952. – 459 с.
33. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1959. – 111 с.

БӨЛІМ 8

**ШАҒКӨРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «СЫР»
ҚАЛАСЫ: АР ІЛІМІ**

САЛҚЫНБАЙ АНАР БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ

ШАҢКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «СЫР» ҚАЛАСЫ: АР ІЛІМІ

Салқынбай Анар Бекмырзақызы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
asalkbek@gmail.com

Шаһкәрім Құдайбердіұлы Семей өңірінде Шыңғыстауды атақоныс еткен, өз заманының биік тұлғаларының бірі болған атақты Құнанбай қажының ұлы Құдайберді отбасында 1858 жылы 11 шілдеде дүниеге келген. 1866 жылы 37 жасында әкесі қайтыс болғанда, бала Шаһкәрім небары 7-8 жастағы ойын баласы. “Мұтылғанның өмірі” атты поэмалық шығармасында ақын өзі туралы:

Бесімде оқу білсін деп,
Ата-анам берді сабаққа.
Жеті жаста жетім боп,
Түскендей болдым абаққа.
Ардақты кенже жетім боп,
Әлпештеді мені көп,
Надандыққа болды сеп,
Қақпай ешкім қабаққа, – деп жазады.

“Ардақты кенже жетім” деуі әкесі қайтқан соң, Құнанбай қажының өз тәрбиесінде болып, ештеңеден таршылық көрмегенін айтқаны болса керек.

Он жасыма кіргенде,
Домбыра, гормонь білген соң,
Мылтық атып жүрген соң,
Аңшы боп түстім азапқа.
Жастық желі мен лебін осылай ерке қабылдап, еліте өткізген соң,
Жиырмадан өткенде
Азғана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де,
Көңілге біраз тоқыдым.
Білмегенді сұрадым.
Жиыстырдым құрадым.
Оқыған сайын ұнадым.
Жолына түстім осының, – дейді.

Ұлы Абай мектебінің тағылымын тыңдап, үлгісін болмысымен қабылдаған Шаһкәрім өз айтуынша, жасы қырыққа кіргенде ғылымның әр салалары бойынша жазылған араб, парсы, орыс тіліндегі зерттеулермен танысады. Философиялық еңбектерге қызығады:

Қырықтан аса бергенде,
Ақылым қылды шерменде,
“Дінім қалай, жаным не?
Жоғалам ба өлгенде.
Әлемді кім жаратқан.
Осынша түрлеп таратқан.
Көрінген сансыз планет,
Бірінен-бірін бөлген бе? –

дегендей сұрақтарға жауап іздейді.

Қызыл кеңес кезіне дейін ақынның бірнеше кітаптары жарық көрген. 1911 жылы Орынбор қаласында “Түрік, қырғыз һәм ханлар шежіресі” мен “Мұсылмандық шарты”; Семейде 1912 жылы “Қазақ айнасы” өлеңдер жинағы, “Қалқаман – Мамыр”, “Еңлік – Кебек” поэмалары басылып шығады. “Айқап” журналы мен Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен шығатын “Қазақ” газетіне бірнеше мақалалары жарияланады. Шығыс шайыры Физулиден еркін аударған “Ләйлі – Мәжнүн” атты аудармасы Сәкен Сейфуллиннің алғы сөзімен Алматы қаласында 1935 жылы басылады.

Шаһкәрім Құдайбердіұлы – өмірі де, өлеңі де бүгінгі қазақ еліне аңыз болған абыз тұлға. “Абыз” көнеден келе жатқан сөз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде абыз сөзін араб тілінен енген, бірінші мағынасы – көп білетін, білімді адам, білгір, екінші мағынасы – сәуегей, көріпкел деп көрсеткен (ҚТТС, 1974, 1-том, 38-бет).

Көне түркі тілі сөздігінде (ДТС) аба – мать, аба – (араб) прародитель, предки мағыналары беріледі. Абыз сөзінің төркіні “аба” сөзімен төркіндес, тектес, “үлкен, зор, ата, бұрынғы” деген ұғымды білдірген тұлға. “Аба” сөзі арқылы кейін абадан (күшті, мықты), абажа (кебеженің үлкені), абажур (үлкен шам), баба (үлкен ата), апа (үлкен апа) сөздері жасалған. Бұл сөздердің барлығына тән ортақ мағына – нысанның үлкендігі; Демек, аб, аба түбірлері ежелгі заманнан бері келе жатқан, көптеген тілдерге ортақ этимон түбір деп саналуға тиісті. “Аба” этимон түбірі арқылы жасалған сөздерді тек араб тілінен ғана емес, түркі, славян т.б. тілдерінен табуға болар еді. Тұлғасы мен мағынасы, мәні мен мазмұны, жалпы ұғымы ортақ мұндай атауларды даму тарихы көне, тек араб тілінде ғана емес, өзге тілдерде де үлкендік, кеңдік мағына берген ортақ тұлға ретінде қарау орынды болмақ.

Ақын шығармаларында өз өмірінің сырын да, мәнін де, іздейтінін де, іздеп тапқанын да айтып береді. “Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, қартайып шал болған соң, кетті шамаң” дей келе, осы ортаншы өмірдің бір сәтін де бос жібермей, артыңда адам атың қалсын десең, ғылым іздеу керектігін баса көрсеткені – бұл өмірдің мәнін іздеушілерге берген жауаптай.

Шаһкәрім – ұлы гуманист, кемел ойдың иесі. Ұлы ұстазы Абайдың “Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол” деген тағылымын берік ұстай жүріп, өзі де кемелдікке жетеді. Шаһкәрім шығармашылығының кемелдігі – оның концептуалды ойында, болмыстың сырына үңілуінде, өмірдің мәнін талдауында.

Өмір сырын көздесең,
Жарға шоқын, жаннан без,
Сыр қаласын іздесең,
Сырлы, сұлу тамнан без.

Ақын дүниетанымы, ақын жүрегі таныған шындық осылай. Мәнісі, сірә, қазақ атамыз “жалған дүние” санаған мына тіршіліктегі сән мен салтанатқа қызығудың өткіншілігін, жалғандығын паш ету мен пенделіктен безу, “кемел адам” деңгейіне жету мүмкіндігін көрсету.

Өлеңдегі әр сөзге жаңа мағына, рухани ерекше мән берілген. “Өмір сыры” – ауыспалы туынды мағынада жұмсалатын тұлға, осы сөздегі “сыр” сөзінің мәнін тереңдете түсіп, үшінші жолдағы “Сыр қала” қолданысын ақын өзі жасайды. Контекстік қолданыста “Сыр қала” сөзінің мағынасы өмірдің мәнін іздеушілер үшін ақын дүниетанымындағы шындық, ақиқат. Өмір сырын іздесең, жаннан безіп, Жарға шоқын – деуінің де астары тереңде. Жар – Шаһкәрімдік дүниетаным қалыптастырған Шаһкәрімдік қолданыстағы Жаратушы, Алла мағынасында. Автордың бұл жерде “шоқын” сөзін пайдалануын әртүрлі түсіндіруге болар еді. Жалпы ақын қолданысында шоқыну лексемасы бірнеше рет кездеседі. Жарға – Аллаға сенім келтіру мағынасында қолданған бұл тіркестің алғашқыда құлаққа ерсі естілері даусыз. Ақынның дәл осы сөзді неге таңдап алған сырын кім білсін, оны айтып сәуегейлік танытпай-ақ, шоқын, шоқынды сөзінің қазақ танымында теріс мағына беретінін ескере отырып, бәлки, ақын шоқынушылардың дініне беріктігін мезгегені ме екен деп пайымдайық.

Ия, өмірдің сыры – Аллаға деген сүйіспеншілікте дейді Шаһкәрімдік толғамды ой. Ақын мақсаты – рухани шынайылық; пәктікке, тазалыққа, әділеттікке ұмтылыс.

Шаһкәрім – көп оқыған, оқығанын жүрегіне тоқып, әр тарапта өзіндік сыни көзбен баға беріп, шығыстық дүниетаным арқылы оқығанын

сүзгіден өткізіп, ойлана келе ақылға салып, өз тұжырымын жасаған ғұлама.

Біздің мақсатымыз, Шаһкәрім өлеңдеріндегі сөз қолданысы мен ондағы сөз мағынасын, астарын, атаудың жұмсалыу ерекшеліктерін пайымдау. Ақын дүниетанымы мен философиялық ойлары сөз арқылы таңбаланғандықтан, қазақ сөзінің бұрынғы қолданысы мен мағынасы Шаһкәрімдік пайымдауда жаңа арнада дамиды. Көптеген атаулар дүнияуи мән алып, терминдік қалып киеді, мағыналық тұрғыда дамиды. Сөз жүйесінде бұрын-соңды болмаған ауыспалы мағыналар қалыптасып, дамытылады. Ақын өзі таныған болмыстың сырын сөз әлемі арқылы жеткізуді көздейді. Оның негізгі құралы – сөз. Көркем, кестелі сөз қолданысына ғалым жаңа ғылыми мән беріп, философиялық ырғақта ерекше өзіндік терминдер желісін қалыптастырған. Қазақ сөзін жаңа қырынан танытып, бұрынғы жалпы қолданыстағы атауларға ерекше философиялық, психологиялық, діни теологиялық мағына сіңірген.

Ақын өзі:

Шошыма, достым, сөзімнен,

Сөз – Құдайдан шыққан бу.

Ұқпасаң, көр өзіңнен,

Жұтқызайын нұрлы су, – деп, білім мен білік, ғылыми тәжірибе айтып жеткізе алмайтын иррациональдық ұғымдарды поэзияда тұспалдап айтып, символмен жеткізуде көптен көш ілгері тұр. Философиялық-эстетикалық ой желісі қазақы ұғымдар арқылы өрнектеле келіп, өзіндік жаңа өріс тапқан. Шаһкәрімнің ой-толғамдары қай дүниетаным санатына жататынын саралауды философ ғалымдардың еншісіне қалдырып, біз автор қолданысындағы сөздердің мағынасында қалыптасқан жаңа ұғымдар мен мәннің мазмұнын саралауға, таңбаның ішкі мағыналық құрылымында жасалған семалық өзгерісті анықтауға талаптанамыз.

Қазақтың рухани-мәдени лексикасында бұрыннан бар ақыл, ой, жүрек, жан, Шын, нұр, рахат, жар, ар, махаббат, сүю, сағыныш, кездесу, мас болу, шарап т.б. сөздер ақын қолтаңбасы арқылы жаңа символдық мәнге ие болып қана қоймай, терең ұғымдар жүйесін танытатын концептік деңгейге көтеріледі. Яғни қарапайым қолданыстан, жаңа ұғымдық, мәндік

денгейге көтеріледі, әр атаудың астарында жаңа идея пайда болады. Бұл жаңа идея танып, түсініп оқыған оқырманды жаңа ғылыми пайымдаулар жасауға, жаңа ғылыми дүниетаным қалыптастыруға итермелейді. Жаңаша ойлау, өзгеше қабылдау жүйесін тануға көмектеседі.

Шаһкәрім ақын шығармашылығында қолданылатын ақыл, ой, жүрек, жан, Шын, нұр, рахат, жар, ар, махаббат, сүю, сағыныш, кездесу, мас болу, шарап т.б. ұғымдарын біз философиялық категория ретінде емес, этикалық категория ретінде танамыз. Шындап келгенде, ақын танымындағы, ақын түсінігіндегі ақ жүрек, таза ақыл, қайрат (ерік, жігер) ұғымдары жеке субъектіге қатысты алынған, сондықтан да сыр сөздерде бұлар әртүрлі этикалық мәніндегі қолданысқа ие болады.

Ар түзер адамның адамдық санасын,

Ақ жеңіп шығады арамның қарасын.

Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,

Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын, – деген өлең жолдарындағы ақ жүрек пен таза ақыл концептерін философиялық категория ретінде тану дұрыс ғылыми талдауға әкелмейді, әрі автордың негізгі идеясынан алыстатады, сондықтан мұндағы аталған концептік ұғымдар жеке субъектіге қатысты айтылған этикалық категория ретінде танылады.

Л. Витгенштейн “Логикофилософский трактат” атты еңбегінде “Границы моего языка означают границы моего мира” деген екен. Шаһкәрім таныған, түйсінген көркемдіктанымдық әлем көркем шығармаларында сөз арқылы таңбаланып, танымдық әлемінің көкжиегін бейнелеген. Ақын шығыстық дүниетаным негізінде болмысты қабылдаудың өзіндік моделін жасаған. Бұл моделдеудің ерекше болатын себебі – Шаһкәрімдегі ақындық қуаттың молдығы, шығармашылық ойшылдық пен дала ұлына тән еркін ойлаудың жеткіліктілігі, аз десеңіз бұған ақындық-көркемдік елестету дағдысы мен көркем фантазияны, шабыттты қосыңыз. Шекспирде мынадай сөз бар:

Материи природе не хватает,

Чтобы соперничать с воображением

В изобретательности.

Кез келген адам санасы жете бермейтін тылсым дүниенің сырын ашу – көркем ой иелерінің маңдайына жазылған, жазмыштан берілген сый шығар, бәлкім. Зерттеуші-ғалым Н.К. Гей “Искусство слова” деп аталатын зерттеу жұмысында Данте, Мильтон, Рабле, Гете шығармалары туралы айта келіп, “Вымысел – не содержание поэзии, а средство воспроизведения содержания, по форме подчас несовместимого с реальной действительностью, – деп жазады. Ал Шаһкәрімдегі қиял ойдан шығару емес, сезім мен көңіл дүниесі жеткен өз шындығы. Шынға, Аллаға деген ұлы махаббат пен сүйіспеншіліктен туындаған, көңіл сенген дүние, Шынның нұрын сезінуден туындаған таным. Оның қайнар бұлағы ішкі эмоциялық, сезімдік шабыт, дүниенің, жаратылыстың ішкі даму заңдылығын, жұмбағын ашсам деген талпыныс. Осы талпыныс ақынды ғұламалыққа жеткізді.

“Ей, жастар, қалай дейсің, бұл дүние?”

Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе? – деп сұрақ қоя отырып, жауап іздейді, табады.

Себебі, толымдының ісі толық.

Ең түпкі жаратушы – мінсіз ие.

Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,

Есті, мінсіз – шебердің ісі емес пе?

Осындай жауапқа дау айтар пенде бар ма? Ең түпкі жаратушыға, оның мінсіз шеберлігіне кім күмән келтіре алмақшы.

Қасиетті Құранның “Мүлік” сүресінде мынадай жолдар бар: “Бірінің үстіне бірін көтеріп, Алла жеті қат аспанды жаратты. Мейірімді Алланың жаратуынан ешқандай ақау таба алмайсың. Сен аспанға қайта-қайта көз тасташы – бір сызат көрер ме екенсің? Тағы екі рет қара, көзің талып үмітің мүлде үзіледі (сызат таба алмайсың)”.

Ғалым Харун Яхья өзінің “Золотое сечение – божественная мера красоты, сотворенная в природе” деп аталатын зерттеуінде көне Египет пирамидалары мен Леонардо да Винчидің “Моно Лизасы”, қарағай

жаңғағы мен адам саусақтары арасындағы жақындықты анықтайды. Осыншама бір-біріне мүлде ұқсамайтын, жақын келмейтін заттардың арасындағы жақындық – олардың ішкі болмысына тән пропорциялық алтын қазық арқылы анықталған. Алтын қазық – алтын орта, тәңірілік пропорцияны меңгеру нәтижесінде жасалған. Зерттеуші атақты Фибоначчидің сандық заңдылықтарына сүйене отырып, алтын пропорция – 1: 1,618 санының аталған заттар мен құбылыстардың бойында толық сақталатынын нақты деректермен көрсетеді. Адамның тұлғасы, бет бейнесі, саусақтары т.б. бәрі де осы алтын пропорция негізінде жасалған. Барлық мүшелердің арасындағы қашықтық алтын пропорция – 1:1,618-ға тең екеніне көз жеткізеді. “Всевышний Господь каждому своему творению установил особую меру и придал соразмерность, что подтверждается на примерах, встречающихся в природе. Можно привести великое множество примеров, когда үдеріс роста живых организмов происходит в строгом соответствии с формой логарифмической спирали” (интернет материалдары).

Шаһкәрімнің жаратушы мінсіз ие, шебер, шеберлік, мінсіз сөздерін қайталай қолдануының да өзіндік мәні бар. Алланың абсолют кемелдігін өзге сөздермен тәптіштеп таратпай-ақ, автор мінсіз, шебер сөздерін қайталай қолдану арқылы тыңдаушының назарын аударып, сөз мағынасын кеңейте түседі. Сөз орамының орынды қолданысы авторлық концепцияны айқын аңғартып, бүтіннің ерекшелігін танытатын бірлік болып тұр.

Толымдының ісі толық дегендегі “толық” сөзінің қолданысы Абайға да тән. Абайда “толық” тұлғасы адам концептісін таңбаласа, Шаһкәрім толық, толымды сөзіне бұдан да ерекше, терең мән беріп, мағыналық жағынан аша түседі де, нағыз кемелділікті танытар Алланың, жаратушының бір нышанын көрсету үшін, осы сөзді жаңа туынды екіншілік мағынасында қолданысқа енгізеді. Яғни атау мағынасы семалық тұрғыда байи түсіп, контексте ерекше мәнге ие болады.

Шаһкәрімданышпан “Тәңірі мен жан” өлеңінде:

Күн аязда терезеге

Неше түрлі гүл түсер.

Мұнша әдемі түсті неге
Кім түсірді? – ой жібер.

... Таң қаларсың, ойға салсаң,
Қар жасаған шытырасын.
Жаратылыстан гибрат алсаң,
Болар едің ой құмар.

Неше түрлі гүл, жапырақ...
Әрбіреуін қолыңа ал,
Құры көріп қойма бірақ,

Онда не бар ойға сал, – десе, ғылым олардың ішкі заңдылығын анықтап, арасындағы пропорциялықтың дәлдігін дәлелдеген. Биологтар жапырақтардың орналасуында Фибоначчи қатарының заңы сақталатынын байқаған, зерделеген.

Харун Яхья зерттеу жұмысында мынадай тұжырым жасаған: “Строение всех встречающихся в природе живых организмов и неживых объектов, не имеющих никакой связи и подобия между собой, спланировано по определенной математической формуле. Это является самым ярким доказательством их осознанной сотворенности согласно некому проекту, замыслу. Формула золотого сечения и золотые пропорции очень хорошо известны всем людям искусства, ибо это главные правила эстетики” . Бұл пікір жоғарыда келтірілген Шаһкәрім ақын өлеңіндегі оймен үндес жатыр.

Ақын жанының ішкі болмысын, рухани диапазонын, жалпы мен нақтылықтың бірлігін көре алатын көрегендігін танытатын тұсы – сөз әлемі. Сөз – әлем бейнесін таңбалаушы, танымдық тұтастықты танытушы десек, ақын таныған әлемнің тілдік көркем бейнесін түсіну үшін, оның таңбалану жүйесін пайымдау абзал. Сөз-таңбаның беретін ақпараттық күші ерен.

“Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел” деп ұлы хакім Абай айтқандай, түзелген сөздің ішкі мазмұны мен мағынасын пайымдап, дұрыс зерделемек – парыз. Түзелген сөздің берекесін келтіріп тұрған айшықты ұғымдарды таңбалайтын бірліктердің мәнін түсініп, айтушы мен тыңдаушының бір-бірін ұғысуы – оқушының таным деңгейімен де, сөздің қолданыс аясының ерекшелігін пайымдаумен де тікелей байланысты. Осы ретте Шаһкәрім қолданысындағы имандылық концептісіне жататын ұғымдардың авторлық таңбалау жүйесін саралап, оның жаңа мағынасының терминдік мәнде орнығуына жағдай жасап, көпшілікке түсіндіру қажет деп есептейміз.

Сөздегі мінсіз мән мен уәжді мағына

Ф. де Соссюр жасаған құрылымдық тіл білімінің негізінде абстракция жатады. Сөзді таңба деп түсінетін Ф. де Соссюр үшін оның тарихи қалыптасу және даму жолының еш маңызы жоқ. Таңба деп ғалым “таңбалаушының ассоциациясының (акустикалық бейненің) және таңбалаушының (ұғымның) нәтижесі болып табылатын тұтастықты” атайды. “Өпке”, “бұқа” деген сөздердің мағынасы оларды таңбалаушы “пк”, “бқ” дыбыстарының кездейсоқ тіркесімділігі негізінде жасалған деп пайымдайды. Бұл пайымдау қазіргі семантик ғалымдар үшін дұрыс саналып, таңба теориясы дамытылғаны белгілі. “Дыбыстардың кездейсоқ бірігуі арқылы ұғымдар таңбалана береді” деген көзқарас сөздердің уәжділігін теріске шығарар еді. Егер бұл пайымға сүйенсек, жаңадан танылған заттар мен құбылыстар туралы ұғымды кез келген дыбыстардың тіркесімділігі арқылы сөзжамылғыш жасап, таңбалауға болар еді. Әйтсе де, кез келген тілдің, әсіресе, түркі тілдерінің тарихи болмысын зерделей бағамдасақ, атаудың табиғатында ішкі табиғи тектіліктің, уәжділік пен негіздің бар екенін анықтауға болады.

Сөздің ішкі терең табиғатын тану – аса күрделі іс. Табиғи болмыс пен адам ойы жеткен құбылыстар мен заттардың бейнесі туралы ұғымды белгілеудің жүйесін пайымдау әлмисақтан бергі ғұламалардың, ғалым-білімпаздардың басты тақырыбы болған. Бәлкім содан да болар, әуелгі грек философтары өздерін “философ” деп емес, “грамматистер” деп атаған көрінеді. Қазіргі уақытқа дейін, әсіресе, кеңестік тіл білімінде,

атаудың таңбалық сипаты туралы, сөз табиғатының абстрактілігі туралы қисын теориялық тұрғыдан әмбебаптық эталон ретінде танылып келгенімен, атаудың тарихи қалыптасу ерекшелігі мен ішкі мәнін, мағынасын анықтауда, көркем сөз шеберлерінің шығармашылығында қолданылатын сөздің ішкі мәнін анықтауда ғылыми талаптарға жауап бере алмайтыны тағы рас. Өйткені көркем сөз шеберлерінің «қиыннан қиыстырған» даналығында жанды да мәнді ой бар. Ол кейде тура қалпында таңбаланса, кейде астармен айтылып, айтылар ойды топшылауды, топшылай келе түсініп, түйсінуді оқырманның өз таным-талғамына табыстайтыны тағы бар.

Сөз жеке тұрғандағы тек таңба сипатынан ажырап, ойдың, ұғымның бейнесіне айналады. Айтушы мен тыңдаушы арасында болатын түсінісу құралына, көркем ойдың сәулелі берілу кешеніне айналады. Лебіздегі сөз – Ф. де Соссюрдің айтқан жансыз таңбасы емес, мәнді, мағыналы, уәжді жүйесі бар, көшелі ойдың кешенді жүйесі. Кешенді жүйе деуіміздің мәнісі, мұнда сөз (атау) тек ішкі мағынасы жағынан ғана емес, дыбыстық құрылымы жағынан да уәжделіп, негізделіп келеді. Қазақ тіліндегі кез келген дыбыс кез келген дыбыспен тіркесе бермейді, олардың тіркесімділігінің де ішкі дыбыстық гармонияға, үйлесімділікке негізделген өзіндік жүйесі бар. Дауыстылар мен дауыссыздардың бір-бірінен ерекшелігі олардың тіркесімділік қасиетімен де тікелей байланысты. Дыбыстардың тіркесімділігі лебізде әбден қалыптасқан, сингармонизм заңына орайласып, тілдің ішкі болмысын, табиғатын анықтайтын күрделі құрылымдық жүйе ретінде танылады. Профессор С. Мырзабеков “Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі” деп аталатын зерттеу жұмысында “Дыбыстар тіркесі – тілдегі дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Қазақ тіліндегі негізгі үндестік заңдар дыбыстар тіркесінің нәтижесі болып шығады” – дей келіп, сөз құрамындағы буындардың жуан, жіңішке болып үндесуі, қатаң дауыссыздардан кейін қатаң дауыссыздар, ұяңнан соң ұяң дауыссыздар, үндіден соң ұяң не үнді келетінін тілдің ұзақ дамуындағы бұлжымас заңдылық ретінде түсіндіреді.

Сөздің мағынасы, мәні айтушы мен тыңдаушыға бірдей түсінікті болуы қажет. Ал бірақ қолдану барысында сөз мағынасы түрлі өзгеріске түсіп, айтушы мен тыңдаушы арасында толық түсіністік

болмауы да ықтимал. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың белгілібелгісіз сандаған ерекше белгілерін атау арқылы адам баласы тек біріменбірі қарымқатынасқа түсіп қоймады, сонымен бірге атауға уәж болып тұрған заттар мен құбылыстармен де танымдық қарымқатынаста болып, тағылымды ой түзеді. Демек, сөзде тек адамның ғана танымдық қатысы емес, сонымен бірге заттың да табиғи болмысының қатысы бар деген сөз. Ендеше, ЗАТ – ҰҒЫМ (түсінік) – СӨЗ қатынасы адам арқылы іске асырылады. Олай болса, біздің танымтүсінігімізге әсер етіп, ұғым қалыптастырып, сөз болып таңбаланатын заттар мен құбылыстардың арасында іргелі байланыс бар болып шығады. Яғни сөз бен оның белгілейтін ұғым арасында, ұғым мен зат арасында нақты табиғи байланыс бар болуы керек. Сондықтан да өгіз – “өгіз”, әпке – “әпке” болып таңбалады. Сөздік қолданыс – динамикалық өзгермелі. Сөз белгілі бір нысанға таңылған ат болып танылғанымен, ол белгілі бір затқа таңылып, белгіленген жапсырма қағаз (этикетка) емес. Әрбір тілдік бірлік жеке қолданыста мағыналық және мәндік сипатта өзгеріп, жетіліп, дамып, жаңа бір ерекше семада көріне алады. Сөз мағынасының түрленуі – күрделі құбылыс. Осы реттен, көпмағыналылық сөз мағынасының тұмандануы емес, мағыналық дамуы дер едік. Көпмағыналылық негізінде сөздер метафоралық, метанимиялық негізге көшіп, ішкі мағыналық құрылымы ерекше семаларға жіктеледі.

Сөз көпмағыналылық негізінде дамиды, мұнда ішкі мән сақталады да, ортақ семаның қалыптасып, жаңа ерекше семалардың пайда болуы арқылы өзгеше мәндер мен мағыналар қалыптаса бастайды. Атаулардың құрамында сақталған ортақ мән арқылы олардың лексикалық мағыналары бірбірінен алшақтамайды, сондықтан бұлайша даму мәнсіздікке ұласпайды. Көпмағыналылықты лебізде кездесетін мазмұнның мәнінсіз аңғару қиын. Мұнда ғылыми нақтылықтан гөрі, логикалық тазалыққа деген құмарлық керек. Табиғи тілдің сансыз байлығы мен жұмбағының басы, логика біткеннің мінсіз тазалығы, сөз мағынасының құлпыруы – осы көпмағыналылықтан бастау алады.

Адам баласының күнделікті қызмет түрлері мен бірбірімен қарымқатынасы сан алуан. Ал әрбір әрекет пен қылықты қалт жібермей ұтымды таңбалайтын сөз қалайша күдіретті болмасын. Өмірдің танылатын да, танылмайтын да сиқырлы әлемін сөзге сыйғызған атабабаның дәстүрлі

сөз қолданысы мен ойды үйлесімді мәнге түйістіріп табындыратын толғамды пікірлері, тағылымды танымы – болашағымызға нұрлы көңілмен қарауға жетелейтін, көңілге рухани демеу ғана емес, сарқылмас қазына да.

Адам баласы тек есептеп, ғылыми теорияларды жасап, компьютерлік ойындарды ойнап, экономиканы дамытып, математикалық қисындарды тауып қана қоймайды. Ол сүйеді, жек көреді, таниды, таңданады, ән салады, әуен тындайды, қуанады, ренжиді, үйренеді, үйретеді, бұзады, бүлдіреді, қызғанады, қимайды, сенеді, сенбейді – алуан түрлі сезімдерді басынан өткізіп, шексіз, не түрлі әрекеттерді жасайды. Осындай әрбір қызмет пен әрекет, сезім тілдік қолданыста бейнеленіп, сөзбен кестеленіп жатады. Болмыстағы осыншама мол құбылыстар мен қозғалыстарды таңбалау үшін, көпмағыналылық болмаса, қанша мың, миллион сөз болса да жеткізе алмас едік.

Сырты мен ішкі құрылымы тоғыса тұтастыққа айналған, мәні мен мағынасы мазмұнды ашуда толық кемелдікке жеткен СӨЗДІҢ қасиеті мен құны ерекше! Әртүрлі қолданыста келу арқылы түрленіп отыратын сөзтұлғалардың баршасы өзіндік ерешелікке ие.

Мәселен, Шаһкәрім ақынның мына өлеңіне назар аударалық:

Жүз жыл бақты болсаң да,

Әлемнен асып толсаң да,

Алтын таққа қонсаң да,

Айрылған күні – бір кейіс.

Жүз жыл азап тартсаң да,

Ашжалаңаш қатсаң да,

Абақтыда жатсаң да,

Құтылған күні – ол бейіс.

Өлең жолдарында метафора, теңеу, эпитет жоқ. Қолданылған сөздердің басым бөлігі етістіктер (2 сан есім, 3 сын есім, 8 зат есім, 9 етістік). Мұнда автор зат есімді емес, етістікті “ойнатып”, оның көпмағыналылығы арқылы тұжырымды ойды түйіндеген. “Бақтың

болуы”, “әлемнен асып толу”, “таққа қону” тіркестеріндегі тіркесімділік туғызып тұрған етістіктердің әрбірі көпмағыналылық сипат алған. Кейіс – бейіс (бейіш) сөздері екі шумақта айтылар ойдың арасындағы негізгі логикалық бірлікті оппозициялық қатынас арқылы ұстап, түйінді ойдың тұжырымы болған.

“Кейіс” тұлғасы ортақ етіс арқылы жасалып, контекстік тұрғыдан заттанады, осыған сәйкестендіріліп “бейіс” тұлғасы алынады. Шаһкәрімдік басты стильдің бірі – авторлық сөзжасамдық тұлғаларды жасаудың еркіндігі дер едік. Автор “пейіш – бейіш” сөзін білмей қалған жоқ, немесе тек жалаң ұйқас үшін де алмаған сыңайлы. “Бейіш” пен “бейіс” сөздерінің қолданысындағы ерекшелік авторлық ойдан, авторлық ерекше бір өзіндік пікірден ақпарат беретіндей. Біздің санамызда орнығып қалған “бейіш – пейіш” ұғымымен автор келісе бермейді. Бұл өзге өлеңдерінен анық көрінеді ғой. Сондықтан, Жүз жыл азап тартып, Ашжалаңаш қатып, Абақтыда жатып – Құтылған күннің “бейіс” “рашаттығын” жаңаша тұлғада беруді көздегеннен туған.

Айрылған күні – бір кейіс. Құтылған күні – ол бейіс. Бұл авторлық тұжырымның маңыздылығын арттыра түсу үшін қолданылған оппозициялық қолданыс дер едік. Мұндағы айрылған, құтылған – етістіктерінің жалпы ұғымдық мағыналары жақын, контекстік ерекшелігіне орай бірінің орнына бірі жұмсала алатын синоним сөздер. Әрекет – ортақ. Екеуінде де белгілі бір нысанның кетуі, жоқ болуы сөз болады. Ал мәтінді оқып отырғанда, бұл сөздердің мағыналық жақындығы сезілмейді, керісінше, олардың мазмұнында қарамақарсылық бардай түсініледі. Демек, айтылар ойдың негізгі түйіні бейіс пен кейісте. Бір грамматикалық тұлғада тұрған екі атаудың ішкі мағыналық құрылымы өзгеше бөлек, ойдың тұздығы да, сөздің нығыздығы да осы атаулар арқылы нақтыланады. Ой мазмұнының тұңғышы терең, ешкім дау айта алмайды. Өйткені әлемді тану адамның өмірлік тәжірибесімен анықталады десек,

Жүз жыл бақты болсаң да,

Әлемнен асып толсаң да,

Алтын таққа қонсаң да,

Айрылған күні – бір кейіс... –

сол тәжірибенің көрсеткіші. Адамзаттық білім мен білік арқылы танылған таным да осындай.

Ал Айрылған күні – бір кейіс. Құтылған күні – ол бейіс сөйлемдеріндегі ойдың тұғыры болып тұрған кейіс, бейіс лексемалары логикалық абстракция негізінде өрбіген бірбіріне қарамақарсы мәндегі әлеуметтік мағынаға ие болған. Бұл атауларды лебізден бөліп, мағыналарын салыстырар болсақ, одан қарамақарсы мән таба алмаймыз, бірбіріне байланыссыз екі түрлі мағынаны анықтайтын атау ғана. Тек контекстік мағынасы арқылы оппозициялық қатынаста тұрған сөздердің осы мәтіндегі мәні ассоциативті өріске байланысты. Ал бұл өріс алдыңғы ойлар арқылы беріліп, бейіс, кейіс сөздері арқылы тұжырымдалған.

“Бейіс” және “кейіс” сөздері арқылы ақын бірнеше өлеңінде оппозициялық қатар туғызады. Сірә, бұл Шаһкәрімнің семантикалық тәсіл арқылы өзіндік сөзжасамдық мағына туғызуы болса керек. Атау мағынасын өзіндік ерекше бір сөз саптаулар арқылы жаңартып, лебізде бұрын болмаған жаңа қолданыстар жасауда Шаһкәрім ақын шын ұста болған. “Кейіс” (кейікею етістігі арқылы негізделген) сөзінің – ренжу, сөгу семасы арқылы бейішке қарамақарсы мән жасап, өзіндік жаңа екіншілік мағына туғызады.

Мәселен:

Табиғаттың,

Барша заттың

Білер адам айласын.

Орнар бейіс,

Кетер кейіс,

Көрсе еңбектің пайдасын.

Немесе:

Молдеке, оған таңданба,

Сол кіреді бейіске.

Екі жүзді сандалма

Сен қаласың кейісте.

Бейішкейіс сөздерінің қисынымен келген келісті ұйқастар Абай өлеңдерінде де ұшырасады:

Атанды анаң азғырып,

Тұрғызбаған бейішке,

Алласы оны жазғырып,

Әкелді бастап кейіске [1995, 186].

Бұл табиғи тілдегі сөз қолданысын лебізде (өлеңде!) өзгерте, құлпырта пайдаланудың құдіретін танытса керек. Сөз қолданысындағы контекстік көпмағыналылықтың артықшылығы да – осы. Сөзге көп мағына тұндырып, ойлар тоғысын қарапайым, бірақ терең мағынада жеткізу кемел жанның қолынан келмек.

Атаудың контекстік мағынасы лебізде жасалатыны белгілі жайт. Контекстік мағына, негізінен, көпмағыналылықпен шектесіп жатады. Өйткені көпмағыналылық нақты сөйлеу кезіндегі сөйлем бірліктерімен қарымқатынасқа түсіп, нақты ойдың көрінісі болу сәтінде қалыптасады.

Шаһкәрім ақынның атақты “Адамдық борышың” атты өлеңіндегі қолданысқа назар аударалық:

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай

Ар сақта, оны біл.

Сөз қолданысының лебіздегі мағынасын анықтайтын, мазмұндық мәнін ашатын, тегінде, тіркесімділік болса керек. Яғни, басқаша айтар болсақ, лебіздік мағынаның нақты көрінетін тұсы – сөздердің тіркесімділігінде. Ойды жеткізуде шешендік керек десек те, кейде шешенсіп, әдемі сөйлеп, сөздің қадірін кетіру бар да, қарапайым сөйлеп, халық ойының терең дәмін татқызу бар. Мәселен, жоғарыда келтірілген, бүгінде әр қазақтың айтып жүрер “сыр сөзіне” айналған өлең жолында жорғалаған жорға жыр, жайтандап жарқыраған шешендік көзге ұрып тұрған жоқ. Бірақ таза ақыл мен ақ жүректі азаматтың құлағында ұзақ

қалары тағы да ақиқат. Сөздерді жекежеке алып қарасақ, адам, борыш, халық, еңбек, ақ жол, ар, біл т.б. Бұл секілді сөздерді күнделікті ақпарат беттерінен жиі оқып жүруіміз бек мүмкін... Белгілі бір субъект, объект, предикат мағынасында жұмсалатын тұлғалар. Адамның да, халықтың да, еңбектің де, тіпті ар мен ақ жолдың да сан түрлі түрі бар. Әр алуан нұсқасы бар. Мәселе қайда... Мәселе Шаһкәрімдік нұсқаның осы сөздер арқылы берілетін ойында, әрине, екіншіден, осы ойды беру үшін таңдалып алынған тіркестердің құрылымында... Жеке алғандағы сөздердің сыртқы таңбалық тұлғасында өзгеріс жоқ. Ал оқыған адамды бейжай қалдырмайтын, өзіндіөзің тануға жетелейтін тұнық ой тек осы сөздердің тіркесімділік заңдылығы арқылы негізделіп, жүйелі ой мазмұнын бір арқанмен матауында болса керек.

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай

Ар сақта, оны біл.

Адамдық борыш – күрделі этикалық категория. Ақын бұл жерде перзенттік, балалық, аналық т.б. борыштар туралы емес, нақ адамдық борыш туралы айтып отыр. “Адам” сөзі осы тіркесте қандай зор, жоғары пафосты, салмақты, десеңізші. Адамдыққа қарсы “пенделік” (мүмкін, пендешілік) ұғымы тұрар бәлкім. Өзін “Адам” (сөз бас әріптен басталып тұр ғой!) деп есептейтін әрбір жан халқына еңбек етуі керек екен. Ал, ойлан! Кім өзін үлкен әріптен басталатын Адам емеспін деп ойлай алар?! Кімнің ішкі ойы өзін осал деп таныр. Олай болса, Шаһкәрім ақын қарапайым бірақ нақты ойын “Адамдық борышың” тіркесі арқылы дәл жеткізіп, оқушысын қалт тұрғызып, селт еткізеді. Елдік концепт ең бірінші орынға шығарылады.

Ақ жолдан айнымай, Ар сақта. Оны біл. Сөйлем етістіктің екінші жағымен бұйрық рай тұлғасы негізінде жасалған. Яғни ақын ойында да, ісінде де, өлең жолында да екіұштылық жоқ. Тура сөз. Толымды ой! Мақсат та, мұрат та айқын. Өлеңде айтылған ой – нығыз, нақ. Ақын көзқарасы – айқын. Өмірдің өз тәжірибесінен алынған ой таза ақыл мен нұрлы жүрекке жетсе, оны жаймашуақ қалдырмасы түсінікті. Өлеңде

артық буын, не артық сөз жоқ. Барлық тілдік бірліктер негізгі ойға қызмет етіп, белгілі бір семантикалық жүк арқалаған.

“Ақ жол” – қазақ танымындағы күрделі семантикалық қалыптарды жинақтайтын күрделі ұғымды белгілейтін атау. Кісі жолға шығарда, үйде қалған үлкенкіші “жолың болсыңды” айтып, “ақ жол” тілеп қалысады. Шаһкәрім қолданысындағы “ақ жол” – Алла жолынан, Хақ жолынан айнымауды меңзейді. Хақ сөзінің бастапқы дыбысы сөйлеуде кейде әлсіз естілгендіктен, түсіріліп айтылуы да мүмкін. Мұндай құбылыс тілдік заңдылық ретінде қазақ тілінде орныққан (хакім – әкім, Қали – Әли, Халима – Әлима, Хасан – Асан т.б.). Осы реттен, ақ жолдан айнымай деген тіркесті Хақ жолынан айнымай деп түсінеміз. Ар сақтау – ақын өлеңдерінің негізгі өзегі, лейтмотиві.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз,

Өнерсіз,

Болады ақыл тұл.

Сөз мағынасының бір мағыналылығы мен көпмағыналылығы туралы мәселені бір-бірінен бөліп, ажыратып қарауға болмас. «Білім» мен «өнер» сөзінің мағынасы – бір мағыналы. Дей тұрғанмен, қолданыстағы мәнін саралайтын болсақ, сөздердің мәтіндегі түсінігінде ерекшелік, өзіндік рең бар екенін байқауға болар еді. Мұны мәнге, сөздің ішкі мәндік болмысына бағыныштылық деу дұрыс. Денотаттық мағына беретін сөздердің бәрі бірдей заттың атауы бола бермейді, олардың арасында номинативтік мән бере отырып, көзге көрініп, қолға ұстауға болмайтын абстрактілі мәнді ұғымдарды атайтыны да мол. Білім, өнер денотаттық атаулары да осындай сигнификаттық мағынасы мол абстрактілі ұғымдарды таңбалайды. Автор білім мен өнер үйренуге талаптануды табыстайды, келесі жолда оның антонимдік мәнін білімсіз, өнерсіз тұлғаларында келтіре отырып, шағын жолда оппозициялық мән құрады. Бұл – тыңдаушыға әсер етудің әдемі бір көркемдік жолы. Номинативтік атауларды қарама-қарсы сипатта жұмсау арқылы, тыңдаушыға оңай әсер етуге болады.

Ойдың соңы «Болады ақыл тұл» деп аяқталып тұр. Ақылдың тұл болуы ... ақынның өзінің жеке авторлық қолданысы ... ақындық көркемдік-танымдық шешім. Тұл – айрылған, ажыраған деген мағынаны білдіретіні белгілі. Сонда білімсіз, өнерсіз ақылдан ажырау болып шығар еді.

Дәстүрлі тіл білімі сөз мәнін зерттеумен айналысқан жоқ, тілдік бірліктің тұлғалық құрылымын тамашалаудан аспады. Ал, шындап келгенде, сөз мағынасы мен мәнін мәтін аясында ашудың ерекшелігі оның бір мағыналылығы мен көпмағыналылығын саралауға алып келеді. Біз талдап отырған «тұл» сөзінің бірнеше қолданыстық мағынасы бар екені аян: тұл ер, тұл қатын, тұлдану, тұл болу, (Жібектен асыл не нәрсе, Кимесе, о да тұл болар. Халық ақыны) т.б. Шаһкәрім қолданысындағы «ақылдың тұл» болуы сигнификаттық мәнді номинативтік бірліктің ерекше сипатын танытудағы ақындық тапқырлық деп бағалануы керек. Ұғым мен мән арасында жақындық бар болғанымен, олардың екеуі екі түрлі түсінік екені рас. Ақын «ақыл» ұғымы мен «тұл» ұғымының арасынан логикалық деңгейде жақындық тауып, тіркесімділік туғызады.

Мақтанға салынба

Мансаптың тағы үшін.

Нәпсіңе билетпе

Басыңның бағы үшін.

Мансап пен баққа жету үшін нәпсіге өзін билетпеу адамның адамының ғана қолынан келерау. Сөз арқылы беріліп тұрған мән ойдың түрімен, сипатымен тікелей байланысты. Мақтан, мансап, бақ, нәпсі атаулары арқылы айқындалған мән осы таңбалар мен ойлаудың арасындағы сәйкестікті көрсетеді. Ойлау жеке тұлғаға қатысты субъективті болғанымен, ой сөз арқылы таңбаланып, психикалық шындықты түсіндіреді. Сондықтан мұндағы ой – анық, мағына – нақты.

Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,

Жоба тап,

Жол көрсет,

Келешек қамы үшін.

Біздің пайымдауымызша, бұл – автордың ішкі өз позициясы. Жол көрсету, жоба табу, келешек қамы үшін терең ойлану – Шаһкәрімдік берік ұстаным.

Өйткені:

Қайтадан қайрылып,

Қауымға келмейсің.

Барыңды,

Нәріңді

Тірлікте бергейсің.

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –

Шын бақыт,

Осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің!

Халыққа таза армен еңбек етуді адамдық борыш ретінде ұқтырған Шаһкәрім, екі айналып бұл дүниеге келу жоқ, ендеше барыңды беріп, ғибрат алар үлгі етер іс қалдыру бақыт дегенді зердеге түйгізеді. Өлеңдегі ой ағымы бірінен кейін бірі өрби отырып, алға айқын мақсат тартылады, оның орындалу жолдары мен жоба, жүйесі көрсетіледі. Өлең соңында ақын ойының мәні, таза ақыл жолының апаратын биігі – Мәңгілік өлмеу тұрады. Яки мәңгілік өлмеу – мүмкін іс. Оған апаратын жол – халқыңа қызмет қылып, артыңда ғибрат алар іс қалдыру.

“Өлмегенде не өлмейді, Ақынның аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” деген қазақы танымтүсінікті тереңдете түскен Шаһкәрім ғұлама тек ақынғалым ғана емес, Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің. Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң, мәңгілік өлмейсің – деп көшелі ой айтады. Өлең жолдарындағы тізбектеліп келетін жүйелі ой мен ішкі мән сөз арқылы өрнектеліп, атауларды жаңаша ойлаудың тілдік таңбасына айналдырады. Мәселен, жоба, жол, қауым сөздерінің контекстік мәнін осылайша бағамдауға болар еді. Тізбектелген ой – жүйелі. Ал мақсаты айқын жүйелі нәрседен нәтиже шығары анық.

Шаһкәрім шығармаларындағы оппозициялық қатынас

Шаһкәрім ақынның шығармашылығындағы даралықты, ерекшелікті танытатын, көркемдік әлемін бағамдаудағы маңызды мәселенің бірі – ой мәнінің тереңдеуі мен мазмұнының байсалдылығын ашуда қолданылатын тұлғалардың оппозициялық қатынаста жұмсалуды. Мәселен, уақыт пен кеңістік оппозициясы, жақсылық пен жамандық оппозициясы, ақ пен қараның оппозициясы, имандылық пен нәпсінің оппозициясы т.б.

Ф. де Соссюрдің мынадай пікірі бар: “Весь лингвистический механизм вращается вокруг тождеств и различий, причем эти последние только обратная сторона первых”. Ғылымда оппозиция жөнінде ілімді жасаған Прага лингвистикалық мектебін құрушылардың бірі, орыс филологы Н.С. Трубецкой оны фонологияға қатысты қолданған болатын. Кейінгі тіл ғылымының дамуында бұл әдіс ретінде тіл білімінің барлық деңгейлеріне таралды. Оппозиция (oppositio) – латынның “қарамақарсы кою” деген мағынада қолданылатын сөзі. Н.С. Трубецкой зерттеулерінде оппозиция мүшелері арасындағы қарымқатынас негізінде анықталған оппозицияның үш түрі көрсетіледі: привативті (қос мүшелі), градуальды (сатылы), эквиопонтті (тепетен). Қазіргі қазақ ғалымдарының зерттеулерінде негізінен осы жүйе қабылданған.

Қос мүшелі оппозицияға арасында аралық бірлік болмайтын, бір-бірінің сапалық сипатын толықтай жоққа шығаратын қасиетке ие ұғымдарды анықтайтын тұлғалар жатқызылады (бар жоқ, аш тоқ, білімді білімсіз т.б.).

Тепетең мағыналы оппозицияда тілдік тәжірибе арқылы негізделген ассоциативтік қарамақайшылық болады, яғни қарамақарсы тілдік бірліктер жатады. Тепетең мағыналы антонимдік оппозицияға іс-әрекеттің, көңілкүйдің қарамақарсы бағытын білдіретін (кіру – шығу, қашу – қуу); лексикалық конверсивтер (ұтқан – ұтылған, жығу – жығылу); кеңістіктегі бағытты білдіретін атаулар (арғы – бергі, батыс – шығыс, алды – арты т.б.), мағыналық жағынан қарамақарсы қойылатын коррелятивті жұптар енеді (әке – шеше, қыс – жаз, мырза – құл т.б.).

Сатылы оппозицияда қарамақарсы екі бағытта – ұлғаю мен кему қозғалысы мүмкіндігі бар тұлғалар жатады (ұлкен, орташа, кіші т.б.).

Шаһкәрім ақынның поэтикалық әлемінде басты оппозиция – ынсап пен ынсапсыздық, шын мен жалған, имандылық пен имансыздық. Өзге қарамақайшылық ақын өлеңдерінің ішкі мәніне таралып, дүние болмысы мен оған сәйкес дүниетанымды саралауда көрініс табады, нақтыланады. Қарамақарсылықтың бірлігі мен күресін паш етер әлемді қабылдауда ақынның өлеңмен өрген өрнегі – қашанда анық, айтары – айқын. Барды бардай, нарды нардай етіп, жоқты жапсарламай нақ та нық айту – автор үшін негізгі кредодай. Бәлкім, Шаһкәрім ақынның мықтылығы мен Патша өлеңінің мығымдығы да осында болса керек.

“Хайуан мен ақымақтар” атты өлең мәтінінде мәңгілік қозғалыс үдерісі, табиғаттың үйлесімді жаратылысы оппозициялық қатынас арқылы айшықталып, дүние болмысының қарамақайшылыққа негізделген келбеті көрінеді. Яки, табиғи үйлесімділіктің өзі ішкі болмысында қарамақайшылық арқылы бекемделетіндей:

Бір Құдай неше түрлі жан жаратты,

Не үлкен, не кішкентай жан жаратты.

Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ.

Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.

Үлкен – кішкентай, жанды – жансыз ұғымдары сигнификаттық ұғымды белгілеуші абстрактілік мәні арқылы қозғалыстың ұлылыққа тәндігі мен байланыстылығын белгілі деңгейде таныта түседі.

Бірақ жанның әлдісі, әлсізі бар...

Кейі дәнді, кейінің дәнсізі бар.

Дәндісінде өсім бар, үлкеймек бар,

Оның да дәмдісі бар, дәмсізі бар.

Әлді – әлсіз, дәнді – дәнсіз, дәмді – дәмсіз тұлғаларының оппозициялық қатынаста келуінен, сөз жүйесі тереңнен сыр тартып, философиялық астар алады. Жақсы мен жаманның арасалмағын ашуға үнілу, қазіргі өмірдегі кездесетін, танылатын шындық пен ақын көңілі, қиялы жеткен болмыс шындығының сырын тануға ұмтылу жолында сыр сөздерді жекелей таныту мүмкін болмайды, оның мәнін кешенді байланыста ұғу қажет.

Өсімді ең күшті жан адамда тұр,
 Алдында жақсы да, жаман да тұр.
 Өзгенің бәрі – жалғыз адам үшін,
 Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр.

Дүниенің барлығы адам үшін жаралған. Адам игілікті іс жасауы, надандыққа бой алдырмай, Алланың берген аманат жанын таза сақтауға міндетті. Кез келген жанның жан дүниесі ерекше тәрбиеленіп, алынған тәлім әртүрлі қабылданады, жақсы мен жаманға ажырайды. Қарама-қарсы қою мәні де, тілдегі оппозициялық мағына да осы арадан жіктеледі.

Ақын айтылатын толғақты ойды жұмбақтамайды, салыстыра отырып, адамдық қасиеттің жақсысы мен жаманын таразылайды. Адам мен хайуанды (еріншек ~ өлік, қу ~ хайуан, мақтаншақ ~ бұқа, көрсеқызар ~ маймыл, ызақор ~ қабаған төбет, сәнденгіш ~ әтеш) қарамақарсы қоя салыстыра отырып, ізгі қасиеттердің сипатын ашады.

Несін сүй, несін сүйме, ерік өзінде,
 Нәпсің де, ақылың да тұр көзінде.
 Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
 Тексерілмей қалмайсың бір кезінде.

Бұл – ойдың түйінді тұсы. Сүй – сүйме, нәпсі – ақыл оппозициялық құрылым құрайды. Біріншісі, жалпы халықтық тілде қабылданған антоним болса, екіншісі, авторлық қолданыстан туған біріндегі мәнді екіншісі жоққа шығарып тұратын қос мүшелі оппозиция. Нәпсі мен ақыл – жақсылық пен жамандықтың екі шегін анықтайтын таразы сынды. Нәпсіге ерсең жетер жерің белгілі – хайуаннан бөтендігің болмас сірә; ақылға көнсең – адамдық қасиетің артып, саналы тірлік кешіп, игілікке жетесің – бұл ақын айтар негізгі ойлы тұжырым, дұрыс қисын, ақындық кредо.

“ИЕ” – Шаһкәрім шығармашылығында жалпы белгілі бір заттың (денотаттың) егесі болу семасынан үзіліп шығып, терең танымдық мән алған, философиялық мағына жүктеліп, жердегі бүкіл болмысты, өмір мен өлімді белгілеуші, адамдық мен надандықты таразылаушы,

әділ сынақ иесі субъект ұғымына көтерілген тілдік таңба. Көркем сөз әлемінде сөз мағынасының осылайша дамып толысуы – поэтикалық бейнеге толымды да ойлы сыр болып сіңіп, мәні мен мазмұны тереңдей түсіп, нағыз эстетикалық құндылықтың шынарлы биігін меңзейді.

Өлең жолдарына бір қарағанда, күнделікті қарапайым көрінетін белгілі жағдаят суреттелгендей, дей тұрғанмен, осымен шектеліп қала алмайсыз. Адам баласының бойында болатын әр алуан мінезқұлық сапаларының сөзбен өрілген сипаты хайуанмен салыстырыла келе, оппозициялық мәнге ие болады. Оқығанның жиренішін туғызып, бір ұғымнан екінші ұғымға өту арқылы сөзбен қозғалыс туғызады. Бұл қозғалыс еріншектің өліктен, қудың хайуаннан, мақтаншақтың бұқадан, көрсе қызардың маймылдан, ызақордың қабаған төбеттен, сәнденгіштің әтештен айырмасын ұқтыру арқылы орындалып, көркем бейненің нақты суретін айшықтап көрсетеді. Әрі тілдік тұлға да өзгешеленіп, айтар ойымен, нұсқар жолымен толысып, тұлғалана түседі:

Жоғарғы мұтпа деген сөзім бар ғой,

Байқайсың ба, ақыл, ой, көзің бар ғой.

Қылығына қара да сөзімді ойла,

Бұларға бір жолығар кезің бар ғой.

Қашанда өз жолына, түсінікпайымына берік, Темірқазықкредосынан айнымас автор, бұл жолы да, ертеңгі барар жеріңді нұсқап, ескерту жасайды, жол көрсетеді. Асылы, бұл дүниедегі ең бағалы іс – дұрыс, адал, таза жол нұсқау. Бірақ, әрине:

Наданға аз ғана сөз ем болмайды,

Есекке ептеп берсең жем болмайды,

Қанағатсыз кісінің тамағы зор,

Ынсапсыз хайуаннан кем болмайды.

Ынсап пен ынсапсыздықтың айырмасын осылай түйінделуінен автордың өзінің дүниетанымдық көзқарасын бағалап, өлеңсөздің көркемдік құрылымынан идиостилін танимыз.

Шаһкәрім ақын шығармашылығында адам баласы өмірінің объективті қарамақайшылығы сол қалпында таңбаланып қоймайды, сонымен бірге оның тілдегі мазмұнының берілуінің өзіндік қисынды жолдары қарастырылып, сенім мен сезімге әсер етудің жанжақты жүйесі көрініс береді. Болмыстағы қарамақайшылық пен қарамақарсылықты таныту үшін, Патшасөздің жүйелі құрылымы мен мәнін, мағынасын барынша саралай пайдалануда алдына жан салмайды. Сөз ақын үшін ең маңызды ғана емес, ойын білдірудің жалғыз ғана құралнысаны.

Достыңыз зор,

Дұшпаның қор,

Бар тілекке жетсеңіз.

Сансыз бақыт

алтын тақыт.

Барша жаннан өтсеңіз.

Дос – дұшпан атауларының оппозициялық мазмұны арқылы мәтінде зор – қор қолданысының жаңа қарамақайшылық мәні қалыптасып, ақындық стильді танытардай жаңа сема иеленеді. Ақындық субъективтік қабылдау әлемді қабылдаудың немесе нақты қабылдауда әбден қалыптасып кеткен кейбір тұрақты тұлғалардың мағыналық мазмұнына ерекшелік енгізуден жасқанбайды. Сөйтіп сөз мағынасын байыта түседі. Оқушы да өлеңді оқи отыра, ақынмен бірге толығып, толысып, атаудың ерекше мәнін қабылдайды.

Дүние қу –

бір ағын су,

Түстік онда шөп болып,

Күнде ағамыз,

сандаламыз,

Бейнетіміз көп болып.

Адам баласы ағын суда ағып жүрген бір шөп – бұл, әрине, жаңа символдық қолданыс екенінде дау жоқ. Шөптің барар жері белгілі – фәни көлі.

Дүние ағып,
сусыл қағып,
Фәни көлге құйылар.
Бірі ерте,
бірі кешке,
Шөп те келіп жиылар.

Мысалда келтірілген ерте, кешке атауларының мағыналық мазмұны күннің ертелігі мен кешкі уағынан гөрі әлдеқайда терең. Бұл уақыт өлшемі – әлемдік, бәлки ғарыштық шеңбердегі өлшем. Ерте – кеш оппозициялық ұғымы арқылы меңгеріліп тұрған ой жанды тіршілік иелерінің бұл дүниедегі белгіленген уақыты, биологиялық уақыт өлшемі. Бәрімізге белгілі, далалықтар мәдениетінде әлем туралы түсінік Еуропалық “адам” контекстінде антропоцентристік негізде өрбімейді, керісінше, өмір болмысы туралы толғамды дүниетаным космоспен, Алламен біте қайнасып, байланысып жатады. Әлем – шеңбер сипатындағы жалпақ кеңістік. Сондықтан Шаһкәрім ақын өлеңінде шөп көлге (шеңберге) жиналады.

Өлеңде ертелікеш ағып жататын “шөптердің” ғұмыртағдыры мәңгілік өлмейтін тарих ішіндегі күреске толы қозғалысқа негізделген:

Кейде тасқа,
кейде ағашқа,
Соқтығамыз дөп келіп.
Суынан да,
уынан да,
Құтылармыз жоқ болып.

Ақынның кез келген өлеңі сияқты мұнда да ішкі ой жүйелілігі, тұтастығы мен бүтіндігі, ойдың аяқталуы бар. Ақындық ішкі таным тұтастығы ешқашан өлең жолдарында шашау шығып, шашыраңқылыққа бой алдырмайды. Көркем ойлаумен көркемдік шешім тауып, ішкі үйлесімділікпен оқырманын баурап алып жатады. Тілдік тұлғаның

шешімі шынайы болғандықтан, онымен келіспеуге лажыңыз қалмайды:

Көлге барып,
тыным алып,
Бәрі сонда жиылар.
Алды тыныс,
Болды тыныш.
Су ағыны тыйылар.

Ия, Шаһкәрім ақынды толғандыратын, қалам ұстататын болмыстағы ірі құбылыстардың өзара байланысы мен күресі, қарамақайшылыққа негізделген дүниенің бірлігі: тән мен жан, нысан мен оның қатынасы, уақыт пен кеңістік, жер мен көк, табиғат пен қоғам, өткен – бүгін – келешек, ақ пен қара т.б.

Тыным, тыныс, тыныш сөздерінің мағыналық сипаты мен мазмұндық қолданысы ерекше назар аударарлық. Бәрі жиналып тыным алды, тыныс алды, тыныш болды. “Тын” түбірі арқылы жасалған үш туынды сөздің негізгі мағыналары жақын, ортақ семалары мол болғанымен, авторлық қолданыста олардың көтеріп тұрған мазмұндық салмағы әр түрлі. Бір-бірін толықтыра тұра, өзгеше. Тыныс алу жақсы болғанымен, тыныш болуды оқығанды оқушының жүрегі дір етері сөзсіз. Тыныштық та – барлық уақытта жайлы ма? ...

“Сен ғылымға болсаң ынтық” атты өлеңі де оппозициялық қатынас арқылы өмірдің ішкі сырын, мәнін ұқтыруға арналып, білу мен білмеудің арасалмағын таразылап, ғалым мен залымның, надан мен ғалымның, жақсылық пен жамандықтың қайшылығын көрсетеді.

Тіл ойлаудың бейнесі ретінде қызмет етеді. Ал адам баласының ойлау жүйесінің терең иірімдерін сөзге, сөз тұлғаға айналдырып, ойдың келісті бейнесін көріктеуді қызметтік жұмсалу заңдылығынсыз көз алдыңызға әкеле алмасыңыз түсінікті. Шаһкәрімнің идиостилинің басты ерекшеліктерінің бірі ретінде оппозициялық тұлғалардың жиі қолданысын айтуға болар еді. Оппозициялық әдіс оның шығармашылығына терең енгені соншалықты, кез келген өлең жолдарынан табуға, тануға болады:

Сен ғылымға болсаң ынтық,

Бұл сөзімді әбден ұқ.
Білгеніңнің жақсысын ал,
Білмегеніңді біле бер.
Білген ердің бол шәкірті,
Білмегенді қыл шәкірт.
Үйренуге намыс қылма,
Үйретуге болма кер.

Білген білмеген, үйренуге намыс қылма, үйретуге кер болма сияқты болып келетін тұлғалардың оппозициялық қатынаста келуі сөздердің бір-бірімен ұғымдық, мәндік жағынан байланысуы, валенттілігі нәтижесінде ойдың нақты көрінісінің сипатталғаны аңғарылады. Бәлкім, баз біреуге өлең жолдары жай насихат сынды болып танылуы да, қарапайымдау болып көрінуі де мүмкін. Қарапайымдылықтың өзі ұлылықтан туындайтыны рас. Шаһкәрім ақынның басты мақсаттарының бірі де осы – “қалың елі қазағына” түсінікті болу.

Күн сықылды көпке білдір,
Шықты ма, күн батты ма?
Ай сықылды айтып ұқтыр
Қанша ғұмыр өткенін.

Түн сықылды тым түнеріп,
Көзді тартып байлама.
Күндізі бол, байқасын жұрт.
Келгені мен кеткенін.

Байқап отырғанымыздай, ой мазмұны анық та, тұнық қалпында таңбалануы үшін ақын күн мен түн, келу мен кету, күннің шығуы мен батуы т.б. сияқты қарамақарсы ұғымдардың мағыналық құрылымындағы

оппозициялық мәнін тандап алып, түсініктің кез келген оқырманға оңтайлы, талғамына ыңғайлы болуына назар аударады. Нағыз оппозиция тек айырмашылықты таңбаламай, сонымен бірге теңеудің негізі саналатын болмыстың жақындығын, ұқсас, саралану белгілерін де көрсетіп, жалпылықтың бірлігін танытады. Шаһкәрімдік оппозициялық құрылымдарда да болмыстағы заттар мен құбылыстардың бірінебірін қарамақайшы қою емес, керісінше, оның ішкі үйлесімділігін таныту, жалпы мен жекенің арасындағы гармониялық бірліктің сырын ашу тағылымы жатады.

Өлеңде айтылатын ғалымадам галактикалық жалпылықтың шағын сипатын танытатындай өзінше бір микроэлем. Ол күн сықылды, көпке ақпарат беруі, жұрттың тіршіліктегі келген, кеткенін сездіруі, ай сықылды қанша ғұмыры өткенін ұқтыруы, желдей елді желпуі, жер сықылды пайдалы болуы, бұлттай болып көлеңке түсіруі, оттай болып жылылық сыйлауы (бірақ өртемей) т.б. қажет. Осылайша өлең өз оқырманына ой салады, жұртқа қызмет етудің маңыздылығын, табиғат үйлесімділігіндегі жақсылықтармен салыстырып, ел үшін пайдалы болуды мақсат тұтуды мақұлдайды.

Дүниені түзетуші,

Һәм бұзушы – бір ғылым.

Әрі залым, әрі ғалым,

Ел түбіне сол жетер, – деп түйіндейді.

Бұл біздіңше, дұрыс пен бұрыстың, жақсы мен жаманның шешімі, қорытындысы. Өлең – ақынның түзу ойының көрінісі. Ұйқас үшін, қызыл сөз үшін өлең құрау емес, елге түзу ой салу мақсатынан туған ішкі идеяның сәулесі. Сондықтан, шынайы, бұлыңғырлықтан ада.

Бинарлық оппозиция – қазіргі тіл білімінде әлемді танудың әмбебап құралы ретінде танылады. Әлем бейнесінің кез келген сипатын таңбалауда әмбебаптық астар жатады: бақыт сор, оң – сол, ақ – кара, жақсы – жаман, жақын – алыс, өткені – келешегі т.б. Бірі –

оң, бірі оған қарсы – сол жақтық мәнде оппозициялық сипат алып, болмыстың өзіндік бір ішкі үндестігін құрайды. Қазіргі концептология мен когнитивистикада концептік оппозицияларды белгілейтін концепт-антиконцепт, концептуалды оппозиция, бинарлы оппозиция т.б. сияқты әр алуан терминдер қолданылады.

Шаһкәрім шығармаларындағы басты концепт оппозицияның бірі – өлім мен өмір, көбінесе, бинарлық оппозиция сипатында көрініс табады.

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,

Ортасы – өмір, жоқтық қой, екі басы.

Сағымдай екі жоқтық арасында,

Тіршілік деп аталар біраз жасы.

Тумақөлмек тіршілік заңы. Ақын осындай іргелі ұғымдарды қолдану арқылы әлем болмысын танудағы зияткерлік қалпын танытады. Мұның өзі, түптеп келгенде, әрине, оның жалпы шығармашылық табиғатына тән дүниетанымдық ерекшелігі мен сезімдік қабылдауы да.

Өмірөлім оппозициялық мәнін автор “тумақөлмек”, “жоқтық барлық”, “жанбақөшпек” тұлғаларымен алмастыра отырып, осылардың арасындағы тіршілік атты фәниғұмырдағы адам әрекетінің мағыналы болуы үшін істелер амалын нұсқайды. Арамдық пен настыққа, мақтаныш пен менменге, кісімсу мен желігуге қарсы ой тазасы, мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату достықты өмірдің өкінбейтін айласы ретінде ұсынады. Екі қарамақарсы әмбебап кешенді ұғымдарды таңдау ақынға әлемді танудың, тіршіліктің түпкі мәнін тану мен танығанды танытудың нақты жолдарын көрсету үшін тиімді тәсіл ретінде қызмет еткен.

Енді өмірдің қызықты қай арасы,

Өлімді ойлап сіңе ме ішкен асы?

Оны ұмытып өлместей өзеленер,

Әлі тірі жүргендей түп атасы.

“Адамдық борышың, Халқыңа еңбек қыл” – деуден еш танбаған ақын үшін, сол халықтың санасына ой салу, ой тазасы мен таза жүректікке назарын аударту, ой қабылдауын тереңдету – мәнді. Мұндай әрекеттің танымдық, когнитивтік қызметі де ерекше әсерлі болмақ. Адам баласы оппозициялар арқылы ойлауға бейім. Еркін ойлы, әсершілдеу қазақ халқы үшін осындай әдістің танымдық (когнитивтік) мәні бар екені де анық. Бір затты екінші бір затқа қарамақарсы қою арқылы қабылдау – біздің ойлауымыздағы түпсаналық стратегия деңгейі. Оның үстіне, әңгіме дерексіз ұғымдарға қатысты болғанда.

Жоқтық, барлық, жоғалмақ – араласы,

Үш еріксіз болады мағынасы, –

деп жазады ақын қаламы. Барлық пен жоқтық мәтіндегі негізгі байлам жасататын, ой тоқтататын ұғымдар ғана емес, сонымен қатар, композициялық құрылымды да жасаушы. Бұл екі сөз түгел осы мәтіндегі сыртқы және ішкі жүйелілік пен мазмұндағы мәнді анықтайды. Өзге шумақтағы ойлар осы екі барлық пен жоқтық ұғымдарының мазмұнын ашуға қызмет етеді. Барлық пен жоқтық сөздерінің мағынасында денотаттық та, қажет десеңіз, сигнификаттық та мән бар. Ол интуиция арқылы, сезім табиғаты арқылы танылатын жеке адамның дүниетанымдық дәрежесімен байланысты болатын күрделі мағына.

Дүниежалған танымын бек терең түсінетін қазақ дүниетанымы үшін, өмірдің өкінбейтін бар “айласын”, жолын тек осылайша ұсынуға болар еді. Шаһкәрім ақын жол нұсқаудан, жоба көрсетуден тайынбақ емес, жалықпақ емес:

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,

Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.

Бұл – тұлғаның ұлттықтанымдық және әлемдік концептуальдық бейнесі. Мұндай таным – әмбебап. Жалпы адам баласының ақлағында, мінезінде болуға тиіс норма, сондықтан да айтылған ойға философиялық

мазмұн мен жүйелі көзқарастардың ортақтығы, бірлігі тән. Демек, бұл – Шаһкәрімдік деңгей. Шаһкәрім шыққан шың, Шаһкәрім шығармашылығы жеткен шың. Ақынның әлемдік болмысты бағалауында жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі негіз етіп алынады, ол ұлттық саналы оймен суарылып, дәстүрлі дүниетаныммен таңбаланады, кеңістік келбеті көрініс береді.

“Серігім – жалғыз Әупіш қасымдағы” атты өлеңнің соңғы шумақтарына назар аударалық:

Тату тұрса, адамға дүние кең,
Еңбек ет, жер жеткілік береді кең.
Адамның адал ұлы болам десең,
Алдыменен өзіңнің нәпсінді жең.

Мұндай жолдарды болмысты танудың ұлттықментальдық бейнесі арқылы танымның әлемдік концептуалдық биігіне жету, адам баласының табиғатпен қарымқатынасының ішкі үндестігінің мәнін тану, ұлттық және әмбебап ассоциациялардың концептер негізінде сәйкестенуінің шоғырлануы дер едік. Мәтіндегі әрбір сөзтұлғада мағына мен уәж, ішкі тұлға бар. Мағына әлем бейнесінің белгілі бір бөлімінің концептуалдық бейнесін анықтаса, уәж бен ішкі тұлға әлем туралы білімінің өзіндік сырын ашып, сөз семантикасына мән мен стилистикалық бояу қосып, ойды ажарландыра түседі.

Тату тұрса, адамға дүние кең – байқап қарасаңыз, дүниенің кең не тар болуының шарты бар. Ол – тату тұру. Татулық концептісін ақын бір ауыз сөзбен түйіп, бізге ой салады: отбасында тату тұру, ұжымдағы татулық, көршіңмен тату болу (қазақы танымда – көршілік қарыз мен парыз бар), мемлекеттегі татулық, мемлекетаралық татулық, әлемдегі татулық ... Біріненбірі шығатын тізбек, тізбек ұзаған сайын күрделене түсетін заманауи құбылыс, адами болмыс. Бәрінің басты негізі – татулық. Татулық бар жерде дүние кең – бұл ақын ұсынатын басты шарт.

Татулыққа қарамақарсы қойылатын оппозиция –адам психологиясында өз “меніне” қарсы қойылатын “өзге”, “өзгелер”. Бірақ ақын ойы “менен басқа өзгені” оппозиция деп танымайды. Кез келген пенде баласының өзінен басқаны “өзге” деп танып, жанындағыны жат санаушылық қасиеті Шаһкәрімдік таным үшін жат. Шаһкәрімдік татулықтың оппозициясы өзгеше, өзгеше болғанда алыста емес, сол “өзімнің” өз ішінде, “өзіңнің нәпсің”. Өзіңнің нәпсіңді жеңсең, адамның ұлы боласың. Сан сауалдың сұрағын шешіп, сандаған елдің сансыраған даулы мәселесіне билік айтқан талайлардың өз нәпсісінен жеңілгеніне кәрі тарих куәу.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуы күрделі де қарама-қайшылығы мол үдерістерге толы болды. Осы бір қайшылығы мол жылдарда қарқынды шығармашылық күй кешкен Шаһкәрім ақын өмірдің самалды сәттерінен гөрі соқтықпалы, соқпақты жолдарына көбірек кезіккені аян. Бәлки, содан ба ақын шығармашылығында ойға, ойлануға ерекше мән беріледі. Ақиқатты іздеу, соның жолында іздену, табу – кез келгеннің уысына түсіп, кез келгеннің “бақшасында пісе беретін” дүние емес екені де белгілі. Сондықтан да Шаһкәрімдік шығармашылықтың зияткерлік кеңістігі мәндік оппозицияларға бай. Мұндай мәндік оппозициялар бірбірімен тығыз байланысады және көркемдік жүйенің семантикалық құрылымының ішкі композициясын дамытады. Оппозиция белгілі бір деңгейде эстетикалық код қызметін атқарып, әлем бейнесін таңбалауда бағалауыштық мәнге ие болады. Осы реттен де Шаһкәрім ақын өлеңдерінде қазақ ойының данышпандығы мен даналығы, уақыттан озған кемеңгерлігі мен көрегендігі жатады.

Мейірім – жақсы, зұлымдық – жаман дейсің.

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.

Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам, –

Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек.

Ал, ендеше! Бұған не демек керек. Мейірімнің жақсы, зұлымдықтың жаман екенін кім білмес, кім бұрыс дер? Мәселе ненің дұрыс, бұрыс

екенін білуде, не біреуге ақыл ретінде айтуда ғана ма? Бұл жерде ақын Патша сөзбен “ойнамайды”, сөзбен жай бүлкілге салып желмейді, мәселені қабырғасынан ашық қояды. Жақсы мен жаманды іштей білу, түсіну, бағалау бір басқа да, сол жақсылық жолында ізгі амал жасау, жақсылықпен жамандықты айырар көрікті қызмет ету, жамандыққа жақсылық жасау – өзгеше. Мұндайда қазақы дүниетаным “Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі”, “Жақсылыққа қылған жақсылық, өмірінше тозбайды. Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды” дер еді. Жаманды жаман деп, жақсыны жақсы деп атын атап, түсін түстеп көрсетіп, адамға жәрдемді тигізбесең кімге серт? Жан ашып, жәрдем ете алмау, жол көрсете білмеу – Шаһкәрімше, бұл “өсіп, өшіп құлау”.

Қандай бір бәйтеректей мәнді болсаң да, өссең де, соңында ізсіз өшесің дейді ақындық таным. Поэтикалық сөз – соншалықты нақты, айқын. Ой – салмақты, сөз – ұғынықты. Өйткені оппозициялық қатынаста тұрған атаулар арқылы берілетін мағына мен мазмұн оқушы мен тілдік тұлға арасына ешқандай делдалды керек еткізбейді. Мейірім, зұлымдық атаулары денотаттық мәнді иеленіп, өзгеше мазмұнды анықтап, оқырманын ойлантады. Екінші жағынан, мейірім мен зұлымдық атауларының мағынасы терең, мәні кең. Сонымен, сөздің нақты және жалпы мағынасы диалектикалық сипатта тоғысып, нақтысезімдік және жалпы бейнелік мән құрайды.

Авторлық “мен”: өмірдің сырын білгемін

Шаһкәрім өлеңдерінің ішкі болмысбітімі мен талғамдықтағылымдық мәнін түсіну үшін, мәтіндік мән мен құрылымдық тұтастықта көрініс табатын авторлық модальдікті анықтау керек. Модальдік: 1) айтушының немесе жазушының субъектіге қатынасын білдіретін сөздер; 2) логикалық пайымның шынайылық деңгейіне байланысты сипаты.

Модальдік – функционалды-семантикалық категория, прагматикалық қолданыспен астасып, лебізде сөйлеушінің жеке көзқарасын, өзіндік ойын, тілегін, қалауын білдіру мақсатында әртүрлі тілдік бірліктер арқылы таңбалана алады. Модальдік коммуникациялық қажеттілікке қарай әртүрлі грамматикалық, лексикалық тұлғалар сөйлеуші мен

тыңдаушы арасындағы пікірдің субъективтік және объективтік сипатын таныту үшін модальдік қатынаста жұмсалады. Мәселен, модальдік қатынасты таңбалауда көсемше тұлғалары арқылы келген аналитикалық форманттар, рай тұлғалары, болымды-болымсыздық мән, сыпат-шақ тұлғалары, әртүрлі синтаксистік құрылымдар, сөздердің орын тәртібі т.б. қатыса алады.

Сонымен бірге модальдік тек сөйлем ішінде немесе айтылымда кездесумен ғана шектелмейді, мәтінде және лебіздегі жағдаяттарда да сөйлеушінің жеке көзқарасы, өзіндік ойы, тілегі, қалауы білдіріледі. Мұндай жағдайда модальдіктің прагматикасы біраз кеңіп, автор мен оқушының арасындағы лебіздік байланыс алдыңғы қатарда көрінеді. Тілдік тұлға мәтіндегі мән мен мазмұн арқылы қабылданады, әрі авторлық ой мен пайымдау оқушыға арналғандықтан, арада терең байланыс пен қарымқатынас орнығады.

Мәтін модальдігі – болмыстағы белгілі бір құбылысқа байланысты авторлық көзқарас пен оқушыға арнай айтылған авторлық пайымдаудың, ойдың, пікірдің, тұжырымның таңбалық көрінісі. Авторлық пікір мен байлам қашанда белгілі бір тілдік тәсілдер арқылы таңбалаанады. Өз ойын жеткізуде әртүрлі тілдік таңбаларды уәждей отыра пайдаланады, таңбалар мәтін ретінде бүтіндік пен тұтастық құрайды. Яғни авторлық ойды бейнелеуші, таңбалаушы мәтін жеке тілдік бірліктердің жиынтығы ретінде ғана емес, бүтін шығарма ретінде танылады. Шығарма арқылы танылатын автор тұлғасы (тілдік тұлға) сол шығарманың ішіне сіңіп, өзінің пікірін, пайымтанымын оқушы алдына жайып салады, түсіндіреді.

В.В. Виноградовтың сөзімен айтқанда, тілдік тұлға «концентрированное воплощение сути произведения, объединяющее всю систему речевых структур...». Яғни кез келген мәтінді оқып, түсіну барысында, тілдік тұрғыдан талдауда, оны тұлғалық жағынан ғана қарап, тек “тема мен ремедан” тұратын құрылым деп тануға келмейді. Мәтін авторлық ұмтылысты, таным мен түсінікті, білікті, сондайақ оның қоғамға арнаған өзіндік ойын, адамгершілік, эстетикалық бағдарын көрсетеді.

Модальдік категориясы мен “автор тұлғасының” арасында тығыз байланыс бар. Біздің ойымызша, белгілі бір көркем шығарманың авторы

(тіпті ғылыми зерттеуде де!) белгілі нәрсе туралы жазу барысында өзінің танымынан, талғамынан, түсінігінен, өзінің ішкі болмысынан тыс бола алмайды. Шаһкәрім шығармашылығы туралы да осыны айтуға болар еді. Автор өлендерінде өзінің “Менін” жасырмайды, оның ішкі үні, дауысы, сезімі, түсінігі, өзіндік кісілік келбеті нақты көрініп отырады. Мұндай баяндау түрі автор мен оқушы арасындағы көрінбейтін “диалогты” қалыптастырады. Оқушысы Шаһкәріммен ойша, көңілдің көк дөненімен сырласа алады, оның айтарын түсінеді, кімнің атынан, кімнің пікірімен сырласып отырғанын біледі. Сөйтіп автор өз шығармасындағы көркем шындықтың ортасында, шеңбердің ішіндегі орталық нүктеде тұрады. Адамның ішкі әлемін көрсетуде бұл аса әсерлі болады да, толғантқан мәселесіне алған жауабына оқушысының көңілін сендіреді.

Мәселен:

Жүректен аққан қанымнан

Жиіркенбе – нұр деп біл.

Сайраған бұлбұл зарынан,

Нұрланады қызыл гүл.

Гүлге асық боп сайраған,

Қызыл тілді қайраған,

Ішінде оты қайнаған,

Мұңлы, шерлі мен – бұлбұл.

... Жарға жетсем болғаны,

Суалған көңіл толғаны,

Басыма қыдыр қонғаны,

Ақсамдағы миллион жыл.

Басқаны сенен білмесем,
Қайғырмасам, күлмесем,
Дүниені көзге ілмесем,
Кім мендей ер, кім әділ?...

Өлеңдегі жүйелілік, бүтіндік, аяқталғандық, шығарманың ішкі мәндік бірлігі – көркемдік оқшаулануды танытады. Бұлбұлдың зары мен қызыл гүлдің нұрлануы, жүректен аққан қан мен нұр бірбіріне қарама-қарсы тұрған ұғымдар болса да, оппозициялық осындай қатынастарды қатар қою арқылы өзінің жан дүниесіндегі, болмысындағы өзгерістің мағынасына ерекше назар аудартады. Гүлге асық боп сайраған, мұңлы, шерлі бұлбұлдың басты мақсаты да, арманы да Жарға, Иеге жету. Жан дүниесінің сырын ашуда “Мен” – “қаһарман” айналаға тек өзінің ішкі көзімен қарайды, өзіндік ішкі ойдың дұрыстығына, ақиқатына толық сенгендіктен, оның туралығына таза ақыл көзімен жеткендіктен, ақ жүреппен сенгендіктен де, тайсалмайды, батыл айтады.

Авторлық “мен” оқушысын ішкі диалогқа шақырады, ақыл айтады, өзі жеткен шындықпен бөліседі:

Мен жомартпын жар нұрына,
Алса екен деп барша жан.
Жетсе көзің бұл сырыма,
Ой өрісін қылма тар.

Дүние өмірін мен сынадым,
Ешбірінде опа жоқ. ...

Бұл баяндаулар бірінен кейін бірі келетін шумақтардан алынған үзінділер. Екеуінің де негізгі кейіпкері – автордың өзі, өзінің “МЕНИ”. “Дүние өмірі” тіркесі – авторлық еркін тіркес. Бірбіріне синоним болатын осы тұлғаларды матастыра тіркес жасай отырып, оның бірлігін

танытады. Дүниеөмірден опа таппайды, бірақ түңілу жоқ, нұсқайтын жол мен жоба бар. Ол – Жар нұры. Бұл тұжырым екінші не үшінші біреудің атынан емес, автордың “мені” арқылы айтылады, баяндаушы субъект айқын, сондықтан ой сенімді, сіңімді.

Баяндау субъектісінің нақтылығы автор бейнесінің түп қазығының мықтылығын, пікірпайымының тұрақтылығын танытса керек. Субъект авторлық жекеліктің ең жоғарғы формасы саналады: лебіз иесі – баяндау субъектісі – автор бейнесі. Бұл бірбірімен байланысты ұғымдар, алайда олардың өзіндік ерекшелігі мен өзгешелігі де бар. Автор бейнесі, әрине, көркем шығармадағы лебізде белгілі бір тілдік бірліктердің негізінде жасалады. Сөз тұлғасы болмаса, шығарма да тумайды. Сөз арқылы әдіптелген көркем ой мәтіннің ішкі мәніне, мазмұнына айналады. Осы көркем сөзбен берілген ойды оқып таныған оқушы санасында “автор бейнесі” қалыптасады. Автор бейнесі оқушының қабылдауы арқылы, автордың өзі сөзбен жасап берген ақпараттарының негізінде анықталады.

Шаһкәрімдік “автор бейнесі” тіл білімінде қалыптасқан қисындар мен қалыптарға үнемі сыя бермейді. Оның шығармалары мен өлеңдеріндегі терең мәнді түсініп, қабылдап, сөздің ерекше мағынасын табу қажет. Мәтіннің ішкі мазмұнына мән бермей, Шаһкәрімдік танымды меңгермей, оның сөз қолданыстарындағы ерекше семаны анықтау оңай болмайды. Өзіндік ерекше сөзжасамдық мағыналар жасаған автордың таңдаған мағынасын пайымдау оңайға түспейді. Мұндайда “автор бейнесі” көпке жұмбақ қалпында қалады.

“Қорқыттың сарыны” атты өлеңнен мына үзіндіге назар аударалық:

Ескіден қалған бір жұрнақ
Жақпаса қойсын жастарға.
Жырлаймын ойлы мастарға,
Мен өлсем, сарын жоғалар,
Қимадым көміп тастарға

... Алып кел арақ тазасын
Денеме нұры тарасын
Ұйқыдан әбден оятып,
Жаралы жүрек жамасын
Мас болмай кірмес ақылым.

Өлеңді түгел оқып шыққан оқушы “қандай сарын”, “неге ойлы мастарға арналады”, “неге мас” “мастар неге ойлы”, “неге арақ әкел дейді” деген сияқты сұрақтың астында қалады. Мұны түсіну үшін, ақын өлеңдерін түгел ақтара оқып, жауабын автордың өз өлеңдерінен іздеу мақұл:

Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат,
Жан – нәпсі, шатақ иман – дін қиянат, – дейді.

Демек, автор бейнесі – автордың адами мәні. Шығармашылығы арқылы оның өзінің ішкі рухани бейнесін тануға, танымы мен білігін бағамдауға болар еді.

В. Гёте: “Каждый писатель, до известной степени, изображает в своих сочинениях самого себя, часто вопреки своей воле”, – дейді. Тағы да сол В. Гёте: “Оригинальнейшие писатели новейшего времени оригинальны не потому, что они преподносят нам что-то новое, а потому, что они умеют говорить о вещах так, как будто это никогда не было сказано раньше,” – деген. Шынында да, “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” екені қазақ көркем сөзінде бұрыннақ айтылып келе жатса да, Шаһкәрімдік тағылымының өзіндік ерекшелігі, мәні, маңызы бар. Бұл жеке шығармашылық тұлғаның ақиқат дүние туралы жеке көзқарасы, шығармашылық санасындағы өзгеше танымы деп пайымдау абзал. Автордың өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен, сөйлеу мәнерінде, сөз қолданысында.

Шаһкәрім шығармашылығында басты баяндау субъектісі – автордың өзі. Баяндау субъектісінің дүниетанымы, адамгершілік болмысы, әлеуметтік және эстетикалық көзқарасы автордың айтайын деген ойымен үнемі астасып, тұтасып жатады. Лебіздік құрылымдағы мұндай тұтастық автор бейнесін танытады, әрі мәтінде айтылатын барлық ой мен идеяны біріктіріп, тұтастырып, бүтіндікке жеткізеді. Шаһкәрім өлеңдері мен поэмаларының, қара сөздерінің т.б. басын қосып, біріктіріп тұратын тұтастық осы автор бейнесі арқылы көрініс табады. Сондықтан да ақын шығармаларын біріненбірінен бөліп оқи алмайсыз. Тұтастық ондағы авторлық идеямен, айтылар оймен, көркемдік шешіммен бірге беріліп, жалпы имандылық парадигмасын құрайды.

Жардың нұрын жарқыратып,

Салдым елдің алдына, – деп, –

“Сұраған жанға сәлем айт” атты өлеңінде автордың өзі айтқандай, болмыстағы барша заттар мен құбылыстардың жаратылыс заңы арқылы МӘНмен орындалатынын, жалған дүние саналатын бұл фәниде нәпсіні тыйып, таза ақылмен, ақ жүрекпен адал еңбек етуді тағылым ету, Жар нұрына жетуді армандау – Шаһкәрім шығармасының көркемдік діңі, автордың жалпыға арнар адамгершілік қарымқатынасы. Осы жолда ол сөзбен салынатын бейнені (образды) де, әр алуан стилдік қолданыстар мен тәсілдерді пайдалануды да біріктіріп, синтездеп жұмсайды.

Автор бейнесі шығарманың өн бойында аталмайды, кейде “мен” – жіктік жалғауы, “мін”, “мын” – жіктеу есімдіктері арқылы көрініп отырады. Сөзбен өрілген ойдың көркемделген жүйесінде автордың басты талғамы, толғамы, танымы шоғырланып табысады, сөйтіп, авторлық ойдың кешенді жүйесін құрайды. Яғни, бейнеленіп отырған кез келген құбылысқа не затқа автордың өзінің қатынасы көрініп, көркемдік шешімі айтылады. Бұл да – автор бейнесінің көркемдік келісім табуының, өзіндік бет-бейнесінің айқындала түсуінің басты шарттарының бірі.

Ақын өлеңдерінде ешкімге ұқсамайтын семантикалықстилистикалық өзгешелік бар. Бұл өзгешелік, көбінесе, лебіздің құрылымындағы

бағалауыштық, эмоционалдық құралдар арқылы анықашық көрінсе, кейде шығармадағы ой ағынынан, жалпылау мен нақтылаудан, логикалық кең байламынан, шешімінен байқалады. Осындай тәсілдер арқылы Шаһкәрімнің өзіндік идиостилі, өзіне ғана тән стильдік бейнесі жасалған.

Өлеңдерде шартты адресат бар – ол табиғат пен адам, адамның ішкі болмысы, жан дүниесі, мақсаты мен мүддесі. Бірақ субъектінің ішкі жан дүниесіндегі өзгерістер мен таным байлығы субъектінің өзі үшін, өзінің жан байлығы үшін ғана емес, көпке үлгі ретінде ұсынылады.

Адамның адал ұлы болам десең,

Алдыменен өзіңнің нәпсінді жең, –

деуінен аңғарылатындай, Патшасөз адам баласының адал ұлдарына арналады. Әңгіме баяндау субъектісінің патша көңілінің өзімен ғана шектелмей, жалпыға бағышталады:

Өмірдің сырын білгемін,

Талайдан сынап жүргемін.

Патса бол, бағлан бол, пайда жоқ бақтан,

Әйтеуір бір құлайсың ақырда

Бұл шірік аяқ тақтан.

Жеткіз сәлемімді өзімдей ініме.

Кейімесін мынау күніне.

Шын жаралыстың салған жолы бар,

Болар күні жалғас түніне.

Байқасақ, өлеңдегі басты нысан өмір, өмірдің сыры. Айтылған ойды оқушы қабылдауының өз кілті бар. Қабылдау қашан да әртүрлі

ақпаратты аңғарудан, содан соң, оны жеке тұлғаның дүниетанымына сәйкес жалпылама қабылдауына әкеледі. Қабылдау жеке тұлғаға қатысты болғандықтан, өлеңді әркім әртүрлі түсінеді, қабылдайды, соның негізінде жалпы автор бейнесін қабылдау мүмкіндігі қалыптасады.

Шаһкәрімнің ақындық бейнесі бізге ақырын шешіле сөйлеп отырған даналықты бейнелейді, ол басты көзге ұрып төпелемейді, жүректен қозғайды, жүрекке жеткізеді, ұстамдылықпен, парасаттылықпен өз ойын дәлелдеп, тәнті етеді. Кейде лирикалық сатирик бейнесіне енеді:

Біле тұра талай жан,
Саудаға салып, ар иман,
Алдап берген уынан,
Көп жұтқысы келеді.

Сұлу бетін сүйгізсе,
Улатып жанын күйгізсе,
Маңдайын жерге тигізсе,
Ешкім ары жүр демеді.
Ас бергенін деді “Той”,
Ол – қасапшы, бұлар – қой,
Көп мисызда болмады ой.
Бұл не ғылған ел еді?!

Ақынның өзіндік стиліне тән ұғымдардың таңбалық жамылғышы күнделікті қолданыстағы атаулар болғанымен, мағыналық мазмұны мен мәні ерек. Мәселен: алдап берген у, улатып жанын күйгізу, ол – қасапшы, бұлар – қой т.б. Нақты, деректі атауды қолдана отырып, дерексіздік ұғымын туғызады. Алдап берген уынан, көп жұтқысы келеді – дегендегі “у” деректі зат есім болғанымен, контексте дерексіздік мәнде жұмсалып, оқушыны ойлануға, таза ойға бастайды. Ол қандай “у”, нәпсінің қай “у”-ы, сол ұды мен де ішіп жүрген жоқпын ба деп қай оқырман да ойланады, өзінше түсінеді, ойға салмақ салады.

Көркем шығармадағы лебіз иесі – баяндау субъектісі – автор бейнесі автордың таңдау ырқына байланысты әртүрлі субъект сипатында көрінуі ықтимал. Шаһкәрім шығармаларында, көбінесе, өзінің атынан сөйлейді, өз ойы мен танымын танытады. Мәселен, “Нартайлақ пен Айсұлу” дастанында әңгімені бастай отырып:

Мен бардым сол Ақтасқа түлкі қағып,
 Үңгірде өткенді ойлап тұрдым бағып.
 Тастағы қырау еріп күн нұрымен,
 Тастан да, көзімнен де жас кетті ағып, –

деп өз атынан баян етеді. Осы арқылы автордың оқиғаға деген өз көзқарасы мен түсінігі де анық көрінеді.

Н.М. Карамзин “Творец всегда изображается в творении и часто – против воли своей” деген екен. Шынында да, нағыз суреткер шығармасында өзінің көркем бейнесін жасайтыны, СӨЗбен Өзінің образын түсіретіні анық, оның қолынан өтірікті шындай етіп көрсету, танымдық болмысында қалыптасқаннан өзгені дәлелдеу келмесе керек. Шаһкәрім ақынның шағын өлеңінен бастап, үлкен дастанға, ғылыми зерттеуге дейінгі аралықтағы кез келген еңбегінде айтылатын ой ағымы мен тағылым арнасы негізгі имандылық концепциясына келіп құйылады. Әрбір өлең шумағынан автордың өзіндік қолтаңбасы айқын сезіліп тұрады.

Ақылдан ойға сыр тарап,
 Үміттің шамы жанған күн.
 Жар есіркеп, бері қарап,
 Нұрына жүрек қанған күн, –

дегендей жыр жолдары Шаһкәрім ақындікі екенін кез келген оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласы білсе керек. Мұнда ақынның

дүниеге көзқарасы, адамгершілік, ізгілік сезімі, әлеуметтік, эстетикалық таным дүниесі айқын аңғарылады. Біздің пайымдауымызша, авторлық МЕН мен авторлық негізгі концепцияның көрінетін тұсы – имандылықты жырлауында. Ақын шығармашылығының басты қағидасы да осы арнаға келіп саяды.

Өзін толғантқан толғамды ойды мәтін арқылы көпке ұсынғанда, жеке көзқарасының көрінбеуі, автор ойының көлеңкеде қалып қоюы мүмкін емес. Сондықтан автор өзі бірінші жақта тұрып сөйлесе де, екінші, үшінші жақпен айтса да, бәрібір авторлық ой, авторлық таным анық аңғарылады.

Қорыта айтқанда, Шаһкәрім танымы мен тағылымының ғылыми-теориялық деңгейінің маңыздылығы, ең алдымен, оқырман алдына “мәңгілік” деп саналатын адамзаттық мәні бар іргелі мәселелерді қоя білуі дер едік. Адам болмысының мәні мен мақсаттылығы, жан мен тәннің байланысы, адам не үшін жаратылды, жаратушы кім, жаратушыны ақылмен танып-білуге бола ма, әлем кеңістігіндегі адам баласының рөлі мен орны, адам қайдан келді, қайда барады т.б. негізгі онтологиялық негіздемелерді гуманизм аясында діни-адамгершілік тұрғысында саралайды.

Данышпан ақын жаратылыс “жұмбағының” өлшеусіз ісі мен ізін іздеп, ақылдың шолғыншысына – ойқұмарлыққа жүгінеді.

Әлемді тану жолындағы тәжірибенің негізінде жасалатын әлемнің тілдік таңбалары концептік жүйелер арқылы әлеуметтенеді. Ал имандылық концепті – әр дәуірдегі халықтық руханимәдени болмыстың нәтижесі ретінде зерделенген күрделі, сан қатпарлы құрылым.

Сондықтан онда:

- Жалпы адами немесе әмбебаптық негіз;
- Ұлттықмәдени негіз;
- Белгілі бір әлеуметтік топтардың көзқарасын, пікірін білдіру;
- Жеке азаматтық позиция, тәрбие, білім, өзіндік өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан білік болады.

Шаһкәрім ақын қалыптастырған имандылық концептісінде осы

құрылым: әлемдік адами негіз де, ұлттықмәдени ментальдық бейне де, сопылық ілім қалыптастырған білім мен білік те, автордың өзіндік ішкі ойтұжырымы да толық бар.

Ақынның өзі “Жастарға” атты өлеңінде айтқандай, “білмегенді білуге тырысып”, “босқа күлген күлкіні күйлемей”, “жақсы білім іздеуге жалықпалық”. Білім мен білік бар жерде “Ар білімі оқылары” анық. “Ар білімі” оқылса, Шаһкәрім ақын айтқан түзу ақылмен, ойланып, тура жолға түскеніміз, “жүректі адалдықпен жуғанымыз” болмаққа керек.

Әдебиеттер

1. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 580 б.
2. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Өлеңдері мен поэмалары/ құраст. Х. Сүйіншәлиев. - Алматы : Рауан, 1990. - 208 б.
3. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: 2 томдық. . – 580 б.
4. Құдайбердіұлы, Шәкәрім. Үш анық: монография / Ш. Құдайбердіұлы ; Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер инты. - Алматы : Қазақстан және “Ғақлия” ғылыми-әдеби орталығы, 1991. - 80 б.
5. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шәкәрім) Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі / Шәкәрім) Шәкәрім (Құдайбердіұлы. - Алматы : Қазақстан Сана, 1991. - 80 б.
6. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Мұсылмандық шарты: монография / Ш. Шәкәрім). Шәкәрім (Құдайбердіұлы. - Алматы : Қазақстан, 1993. – 80 б.
7. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Жол табалық ақылмен: шығармаларының бір томдық жинағы / Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шәкәрім). - Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2006. - 736 б.
8. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім). Шығармаларының үш томдық жинағы/ (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім) Шәкәрім (Құдайбердіұлы ; Шаһкәрім атын. СМУ. - Алматы; Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2008 - .Т. 1 : Қажыма, ойым, қажыма : өлеңдер. - 402 б.

9. Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім). Шығармаларының үш томдық жинағы [Текст] : жинақ / Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім) ; Шаһкәрім атын. СМУ. - Алматы; Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2008. - 2 т. : Өкінішті ғұмыр : дастандар, роман, аудармалар, мәнді сөздер, түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі, мұсылмандық шарты. - 430 б.
10. Сәтбаева, Ш. Қ. Шәкәрім Құдайбердиев: монография / Қаз. ССР “Білім” қоғамы. - Алматы : Қаз. ССР “Білім” қоғамы., 1990. - 50 б.
11. Еспенбетов, А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт: ғылыми зерттеу / Еспенбетов, Арап. - Алматы : Раритет, 2008. - 240 б.
12. Сыдықов, Ерлан. Шәкәрім және Алашорда: ғылыми жинақ / Е. Сыдықов. - Алматы : Раритет, 2008. - 192 б.
13. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей: ЖШС, 2008. – 826-б.
14. Рахымжанов Б.К. Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымына тарихи-философиялық талдау: – Алматы: 2005. – 121 б.
15. Шаңбай Т. Шәкәрімнің философиялық лирикасы. //Шәкәрімтану мәселелері. 3 т. – Алматы: Раритет, 2007. – 370 б.
16. Сыдықов Е.Б. «Шакарим». «Молодая гвардия». –М., 2012. «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ) сериясы.
17. Әбдіғазизұлы, Б. Шәкәрім әлемі: монография / Әбдіғазизұлы, Балтабай. - Алматы : Раритет, 2008. - 408 б.Еспенбетов А.С. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт:Монографиялық зерттеу.- Алматы:«Раритет», 2008.-230 б.
18. Медеуханұлы Ә. Ақынның ажалы: үш көріністі драмалық қойылым // Ақ Ертіс.-2011.-№1.-21-41 б.
19. Мұхамедханұлы Қ. Ш. Шаһкәрім. // Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том.-Алматы: Алаш, 2005.-267-316 б.
20. Мұхаметқанұлы Қ. Шаһкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-том.-Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006.-48-100 б.

21. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 1-т.-Алматы: Раритет, 2007.-448 б.
22. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б.
23. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 3-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б.
24. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 4-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б.
25. Сәрсенбайқызы Ғ. Бар ғылымның түп атасы – Шәкәрім // Дидар.-2008.-16 қыркүйек.
26. Сейсенұлы Д. Шәкәрім. Ғұмырнамалық баян.-Астана. 2007.-264 б.
27. Шәкәрімтану мәселелері [Текст] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2007 - 1-т. - . - 448 б.
28. Мағауина З. Сахараның дана ойшылы // Дидар.-2008.-11 қыркүйек.
29. В. фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. М., 1984.
30. Құран Кәрім. Алматы. Жазушы. 1991. 6–7 беттер.
31. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. –Алматы, 2008, 195-196 бет.
32. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы. Атамұра. 2008. 25– бет.
33. Шәкәрім мұраларына жаңа буын көзқарасы. Жинақ. -Алматы, 2008.
34. Сейсенұлы, Д. Дәулет. Шәкәрім [Текст] : ғұмырнамалық деректі хикаят / Д. Дәулет. Сейсенұлы. - Алматы : Қазақстан, 2009. – 254 б.
35. Ыбырай С.М. Шәкәрім дүниетанымы және қазіргі жаратылыстану концепциялары. \ Ш.Құдайбердіұлының рухани мұрасы. Абайтану оқулары. Алматы, 2007. 131 –бет.
36. Дала данасы: (ұлы ойшыл, философ тарихшы, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлына арн.). - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2009. - 259 б.

37. Салқынбай, А. Б. Шаһкәрім шыққан шың: моногр. / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. - 211,[3] б.
38. Абай-Шәкәрім: ұжымдық монография / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [жалпы ред. басқ. Қ. Әбдезұлы]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2012. - 207, [3] б.
39. Сыдықов Е.Б. Шәкәрім: [ғылыми - танымдық бас.] / Ерлан Бәтташұлы Сыдықов ; ҚР білім және ғылым м-гі, Философия, саясаттану және дінтану ин-ты, Л. Н. Гумилев атын. ЕҰУ. - Алматы : ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. - 440 б.
40. Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеудің мәселелері. Ғылыми мақалалары жинағы/ жалпы ред. басқ. Ө. Әбдиманұлы; құраст. Қ. Мәдібаева, Е.Солтанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016 – 156 б.
41. Құдайбердіұлы, Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен: Өлеңдер / Шаһкәрім Құдайбердіұлы; [құраст. жауапты ред. Р. Сейсенбаев]. - Алматы : RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. - 278, [2] б.
42. Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде: халықаралық ғылыми-практ. конф. Материалдары. [ред. алқа Ш. А. Құрманбаева және т. б.]. - Семей : Шәкәрім атын. СМУ, 2008 - Т. 1 – 356 б.

БӨЛІМ 9

ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ

САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.

ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ

А. Б. Салқынбай, Ж. А. Сәрсенбай

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы

Қазақ кино өнері өзге өнер түрлері секілді мемлекетіміздің алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен жолымен біте қайнасып келе жатыр. Қандай да бір құбылыстың өзінен-өзі пайда болмайтыны және оған міндетті түрде алдындағы құбылыстардың ықпалы болатыны белгілі. Ең алдымен, қазақ киносының кеңес үкіметінің келмеске кетіп, тәуелсіздікке қол жеткізуімізге тигізген рухани ықпалы мол болғанын айтуымыз керек. Кино әлемінде кеңес үкіметі мен идеологиясына деген қарсылық КСРО ыдырауы алдындағы онжылдықта-ақ басталып кеткен еді.

Соңғы отыз жылда аз фильм түсірілген жоқ. Олардың тақырыптық ауқымы да, жанрлық, стильдік ерекшелігі де әртүрлі. Әрине, олардың барлығының көркемдік сапасы бірдей деп айтуға болмайды. Бірақ бұл фильмдердің сапасы қандай болған күннің өзінде, олардың өн бойынан өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның тынысын аңғаруға болады.

Тіпті, бүгінгі күннің ащы мәселелері көтеріліп жатса да, ол шығарманың Тәуелсіздігіміздің нығаюына тигізетін әсері бар. Өнер мен әдебиет арқылы тәуелсіздікті қадірлеуге, нықтауға, бағалауға үндеудің маңызы зор. Осы ретте соңғы жылдары түсірілген «Мұстафа Шоқай» (реж. С.Нарымбетов, 2008), «Аманат» (реж.С.Нарымбетов, 2015), «Құнанбай» (реж.Д.Жолжақсынов, 2015) немесе ұлттық рухты жігерлендіруге тікелей бағытталған «Жаужүрек мың бала» сияқты

фильмдерді де айтуға болады. Яғни, тарихи оқиғалар мен жеке тұлғалар тағдырының өзі Тәуелсіздігімізді қадірлеуге үндейді.

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында отыз жылда еңсерген тарихымызға шолу жасады. Әрбір айтар ойын жеке-жеке бөлімге аз болса да айтар ойы салмақты, келелі ойларды халқына жеткізді деп ойлаймын.

«Таным мен тағылым» бөлімінде: Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді [1].

Сонымен қатар, тарихқа және ұлттық болмысты көрсететін кинолардың көптеп түсірілуін құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың тарапынан жұмыс жасалуын тапсырды. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеруін және олардың тәуелсіздік жолында ұлт мүддесі үшін халқына адал қызмет еткен дара жолдарын насихатталуына байланысты жұмыстардың жүзеге асуына барша болып атсалысуды ұсынды [1]. Тәуелсіздік бұрын тыйым салынған көптеген тақырыптарды экранға алып шығуға мүмкіндік берді. Осы отыз жыл ішінде Алаш қозғалысының қайраткерлері, 1930 жылдардағы ашаршылық, репрессия құрбандары, полигонның зардабы, Аралдың тартылуы, т.б. сияқты тақырыптарда көркемсуретті және деректі фильмдер көп түсірілді. Тіпті, тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында 1986 жылғы оқиға туралы бірнеше көркемсуретті фильмдер түсіріліп үлгерді. Құнанбай, Мұстафа Шоқай, Ермұхан Бекмаханов, т.б. сияқты тұлғалардың бейнесін экранға алып шығу кеңес үкіметі жылдары мүмкін емес еді.

«Кейкі мерген» дискурсының динамикалық сипаты оның өз көрермендерімен тығыз байланыста болғандығынан көрінеді және режиссер Мұрат Бидосовтың ұзақ жылдардан кейінгі өз туындыларының мәні мен маңызының жойылмауына алаңдауынан аңғарылады. 1916 жылғы Торғай даласында болған ұлт-азаттық көтерілістің батыры, атақты мерген Нұрмағанбет Көкембайұлы туралы телехикая көрермен жүрегінен орын алды деп ойлаймыз. «Кейкі батыр – ерлігімен халық жадында мәңгі қалған адам. Алайда, Кеңес үкіметі кезінде батырдың атын атауға тыйым салып, кейінгі ұрпаққа әйгілі мерген жайында мардымды мәлімет жете қойған жоқ. Мен Кейкі Көкембайұлы туралы 1963 жылдан бері зерттеп келе жатырмын. Оның көзін көрген адамдармен көп жылдар бойы бірге жүрдім. Сол арқылы бабамыздың ерлік істеріне әбден қанығып, «Кейкі батыр» деген кітабымды жазып шықтым. Оның өмірі мен өнері киноға сұранып-ақ тұр. Бұл телехикая аты айтып тұрғандай батырдың өмірі мен өрлігін әсіресе мергендік шеберлігін көрерменге көрсетпекші. Бүгінгі ұрпақты батыр бабасымен таныстыратын керемет туынды болады деген үмітім бар», - деді Арқалық қаласының құрметті азаматы, өлкетанушы Шөптібай Байділдин [2]. Оның айтуынша, ел арасында таралған «Амангелді көз мерген, Кейкі қол мерген» деген сөздің мәнісі - Амангелді қай нысананы да көздеп атып, көздегенін мүлт жібермеген мерген болса, Кейкі батыр кез келген нысананы жүгіріп келе жатып та, атпен шауып жүріп те шапшаң атып түсіре беретін болған. Оның жастайынан мылтық атуға әбден машықтанғаны соншалық, қандай қимыл үстінде болса да нысананы дәл көздейді екен. Бүгінде батырдың бейнесін толық ашып, осындай жұрт білмейтін қырларын таныту мақсатында көптеген еңбектер жазыла бастады.

Нұрмағанбет Көкембайұлының есімі туған халқының болмыс-бітімімен, тұнып тұрған тарихымен, рухани әлемімен тығыз байланысты. Оның өмірі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, өз халқына жасаған адал қызметі, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухты бейнелейтін тұлға десек артық айтпағанымыз. Әйгілі «қолмерген» жайында Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты тарихи романы және ақын Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны бар. Сонымен қатар, Ахметхан Байжан «Құлан Кейкі батыр» атты деректі хикаяттар жинағын, Әубәкір Қылышбайұлы «Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң» кітапшасын жарыққа шығарды.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындаушы лингвомәдени бірліктерді телехикая тілінен табуда кейбір қиындықтар туындауы мүмкін. Себебі кейбір сөздердің мазмұн межесінде, мағыналық құрамында лингвомәдени компоненттер ашық түрде кездесе, енді біреуінде мәдени ақпараттар мағыналарының тасасында қалады. Сондықтан сөз мағынасындағы көрінбейтін мәдени компоненттер образдар, эталондар, семалар, концептілер аялық білім арқылы ашылады.

Сонымен қатар телехикаяда қолданған тіліне тоқталып, оның қазіргі көрерменге мағынасы бұлыңғыр сөздердің ұғымына лексикографиялық интерпретация жасап отырғанын байқаймыз. Бұл көп телехикаяларда кездесе бермейтін жайт. Осы арқылы сөздің ішкі формасы ашылып, тасаланған мәдени ақпараттар алынады.

«Кейкі Мерген» телехикаясының сценарий авторы Сержан Зәкерұлы қолданған дәстүрлі дүниетанымдық лексика, мәдени лексика элементтері тіл мен ұлттың бірлігін көрсетеді, ұлт тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделген. Сценарий авторы әлемнің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан «ардакүрең», «тәлейі бар», «қарымта», «тамыр», «жанбағыш», «найсап», «түтін» ұғымдарының ұлттық мазмұнын беруде ұтымды әдістерді шебер пайдаланып отырған [3]. Мысалы:

- Жылқыдан қалағаныңды ал – деп Әбдіғаппар сөзін аяқтады
- Қолыңызды қайтармайын, анау – ардакүренді алайын, - дейді Кейкі батыр.(1-бөлім)
- Ұры мен қарақшыда ес болушы ма еді? –деді Кейкі
- Саған қарыздармын – деп Мәрия жымияды.
- Сені қарыздар болсын деп құтқарған жоқпын. Тәлейің бар екен. (1-бөлім)
- Кейкі, тоқта! Мынау өзім ұстаған қару еді. Тамыр болайық! Менен саған бір естелік болсын – деп, көпес Степан Березин Кейкіге ұсынады (1-бөлім)

- Темірен, сен маған алыс емес жанбағыш үшін Шымырбайға қызмет етіп жүргеніңді білемін. Шымырбайға мына айғырды Кейкі мініп жүр екен деп сәлем айт. (1-бөлім)
- Әкенді ұрайын! Өңкей найсаптар! – деп Шымырбай ашуланады.
- Кейбір маған қарайтын түтіннің игі жақсыларыбізге жеңілдік бола ма екен деп табалдырығымды тоздырды – деп Шымырбай түсіндіреді.

Автор дүниенің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан «қорқаулық», «жотама таспа іледі», «тулақ», «шолғыншы», «қандауыр» тәрізді ұғымдардың ұлттық мазмұнын ашып көрсетеді. Бұл жерде автордың адресатқа логикалық-танымдық мағлұмат беріп отырғанын көруге болады. «Біреудің дүниесіне сұраусыз қол сұғу – қорқаулық», «Шымырбай қоярда қоймай жұмсап еді. Айғырдың басын кесіп алып кел деген. Жануарға жаным ашып, не істерімді білмей әрі-сәре болып тұрмын. Құр барсам, Шымырбай жотама таспа іледі», «Басқа бір тулақ болса, сені шақырмас едім – дейді Әбдіғаппар, - Бір амалын қарастыр – Жердің астына кіріп кетпесе табармыз – деп Аманкелді Иманов жауап береді», «Осы Кейкі сияқты соғысқа барса құйрығын ұстатпас нағыз шолғыншы болар еді – дейді М.Дулатов», «Сес көрсету қара күшке салумен көрінбейді. Сыздаған бітеу жараның түбі бір жарылары анық. – Сол жараны қандауырмен тіліп тастайтын уақыт жетті». Сондай-ақ ұлт дүниетанымында сол кезде бар, қазір өркениет әсерінен өзгеріске ұшыраған немесе жойылып кеткен әдет-ғұрыптар жайлы деректер беріліп, олар жан-жақты суреттелген. Мысалы, құдаласу, асарлату, жеңгелік жасау, ұрын бару, алып қашу, қайғыны естірту.

Қазіргі таңда қолданылатын кәсіп атауларының кейбірінің бұрын болмағанын немесе ертедегі кәсіп атауларының қазір көбіне кездеспейтінін еске алсақ, тіл мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастың кәсіп атауларын білдіретін лексиканың пайда болуы немесе жоғалып кетуіне әсерін тигізетінін көруімізге болады.

Мерген, қарақшы, аңшы, барымташы, тіс қаққан ұры, жалшылық, т.б. лингвокультуремалары жаугершілік заманнан мағлұмат берсе, ат баптар, ұста, саятшылық, айыл тұрман, т.б. лингвомәдениеттанымдық бірліктер мал шарушылығымен айналысқан ұлтқа тән кәсіп атауларын білдіреді.

Көшпенді өмір кешкен ұлттың біртіндеп жартылай отырықшылыққа ауыса бастағанын ояз, ауылнай, болыс, көпес, егінші, жүкші, пішенші, саудагер, күзетші, шаруа тәрізді лингвокультуремалардан байқауға болады. Сол сияқты жәрмеңке, губернатор, империализм, көпес, дуан, закон, телеграмма, станция кірме сөздер өркениеттік өзгерістерді көрсететін маркерлі бірліктер.

Соғыстың салмағы далаға да өз септігін тигізді. Саяси терминдер өте көп: Сібір жарғысы, Жихан соғысы, құрылтай және т.б. Бүгінгі таңда білімнің, ғылымның көкжиегі – орыс тілі. Сондықтан бұл тілді біліп, үйреніп, өз мақсаттарына қолдана білгендерің абзал (Мұғалімнің оқушыларға айтқан сөзі). Малдың құнсызданғанынан, болыстың ауысқаны жаман. Айдағанға көнбейтін көшбасшыдан гөрі, айтаққа еретін адам іздегені шығар (Кейкі батырдың сөзі). ...Бұл жолы ара түсіп мал берерміз, ал келесі жолы бүкіл қазақ тақырға отырғанда немізді береміз? Жан береміз! Бұл тұрлаусыз тірліктің түбі соған әкеліп соғады (Әбдіғаппар болыстың сөзі). Тізгінді тартып ұстасаң, шу асаудың өзі айтқанына көнеді. Халық сол сияқты, солқылдақ шыбық сияқты. Оны бұлк еткізбей, айрандай ұйытып ұстау керек (Имамның сөзі)

Фильмде көркемдік уақыт және кеңістіктің барлық формалары өзара біріне-бірі ауысып отырады. Уақыт – «патша жарлығының» халыққа тигізіп отырған зияны, әрбір салықты белгілеп қарапайым халыққа зардап шеккізіп, ішкі ширығу арқылы оқиға динамикасының берілу сәттерінде уақыт өте маңызды рөл атқарады.

Сол кездегі зұлмат соғыстың көрінісі, орыстандыру саясаты, аяусыз қазақтарды жаулап алу саясаты, шұрайлы жерді тартып алу, қазақты біріне бірін арандату, қазақ ішінен шыққан көзі ашықтарды халыққа айдап салу және т.б. әлеуметтік сипаттарды толық бере алатын көркем туынды ретінде қарауымыз керек. Бұл көркем шығарма емес, қазақ тарихының шындық бейнесі көрсетілген туынды. Тарихтағы ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошағы Торғай облысының батырлары, болыстары және қазақ зиялыларының барлық әрекеттерін кино әлемінен көре аламыз. Мәселен, Кейкі мерген, Аманкелді Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынов, ал Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық бағыттағы зиялылар халықты өкіметке қарсы шықпауға, жарлықты орындауға үгіттеді [4, 51]. Әліби Жангелдиннің

сатқын бейнесін айқын көруге болады. Сол кездегі барлық салықтың түрі аталады. Мысалы, әскери салық, түтін салық, земство салығы, болыс салығы.

Әлемнің кез келген классикалық шығармасын алып қараңыз, қандай жанрда, қандай стильде түсірілмесін, оның астарынан суреткер өмір сүрген қоғамның, жалпы адам болмысының шынайы келбетін көреміз [5,81]. Сол себепті «Кейкі мерген» фильмі де өзінің көркемдік шындығымен құнды деп ойлаймыз. Шығарма – қазақ халқының қайғы-қасіретке толы күресін баяндайтын реалистік туынды. Мұрат Бидосов осы киносында халқын сүйген Кейкі, Шұбар, Аманкелді батыр, Әбдіғаппар болыс, Темірен сияқты патриоттардың іс қимылдары мен жанқиярлық істері арқылы өз заманының шындығын көрсетеді.

Дүние бейнесінің кеңістік, уақыттық, мөлшерлік, өлшемдік және басқа да параметрлердің көмегімен айқындалатыны аян. Оның қалыптасуына тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, табиғат, тұрмыс пен шаруашылық жағдайлары және басқа да әлеуметтік факторлар әсер етеді. Мысалы, Ол өзі саяқ жүрген мал еді ұстата қояр ма екен?; Ымырт түскенді күтейік, мына түрімізбен барғанша, той тарқайтын болды; Таң атпай сен қыз мазаны алып, шошынғаннан саумысың?! Мұрныңның ұшындағыны көре бермей, алысқа да қарасайшы».

Ұлттық мәдениетімізді, ұлттық дүниетанымымыз бен таным-талғамымызды айқынырақ танытатын ым-ишараттар бұл телехикаяда молынан ұшырасады. Әйтсе де, ұлтымыздың қайталанбас қасиеттерін білдіретін қайсыбір кинемалардың кей жағдайда әйел мен ер кісіге, үлкен-кіші қауымға ортақ болатынын да ескерген жөн. Мысалы, ер азаматтардың аттан түсіп сәлем беруі, үйге кірерде бас киімін шешіп кіруі, амандық білдіргенде қол алысу. Коммуниканттар көптен бері бірін-бірі көрмеген жағдайда көңіл-күйі мен ағынышын білдіру үшін дене қимылдарынан – құшақтасу және төс қағыстыру кинемаларын қолданады.

Қазақ кино әлемінде жанрлық фильмдердің бірқатары тарихи тұлғалардың өмірбаянына негізделген. «Кейкі мерген» фильмі де тарихи тұлғаны барлық қырынан ашады. Фильмдегі кейіпкерлердің бейнесі бірін-бірі қайталамайды, олардың болмысында, мінез-құлқында, дүниетанымында ұлттық ерекшеліктерді көптеп кездестіреді. Мәселен,

әр кейіпкер тілінде көрініс тапқан мысалдарға тоқталсақ. Ат құйрығын кесіп кету; Үйірінен безген саяқтай сопайып жалғыз келіпсің; екі асап екі бүйірін томпайтпақ екен, Шымырбай тісін қайрап отыр, Сіздің етегіңізден ұстап өмірлік жар болуға мен дайынмын; Сүйекке таңба салдыңдар; Алдарыңыздан өтіп ат-шапан айыбымды төлеймін, Өкпеге қисақ та, өлімге қимайтын бауырмыз; Ат құйрығын кесіп кетіп пе едім; Жарым жолға жетпей жалт береріңді білсемші; Ауыздарын қу шөппен сүртіп отырған жоқ; Көмейіне құм толмай арыны басылмас.

Фильмнің кейіпкерлерінің тілінде бір сыңарының мағынасы күңгірттенген, бірақ бірінші сыңарымен синонимдес болып келетін қосарлама қос сөздер де кездеседі. Мысалы, тәтті-тәрмек, қатын-қалаш.

Қазақ қауымының өзінің төл этникалық территориясымен бірегейлені туралы Н.Әлімбаев әрі қарай былай ой өрбітеді: «Освященные традицией (Балхаш, Іле, Қаратал, ұлы Сарыарқа т.б.), эти объекты – киелі – вкупе с соответствующим ритуально-обрядовым комплексом мотивируют коллективную привязанность общинников к данно территории, следовательно, являются весьма эффективным институциональным средством географической самоидентификации [6,13]. Осы мәселеге қатысты А. Жартыбаев Орталық Қазақстандағы XIX ғ. Қалыптасқан топонимдік жүйені саралай келіп, мынадай ой айтады: «Қазақ революциясына дейінгі ойконимдер негізінен ру басы, ауыл иесі есімдеріне сәйкес аталып отырғанын айқын байқаймыз [7,54]. Мысалы, Торғай даласы, Жыланшық, Кейкінің үңгірі, Сәлімгерейдің жайлауы, Шымырбайдың ауылы, Тұйықсай және т.б. атауларды фильмде айқын аңғарылады. Бұл қазақ топонимиясында Қазан төңкерісіне дейін орын алған дәстүрлі топонимдік номинацияның уәжділік сипаты, құрылымдық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық, грамматикалық модельдері халқымыздың этногенезі, жүріп өткен жолы мен уақыты.

Сонымен қатар шығарманың көркемдік құрылымында фольклордың элементтері жиі кездеседі. Ал, ұлы Абайдан бастау алатын жаңа жазба әдебиет фольклорға саналы түрде барды, оған қажетті дәрежеде арқа сүйеді. Бұл жерде біз фольклордағы сөздер мен тіркестер, сюжеттер мен кейіпкерлер, жекелеген жанрлар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар кино тілінде емін-еркін жүретіндішіг айтып отырмыз. Олардың біразы табиғи түрде жүрсе, кейбіреуі мақсатты түрде қолданылған.

Кино ішінде орайы келген сәттерде қазақ шешендік өнерінің көріністерін айқын көре аласыз. Аталы сөз, нақыл сөз, мақал-мәтел деген тұнып тұр. «Қиырға барып атан болғанша, өз жерімде жүріп бура болғаным артық», «Жақсының жаттығы жоқ», «Сөзсертпен тең», «Адамның күні адаммен». «Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуушы ме еді», «Ер жігіттің ішіне ер-тоқымды ат сияр», «Бөрі азығы, Тәңір ырыздығы», «Жалғыздық тек Аллаға ғана жарасқан», «Сауда сақал сипағанша», «Атан көтерген жүкті, нар көтере алмайды, «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты», «Өлімді жерде молда семіреді».

Қазақтың халық поэзиясы мен көркем әдебиетінің шын мәніндегі алғашқы шығармашылық тоғысуы Абай поэзиясынан айқын көрінеді. «Кейкі батыр» кейіпкерлерінің тілінде Абай тілі жиі ұшырасады. Мәселен, Тесік моншақ жерде қалмас; Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап және т.б.

«Молдеке, шайтанды аластасаң, періште нәпақасыз қалмай ма? – Астағфиралла, сен қарақшыға жақсасып халықты Хақ жолынан тайдырма! – Халық хақ жолынан таймаған, жазықсыздың жанын алып дарға асу бұл далада болмаған пәтуа. Шарифат пен дала заңын шатастырма. Құдай берген жанды Құдай ғана ала алады» қазақ діні мен дінінде жазылмаған дәстүрлердің толық көрініс табуы – дініміз ислам екендігін және ол қазақтың дәстрімен етене араласқандығын көрсетеді. Дала заңы мен шарифат заңын кино туындыда берілуі дұрыс деп ойлаймыз. Ал пышақтың қырымен тұрып қалуы, айға қарап дұға тілеу секілді ырым-тиымдардың болуы да заңдылық. Себебі тарихымыз дін мен ділге берік ұстанған халық екендігімізді көрсетеді.

Режиссер Мұрат Бидосовтың шығармасы азаттық күресінің үні болғандықтан, кино лексикасында қару-жарақтардың барынша кең қамтылуы – заңды құбылыс. Мәселен, жалаң шоқпар, зеңбірек, садақ, қорамсақ, қылыш, жебе, мылтық. Жалпы қару-жарақтар – ұлттық мәдениеттің көрсеткішінің бір бөлшегі. Сондықтан кино туынды лексикасындағы әлеуметтік жіктелістер, ұрыс-соғысқа байланысты жауынгерлік лексиканың жиі кездесу заңды.

«Атқа салдым ерімді, Бермедім жауға жерімді, Аттым мылтық бесатар Дұшпанды қырдым көп қатар. Қанша дұшпан қырсам да, Қияметте

таң атар, Ақжан сұлу ерді ғой. Құдай маған берді ғой. Үш жыл бұрын көрген түс Айнымай бүгін келді ғой. Тістеумен өттім тілімді Бермедім жауға елімді Ел ішінен жау шығып, Сындырдың Алла белімді» деп рух кейпінде сөйлеген Кейкі мергеннің сөзін толық нұсқасын келдірдік. Бұл режиссер Мұрат Бидосовтың кесектігін айқын дәлелдейді. Бұл, әрине, Кейкі батырдың таргедиясы болатын.

Режиссер Кейкі мергеннің ұстанған тұлғалық, батырлық, азаматтық қағидасының барлық көріністерін фильмде анық бейнелейді. Себебі дәл осы фильмде ол суреткер ретінде нағыз күрескерлік мінез танытады. Мұнда да кеңестік идеологияның жеңіс табуымен аяқталса да, сол идеологияға ұлттық дүниетанымды, ұлттық болмысты қаймықпай қарсы қояды. Фильм сыртқы идеологияның әсерімен халықтың өмір сүру салтындағы, дүниетанымындағы тағы бір өзгерістердің басталу кезеңін бейнелейді.

Шын мәнінде, «Кейкі мерген» фильмі – өте мұңды шығарма. Бұл сол кезеңдегі қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңнің бір көрінісі ғана. Тіпті кең далада түсірілген тау мен даланың өзі кейіпкердің өміріндегі аса бір қымбат дүниемен қоштасып тұрғандай әсер қалдырады. Кейкі Көкембайұлының өліміне ел ішінен шыққан сатқындар кінәлі. Оның жерленген жерін, яғни сүйегін даланың көк бөрісіне дейін қорғаштайды.

Киноның күші де, әлсіздігі де тілінде көрініс береді. Сахна тілі тұжырымды әрі қысқа, көздеген жеріне дөп тиетін анық та әсерлі болуы шарт. Кино әлемі автор, режиссер, кейіпкер жұмыла қатысқанда нәтижесін беретін күрделі жанр.

«Кейкі мерген» киносында пафосқа толы ажарлаулар, әр сөздің астарындағы ұлан-ғайыр құбылтулар, айшықталулар, ауысулар бәрі – әр қаһарманның сөзін де, өзін де даралап көрсететін әрекеттер болып табылады. Ұлтымыздың сөз байлығы деген ұшан теңіз. Мәселен, Ассу дайындау; Бас сауғалау; Мінгесеміз; Ояздың солдаттары тепеңдеп күнде келеді; Қарымтасын беру; Қолды болып жүрмесін. Көзбен шолып, жүрекпен көздеу керек, Қараша халық ұйыса ол бір алып күш. Ол күштің күретамырына бай-болыстарды араластырмай қан жүгірте алмаймыз. Әр кейіпкер тілінде ұлттық бояуы қанық тіл байлығымен ерекшеленеді.

Баршамызға белгілі бұл киноның артар жүгі ауыр. Мұндағы өмірді образдар, тарихи оқиғалар арқылы әсерлі суреттейді. «Кейкі мерген» кино туындысы батырлық символ ретінде Кейкі Көкембайұлы мен Аманкелді Иманұлының батыр образдары шебер сомдалған. Патшаның отаршылдық қанауына қарсы халықтық стихиялық толқуын, еркіндікке ұмтылуын, патриоттық рухтың кең қуатын «Кейкі мерген» киносы арқылы терең танимыз, тарих таразысына үңілеміз.

Режиссер Мұрат Бидосов елін, жерін сүйген патриоттардың философиялық толғаныс – тебіреністерін баяндау арқылы заман тынысын, ер тарихын танытады. Киноның жастарды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат//KazInform сайты. –Астана, 2021 жылдың 5 қаңтары.
2. https://www.inform.kz/kz/keyki-mergen-teleserialy-tauelsizdik-kuni-merekesinde-koremge-zhol-tartpak_a3288878
3. «Кейкі мерген» <https://www.youtube.com/watch?v=Jy1zwI9n6ds>
4. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.
5. Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. Зерттеулер, мақалалар жинағы. – Астана, 2017. -451б
6. Алимбаев Н.О. О механизмах реализации отношений собственности в кочевом обществе//Маргуланские чтения. Сборник материалов конференции. Алма-Ата, 1992. С.13-19
7. Рысбергген Қ.К. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы, 2011. -328 б